ИОЛ: жол. Сапарды да: «يُولُ jol: иол – жол» дейді. «أَنكَرَ يُولُ جَفْتِي» Анағ jol шықты: Анағ иол шықты - Оған жол шықты». Яғни, ол сапарға шығатын болды. Бұл адам аяқ астынан сапарға шықпақ болып қалғанда айтылады.

يُولُ JUL

ИУЛ: бұлақ; қайнар. Бұлақ көзі.

يِيْلُ JEL

ИЕЛ: самал, жел.

يِيْلُ JEL

ИЕЛ: жын.

«أَرَّ يِيْلِيْنْدِي» Erjelpindi: Ер иелпінді - Адамға жын тиді*; Адамға жел тиді».

يِيْمُ JEM

ИЕМ: жем. (Азык, жейтін нәрсе – А.Е.)

«كَلْدَرُ يِيْمُ» Jem keldүг: Ием келдүр - Жем әкелдір».

يُونُ JUN

ИҮН: «قُشُ يُونُ» Jun қиш: Иүн құш – Тауыс; Тауыс құсы». «يُونُ أَرِقُ» Jon ағык - Ион арык: Баласағұнға жақын жайлаудың атауы».

يِيْنُ JEN

ИЕН: иін.** Адамның денесі, еті.

* Қазіргі қазақ тіліндегі «желпіндінің» кекесінді мәні осында жатқандай. А.Е.

** «Jin: I. Тело, плоть... II. часть тела... III. Покров тела ...» (ДТС., Стр. 261).

فَعْلُ ФӨӨЛ ТҮРІНДЕГІ БАС ЖӘНЕ ОРТАҢҒЫ ӨРШТЕРІ ХАРАКАТТЫ «و - ي» ӨРПІМЕН* КЕЛЕТІН СӨЗДЕР БӨЛІМІ

تَابُ TAP

ТАП: терідегі жара, не таяқ табы.

«تَابُ أَرْدِي» Ol any tap tap urdy: Ол аны тап-тап ұрды - Ол оны жан-жағынан тез-тез ұрды).
(Топырлатып, тап-тап ұрды. А.Е.)

سَابُ SAP

САП: саб. Қылыш, яки пышақтың сабы.

Мақалда былай деп келген: «أَغْلَانُ أَيَشِي أَيَش»
«بُلْمَاسُ مَنكُزِي سَابُ بُلْمَاسُ» Oflan
ышы ыш bolmas oғлақ мүңзи sap bolmas:

Оғлан ышы ыш болмас оғлақ мүңзи сап болмас
- Баланың ісі іс болмас, лақ мүйізі сап болмас».

سَابُ SAP

САП: кезек**. Сөзге берілетін жауаптың сәті,
кезегі. Үн тартып, жер суарғандағы іс сәті, ке-
зегі жайында да осылай дейді. «أَلُّ سَوْزُكَالِي»

«سَابُ بَيْرِمَاسُ» Ol sөzgelі sap bermes: Ол сөзгелі***

* Бұл бөлімде «و - ي» өрпімен келмеген сөздер де баршылық. «فَعْلُ» Фөөл үлгісіне үйлесе кетпейтіндері де кездеседі. Көшіргенде ме, баскадай себеппен бе осындай өркелкілік байқалады.

** Қазақ тіліндегі «сөзге қонақ бермеді» деген мағынадағы тіркеске де сәйкес келеді.

*** Екі нұсқада да «سَوْزُكَالِي» sөzgelі: сөзгелі» деп жазылған. Б.Аталай талдауынша бұл жерде «-li/-лі» артық. Сондай-ақ, «كَالِي»-geli/-гелі» алдындағы етістік тауындататын «y -le/-ле» қосымшасы болып, түсіп қалуы мүмкін. Ондайда «سَوْزُكَالِي» sөzlegeli: сөз-легелі - сөйлегенде» болар еді.

сап бермес - Ол сөйлегенде кезек бермес». Ұн тартқанда, тағы басқа істер істегенде қолданылатын: «سَنِكَ سَابْ كَلْدِي Seniң sap keldi: Сенің сап келді - Сенің кезегің келді» дегендер осыдан шыққан.

شَابْ ШАР

ШАП: шап.

«شَابْ شَابْ Шар-шар: Шап-шап - Шап-шап;

شاқ-шақ». «أَنْ أُنِي شَابْ شَابْ بِيُنَلْدِي Ol аны шар шар bojunladı: Ол аны шап шап бойұнлады - Ол оны шап-шап мойындады; Ол оны мойнынан шап-шап ұрды». Демек, шапалақтады.

«أَنْ قَاغُونُغْ شَابْ شَابْ يِيْدِي Ol қағунұғ шар шар jedi: Ол қағунұғ шап шап иеді - Ол қауынды шап-шап жеді». Шабдалы, тағы сондай сөлді, шырынды нәрселерді шап-шап еткізіп жегенде де осы сөз қолданылады. Бұл сөз арабшадағы «الشَّيْب» сөзіне ұқсас. Жемістің дәмін алып, тамсағанда шыққан дыбыстан туған сөз.

«أَنْ قَاغُونُغْ شَابْ شَابْ يِيْدِي Ol қағунұғ шар шар jedi: Ол қағунұғ шап шап иеді - Ол қауынды шап-шап жеді». Шабдалы, тағы сондай сөлді, шырынды нәрселерді шап-шап еткізіп жегенде де осы сөз қолданылады. Бұл сөз арабшадағы «الشَّيْب» сөзіне ұқсас. Жемістің дәмін алып, тамсағанда шыққан дыбыстан туған сөз.

قَابْ ҚАР

ҚАП: торсық; саба.

قَابْ ҚАР

ҚАП: қап. Ыдыс.

Бірдеңенің қабын, сыртқы қабатын (орап қойған) «قَابْ қар: қап-қап» дейді. Бұл арабшадағы «الْفَرَسُ» сөзіне ұқсайды. Негізінде «мойнына ұру, мойнын бұру» мағынасындағы осы сөз, кейін әртүрлі (жылқы, малды) өлтіру мәнінде де қолданылып кеткен.

قَابْ ҚАР

ҚАП: қап. Ана құрсағында оралып тұрған қап.

Егер бала сол қабымен туса, бақытты деп есептеледі. Оны: «اُغْلُ قَابِلَغْ» қарлығ оғұл: қаплығ оғұл - қапты бала» деп атайды*.

قَابُ ҚАР

ҚАП: (туған, туысқан мәнінде). Жакын, туысқан «اِنْ مَنِكَ بَرَلَا اَبَا قَابُ اِنْ» Ol menin birle uja qar ol: Ол менің бірле ұйа қап ол - Ол менімен бір құрсақтан туғандай жақын ол».

جَاتُ ЧАТ

ЧАТ: құдық. (Оғызша).

قَابُ ҚАТ

ҚАТ: кат. Тікенді бір ағаштың жемісі.

«اَفَلغُو قَاتِي» Afylgu qaty: Афылғу** қаты - Афылғу ағашының жемісі». «سِنَجَان قَاتِي» Sincjan qaty: Сынчған қаты: Сынчған қаты - Тікенді ағаш жемісі. Қаракат, қызылқат». Оны сығып қатыққа қосады. Өң түсі үшін тұтмашқа қосады. Иемек, қыпшақ, қай, татар, жұмыл жұрттарының тілінде ағаш жемістерінің бәрін «قَابُ қат: кат» дейді.

سَاجُ САЧ

САЧ: таба.

قَاذُ ҚАЗ

ҚАДЗ: адамды өлтіретін боран.

«قَاذُ بَلْدِي» Qaz boldy: Қаз болды – Боран болды» деген сөз осыдан шыққан. Бұл тауларда қысы, жазы бірдей болса, далалы жазық жерлерде қыста болады.

Жырда былай деп келген:

* Жейдесімен туды деген ұғым. А. Е.

** «Афылғу қаты: плоды дерева из семейства буковых (чинар?), сок которых употребляют как приправу к кушаньям, кору употребляют в качестве лекарства от болезней глаз и как краску для тканей. (М.К. 508/6» (ДТС., стр.16).

كَلَدِي اَسْنِ اسْنِيُو
 قَاذِقَا تُكَلُّ اسْنِيُو
 كِرْدِي بَدُن قَسْنِيُو
 قَرَا بُلُت كُكْرَشُورُ

*Keldi esin esnejy
 Қазқа түгел үсnejy
 Kirdi bozun қасnaji
 Қара bulыт көkreшүр:*

*Keldi esin esneiy
 Қадзқа түгел үснеiy
 Kirdi bodзун қаснаiy
 Қара бұлыт көkreшүр –*

*Keldi желі желдетip,
 Боранға тұтас меңзетip,
 Халық кетті тітіреp,
 Қара бұлыт күркiреp».*

(Жел соғып, желпілдетіп келді; Қатты кара боранға ұқсап кетті; Халық тітіреп, қалтырасып, Қара бұлыт күркіреді).

بَارُ BAR

BAR: бар. Бірдеңенің бір жерде бар екендігін білдіретін сөз. «سَندَا يَرْمَاقُ بَارْمُو» Sende jarmaq bar tu: Сенде иармақ бар мұ - Сенде акша бар ма?» деп сұраса, екінші біреу: «بارُ bar: бар» - деп жауап береді. Бұл, арабшадағы «لَيْسَ» сөзіне, түрікшедегі «جُوقُ yok: иок - жоқ» сөзіне қарама-қарсы мағынадағы сөз. (Антоним. — А.Е.)

بار	BAR	БАР: بَار يَكْدَا Barjigde: Бар иігде - Нән жиде».
تار	TAR	ТАР: тар. Тар нәрсе. «تار اف» Tar ev: Тар еб - Тар үй». Басқаларға да сондай.
تار	TAR	ТАР: сал. (Шағын өзендерде пайдаланылатын сал қайық). Бірнеше саба - торсыққа жел толтырылып аузы буылып, байланады. Содан кейін, олардың бірнешеуі біріне-бірі байланып біріктіріледі. Оның үстіне күркеге ұксас бір калка орнатылады. Содан соң, оның үстіне отырып судан өтеді. Оны қамыс пен шиден де жасайды. (Йабакы және татар тілдерінде).
تار	TAR	ТАР: майдың тортасы. Май ерітіп алынғаннан кейін, қазанның түбінде шөгіп қалған май қалдығы.
تار	TER	ТЕР: істің тері; іс ақысы. Істің ақысы үшін берілетін пұл. Осыдан шығарып іс істеушіні «ترجی» tergші: терші - терші» дейді.
ترجی	TERШИ	ТЕРШИ: тер*.
چار	ЧАР	ЧАР: چار چارمق Чар чармак - чар чармак: бала-шаға».
قار	ҚАР	ҚАР: қар.

* Баспа, жазба нұсқаларында бірдей «ترجی» tergші: терші» деп жазылған. Ол кате. Дұрысы: «تر» ter: тер».

باز	BAZ	BAЗ: ғаріп; жат. «يات باز ياذلدى» Jat baz jazылды: Иат баз иазылды - Жат айрылысты; жат адамдар ажы- расты».
تاز	TAZ	ТАЗ: таз. Айна таз.
تاز	TAZ	ТАЗ: «تاز ات» Taz at: Таз ат - Алашұбар ат».
تاز	TAZ	ТАЗ: «تاز قوي» Taz koj: Таз кой - Тоқал кой». (Мүйізі жоқ кой. — А.Е.)
تاز	TAZ	ТАЗ: «تاز يير» Taz jer: Таз иер - Өсімдік шөптері аз өсетін, тықыр жер». Мақалда былай деп кел- ген: «تاز ات تافارشى بولماس» Taz at tafarшы bol- mas: Таз ат тафаршы болмас - Алашұбар ат жүк тартпас; Шұбар ат жүк тасып болмас». Өйтке- ні, оның тұяқтары нашар болады.*
قاز	QAZ	ҚАЗ: қаз.
قاز	QAZ	ҚАЗ: Афрасиабтың қызының аты. «قازوين» Qazwyn: Қазвын» қаласын сол жасатқ- ан. Бұл сөздің өуелгі мәні: «قاز ابنى» Qaz oпы: Қаз ойны - Қаз ойыны» болады. Өйткені, қызы сол жерде тұратын, сол жерде ойнайтын. Сол үшін де қайбір түріктер «قازوين» Qazwyn: Қаз- вын» шахарын түрк елі шекараларының бірі деп

* Бұл мақал алдыңғы «تاز ات» taz at: таз ат» сөзіне лайықты мысал болса керек еді.

санайды. «قۇم» Qum: Құм» қаласын да шекара деп есептейді. Өйткені «قۇم» Qum: құм» түрк сөзі. Афрасиабтың қызы бұл жерде ау құрып, ойын ойнаған. Кейбіреулер «مرو والشاهجان» Marwash шахижан: Марваш шахижан» түрк шекарасы екендігін айтады. Өйткені, қыздың атасы «تونا ايرغ: Тоңа алп ер - Тоңа алып ер» сол Афрасиабтың өзі. Афрасиаб «طَمُورَثْ» tamxures: тамхүрес» тен үш жүз жылдан соң «مرو» Merw: Мерв - Мерв» қаласын салдырған. Кейбіреулер бүкіл «ماوارا النهر» Mawarannehr – Мавераннехр - Мауереннехр» ді түрк елі деп есептеген. Ол «يَنكَنَدْ» Jenkend: Иенкенд – Иенкендтен» басталады. Оның тағы бір аталуы «دز روين» Dizrujin: Дізруйин – Мыс қала (Бақыр қала)» деп аталады. Оның сарылығына, беріктігіне қарап осылай (Бақыр қала) деп кеткен. Ол «بخارا» Buxara: Бұхара – Бұқара» ға жақын. Бұл жерде Афасиабтың қызы Қаздың ері «سياوش» Sijawush: Сйиавұш - Сиавұш» өлтірілген. Отқа табынушылар - мәжүсшілер – жыл сайын бір күн осы жерге келіп «سياوش» Sijawush: Сйиавұш» өлген жайда жылап-сықтайды, жоқтасады. Құрбандық шалады. Құрбан малдың қанын оның мазарының төбесіне (қабірдің басына – А.Е.) төгеді. Бұл олардың әдеті, дәстү-

рі.Күллі «^١ماوارالنهر» Mawerannehr: Маверан-нехр – Мавереннехр», «^١جَنكَنَدَ» Jenkend: Иенкенд» тен шығысқа дейінгі жерлердің бәрі Түрк өлкесі деудің дәлелі мынадай: «^١سَمَرْقَنْدَ» Semerkand: Семерканд – Самарканд», «^١سَمِزْكَندَ» Semizkend: Семізкенд – Семізкент» аталады.

«^١شاش» Шаш: Шаш - Шаш», «^١تَشْكَنْدَ» Tashkend - Ташкенд – Ташкент» деп аталады. Сондай-ақ, «^١اَوْزْكَندَ» Özkend-Өзкенд – Өзкент», «^١تۈنْكَندَ» Tۈnkend: Түнкенд – Түнкент» деген қала аттары да бар. Бұл қалалардың барлығының аталуы түркше. Түрк тіліндегі «қала» мағынасындағы «^١كَنْدَ» kend: кенд - кент» сөзін қосу арқылы жасалған.Түрктер бұл қалаларды салдырған және өздері осындай аттар қойған. Бұл атаулар қазірге дейін қолданылады. Бұл жерлерде парсылар көбейгеннен кейінгі уақытта, олар Ажем шахарларына ұқсап қалған. Қазір бүтін Түрк қалаларының шекарасы «^١ابِسْكَونَ» Abisgun: Абісғұн (Каспий)– Абысғұн» теңізін айналып, Рүм өлкесінен және «^١اَوْزْچَنْدَ» Özchend: Өзченд - Өзчент» тен Шынға дейін созылады. Ұзындығы бес мың фарсах, ені үш мың фарсах; барлығы сегіз мың фарсах.

«^١قاز سۈڧى» KAZSUVY ҚАЗСУВЫ: «^١ايللا» Үла: Үла-Іле» өзеніне құятын үлкен бір өзеннің аталуы. Олай аталуының себебі: Афрасибтың қызы оның бойында қала салдырған. Сөйтіп, бұл атау соның атымен аталған.

قاز ҚАЗ

ҚАЗ: кез келген ағаштың қабығы.

Мақалда былай деп келген: «قازنىڭ قاسنىڭ»
 Қазың қазыңа: Қадзың қасыңа - Қайың қаттылығымен»*. «ز - з» әрпі «س - с» әрпіне ауысып түскен. Өйткені «з - з» әрпі әуелі сөзде өзінің сипатына ие болып қалғандықтан, өзінен кейін «с - с» әрпі келген келесі сөзде «з - з» әрпіне орын қалмаған. «з - з» әрпінің «с - с» әрпіне алмасуы араб тілінде де бар, Мысалы: «بوزى و بوصى، لىزق و لىصق، بزاق و بصاق» деген секілді.

باش ВАШ

БАШ: бас.

باش ВАШ

БАШ: жара; жарақат.

Мақалда былай деп келген: «كەنى بىر كەيك نىڭ»
 كۆزىندا آذن باشى يوق Kөni baғыг кейікнің көzінде азып башы жоқ: Көні барып кейікнің көзінде адзын башы жоқ - Тура кеткен киіктің көзінен басқа жарасы жоқ; яғни, жан-жағына қарамай тура қашқан киіктің көзінен басқа жарасы жоқ». Шын мәнінде көзі жара емес дегенді білдірмекші. Бұл мақал ауыр, күрделі іске ұшырап, әркімнің жаласына, кесірлі сөзіне қалған адамға мегзеп айтылады.

تاش ТАШ

ТАШ: тас.

تاش ТАШ

ТАШ: тыс, сырт.

* «Қайың қабығымен» деген мағына жөн. Әйтсе де араб тіліндегі мәтін мәні сақталды.

تاش تون: Таш ton: Таш тон - Тыс тон; сырт-
тан, басқа киімдердің үстінен киілетін тон».

تاش يير TASH JER TASH IEP: тыс; кеңістік, кең жер; бос жер.
Дала.

ساش SASH САШ: үркек.

ساش ات Sash at: Саш ат - Үркек ат».

قاش QASH ҚАШ: қас. Көздің үстіндегі қас.

قاش QASH ҚАШ: қаш тасы. Ақ, не қара түсті мөлдір тас*.
Оның ақ түстісін найзағайдан, тіл-көзден, жа-
сын түскеннен сақтану үшін жүзікке көз етіп
тағады.

قاش اگوز QASH ÖGYZ ҚАШ ÖGÜZ: ختن Xotan: Хотан» қала-
сының екі жағынан ағатын екі өзен. Бірін –
«ارنك قاش اگوز» Үгүн қаш өгүз: Үрүн қаш
өгүз – Ақ тас өзен» деп атайды. Сол жерде таза
мөлдір ақ тас болғандықтан, өзенге де сондай
ат берілген.

Екіншісі – «قرا قاش اگوز» Қара қаш өгүз: Қара
қаш өгүз – Қара тас өзен» деп аталады. Ол жер-
ден таза қара тас шығады. Бұл тастар бүкіл дү-
ниеде тек осы жерде ғана болады.

قاش QASH ҚАШ: қас; қабақ, жарқабақ. Бірдененің шеті,
жиегі, жарқабағы. «يار قاشی» Яар қашы: Иар
қашы – Жар қабағы (Жарқабақ)».
Басқалары да осындай.

* «Қаш: III. Минерал нефрит. (МК. III. 152)» (ДТС., Стр. 431).

- باغ BAF BAF: бау.
 باغ BAF BAF: бау, байлам, бума. Отын, не сол секілді нәрселердің байламы. «اتنك باغی» Отуң бағы: Отуң бағы - Отын байламы; отын бумасы).
 تاغ TAF TAF: тау.
 Мақалда былай деп келеді.
 تاغ تاغقا قشماش كشي كشيكا قشور» Тағ тағқа қауышмас кіші кішіге қауышар: Тағ тағқа қауышмас, кісі кісіге қауышар; (Тау тауға қосылмас, кісі кісіге қосылар)».
- Демек, екі тау біріне бірі қосылмайды, өйткені олар өз алдарына бөлек жаратылған қалпында қатып қалған, кісілер қаншама көп уақыт өтсе де біріне-бірі ұшырасып, жолығысып тұрады. Бұл мақал сүйгенімен араға көп уақыт салып барып жолыққанға қатысты айтылған.
- داغ DAF DAF: дақ. Жылқы, тағы басқа малдарға басылатын таңба. Парсылар бұл сөзді түркітерден алған. Мұны парсы сөзі деуге болмайды. Өйткені, оларда түркітердегідей шаруашылық (Ірі қара малы; мал шаруашылығы) болмаса, мұндай сөздер қайдан келсін!? Мұндай сөздерге зәрулік болмаған. Мен бұл сөзді мұсылмандар шекарасында естідім.
- داغ داغ DAF, ZAF DAF, DZAF: «Жоқ, емес» мағынасындағы сөз. (Арғуша).
 «انداغ داغ ان» Ol andağ dağ ol: Ол андағ дағ

ол - Ол ондай емес ол». Бұл «жоқ, емес» мәніндегі сөзді кейін оғыздар арғулардан алып «**اَنْ** ذَا غ ol: дзағ ол - ол емес» дегенді «**تَكُل** tegyl: тегүл» деп өзгерткен. Өйткені оғыздар арғулармен іргелес, қоңсы, тілдерінде араластық бар.

- سَاغ** SAF CAF: ақыл. (Оғызша).
- سَاغ** SAF CAF: зеректік, зейінділік; зейін. (Оғызша).
«**سَندَا سَاغُ يوقُ** Sende sağ jок: Сенде сағ иоқ - Сенде зейін жоқ».
- سَاغ** SAF CAF: саулық; саламаттық.
«**يَينَاك سَاغْمُو** Jeniң sağmu: Иенің сағмү- Денің сау ма?». «**سَاغُ سَوْفِي** Sağ suv: Сағ сув - Сау су; Таза су».
- سَاغ** SAF CAF: оң.
«**سَاغُ أَلَاكُ** Sağ elik: Сағ елік - Оң кол». Бұл сөздердің бәрі де оғызша. Түркітер бұл сөздерді білмейді.
- سَاغ** SAF CAF: сабау. Жүн сабайтын сабау.
- سَاغ** SAF CAF: сары;
«**سَاغُ يَاغُ** Sağ jağ: Сағ иағ - Сары май».
- سَاغ** SAF CAF: таза, саф.
«**سَاغُ كَنْكُلُ** Sağ көңүл: Сағ көңүл - Саф, таза көңіл; ақ көңіл».
- سَاغ** SAV CAB: мақал-мәтел.

ساقدا مندغ كابر» Savda mundaǵ kelir: Сабда мұндағ келір - Мақалда мынадай дейді; Мақалда былай келген.»

ساق SAV

СAB: кисса.

ساق SAV

СAB: хикая.

ساق SAV

СAB: хат; хат-хабар; кітапша.

ساق SAV

СAB: сөз.

ساق SAV

СAB: хабарлар;

Осыдан алып пайғамбарды «ساقچی Savшы: Савшы - Хабаршы; хабар жеткізуші» дейді. («Елші» мәнінде – А.Е.). Өйткені ол елшілік іс атқарып хабарларды, жазылғандарды елге жеткізеді.

ساقچی SAVШЫ

СABШЫ: елші. Қыз-күйеулер, құдалар арасында келіп-кетіп, хат-хабар жеткізіп, елшілік жасайтын адам. «ساقچی Savшы: савшы» – жоғарыда айтқанымдай, бұның сөзін оған, оның сөзін бұған жеткізеді.

Бәйітте былай дейді:

بلكا ارن سقارن الغل اکت
اذکو سفغ اذلما اوزکا سنکار

*Bilge eren savların alǵyl ögüt
Ezǵy savыg ezlese өзge siңer:*

*Білге ерен савларын алǵыл өгүт,
Едзгү савыг едзлесе өзге сиңер –*

*Өсиет алǵын билге ерен сөздерінен,
Ізгі сөз қастерлесе ділге сиңер!»*

(Білге, даналардың сөз, ақылдарын өсиет етіп қабылда; жақсы сөзді қастерлесе өз бойыңа, діліңе дариды).

- شاقُ ШАВ ШАБ: * сорқанбақ секілді өсімдік. Ошта өседі. Онымен киімді жуады, тазалайды.
- قاقُ ҚАВ ҚАВ: (Қау. ? – А.Е.). шақпақ шағып от тұтата-тын пілте.
- قَوُوقُ قاقُ ҚАВ ҚУВ ҚАВ ҚҮВ: «تُونُ قَوُوقُ قاقُ قَوُوقُ بُلْدِي» Top қав қув болды: Тон қав қув болды - Тон жаман тігілгендіктен тыртысып қалды.»
- لاوُ LAV ЛАВ: мөр басу үшін қолданылатын балауыз.
- قاقُ ҚАҚ ҚАҚ: қақ. Шабдалы қағы. Басқалары да осындай.
- قاقُ ҚАҚ ҚАҚ: қақ. «قَوُوقُ سَوُوقُ» Қак суv: Қак сув - Қак суы, тоқтау су».
- باكُ BEG БЕГ: бек.
- باكُ BEG БЕГ: бек, қатынның байы. Ол үйде бекке ұқсайтындықтан осылай дейді. (Мәртебелеп – А.Е.).
- تاكُ ТЕГ ТЕГ: -тай/-дай. Ұқсату қосымшасы. «انْ اَنْدَغُ تاكُ» Ol andaғ teg: Ол андағ тег - Ол сондай секілді; Ол анандай».
- چاكُ ЧЕК ЧЕК: сырт киім тігетін тоқыма бөз. Иемектер одан желбегей жамылғы тігіп киеді.

* «Шав: растение мыльный корень (?) (Acanthophyllum) (МК. III. 155)». (ДТС., Стр. 521). Сорқанбақ, шағыр, соран, түйесоран, т.б. Күлінде сақар бар. А.Е.

نَاكُ NEK НЕК: тимсах.

يَلَانُ نَاكُ NEK ЖЫЛАН НЕК ИЫЛАН: аждаха; айдахар.

يَلِي نَاكُ NEK ЖЫЛЫ НЕК ИЫЛЫ: түркілердің он екі мүшел жылдарының бірінің аталуы.

Бұл кітапты жазған жылымыз: (төрт жүз) алпыс тоғызыншы жыл — يَلِي نَاكُ Nek жылы: Нек иылы - Нек жылы.

بَالُ BAL БАЛ: бал. Сувар, қыпшақ хәм оғыз тілдерінде.

Түріктер оны «آرِي يَاغِي» ara jaғы: ара иағы - ара майы» дейді.

Жырда былай деп келген:

بَرْدِي سَنَكَا يَاكُ اوتُرُو تَتَبُ بَالُ
بَرَجِنُ كَذِبِنُ تَلُو يَغَا بَلْبُ قَالُ

*Bardı saña jek utru tutup bal
Barçын кезіреп телу јувға болуп қал:*

*Барды саңа иек ұшрұ тұтұп бал,
Барчын кедзінен телу иүвға болұп қал —*

*Бал ұсынып сені шайтан қарсы алды,
Баршын кидің, түсінбесең ақымақ боп қалсаң қал!»*

(Сайтан саған қарсы алдыңнан шықты; саған бал ұсынды — сонымен бар дүниенің ләззетін көзіңе тосты; көзінді байлады; Сен соған алданып баршын жібек киіндің, оның сұм айласын түсініп білмедің, оны ұқпағаныңша ақымақ болып алданып қала бер).

تَالُ	TAL	ТАЛ: тал, Жас тал. Солқылдаған жас адамды жас талға балап «تَالُ بُوذُلُغُ Tal bozluғ: Тал бодзлұғ» – дейді. Көбінесе майысқан нәзіктігі тал бойына жара- сқан қыздарға қатысты қолданады.
چَالُ	ЧАЛ	ЧАЛ: ала. «چَالُ قَوِي Чал қой: Чал қой - Ала қой».
سَالُ	SAL	САЛ: талдан, не местерден жасалған сал, «تار tar: тар» сөзі де осы мағынада.
سَالُ	SAL	САЛ: сыр. Желімнен жасалған жабысқақ жыл- тырақ нәрсе. Шын ыдыстарына, тағы да басқа соған ұқсайтын нәрселерге жағылады, соның үстіне ою-өрнек салынады.
تَامُ	TAM	ТАМ: там.
سَامُ	EM SEM	EM SEM: ем-дом; дауа. «سَامُ Sem: сем» сөзі же- ке-дара жалғыз қолданылмайды. Қос сөз болып келеді.
قَامُ	ҚАМ	ҚАМ: бөлгер; емші. Шаман.
تَانُ	TAN	ТАН: самал; кешкілік, ертеңгілік соғатын са- мал.
خَانُ	XAN	ХАН: түркілердің ең үлкен басқарушысы. Афрасиабтың балаларына да «خَانُ хан: хан» деп атайды. Афрасиабты «خاقان хақан: хақан» дей- ді. Оның бұл атпен аталуы хақында ұзақ хикая бар.

- سان SAN САН: сан. Санайтын сан.
«قوی سانې نجا» Қой сапы неше? Қой саны неше? - Қой саны қанша?»
- قان ҚАН ҚАН: қан.
Мақалда былай деп келген: «قان برلا»
«قانىڭ قان بىرلە يۇماس» Қанығ қан бірле иумас - Қанды қанмен жумас», Қан қанмен жуылмас, яғни аласапыран, қантөгіс келісіммен ғана тоқтайды демекші.
- مان MAN MAN: «مان قشلاق» Ман қышлак: Ман қышлак - Маңқыстау». Оғыз өлкесіндегі бір жердің аты.
- مان كند MAN KEND MAN KEND: Манкент. Қашқарға жақын қаланың аты. Кейін күйретілген.
- مان MAN MAN: «مان ياشلىغ قوی» Ман жашлығ кой: Ман иашлығ кой - Төрт жасар кой». Бұл сөз қойдан басқаға қолданылмайды.

ИЛЛЕТ ӨРІПТЕРІМЕН АЯҚТАЛҒАН СӨЗДЕР

- باي BAJ БАЙ: бай.
- باي يىغاش BAJ JYFASH БАЙ ИЫҒАШ: Бай ағаш, Ош қаласына жақын «كۈجە» Күже: күже» мен «اوش» Ош: Ош» аралығындағы жер аты.
- تاي TAJ ТАЙ: тай.

Бәйітте былай дейді:

تَكَرُّرٌ مِّنْكَ سَافِمِي بِأُكَاالِكَآ آئِي
تَنْزِرُ قَلْبِي آتَتَسَا قِسْرَقُ سِنِي تَائِي

*Тегур менің савымы билгеліге ай
Тынар қалы ататса қысрақ сыны тай:*

*Тегур менің савымы билгеліге ай
Тынар қалы ататса қысрақ сыны тай –*

*Жеткіз менің сөзімді біліктіге айт,
Байтал тынар, егерде атқа айналса тай!»*

(Менің сөзімді білікті, естілерге айтып жеткіз;
Егер байталдың тайы ат болса, байтал тынар.
Өйткені, енесінің орнына тайы мініледі).

سَائِي SAJ

САЙ: сай*.

سَائِي SAJ

САЙ: سَائِي يَرْقُ Saj jaгык: Сай йарык - Сауыт.
Үстіге киетін сауыт.

قَائِي QAJ

ҚАЙ: түрктердің бір руы.

БҮЛ БӨЛІМДЕГІ МИСАЛДАР

يَابُ JAP

ИАП: يَابُ يُوبُ Jap Jur: Иап-Иұп - Айла; ал-
дау.

«يَابُ يُوبُ قَلْدِي» Jap jur қылды: Иап иұп қыл-
ды - Айла істеді».

يَاتُ JAT

ИАТ: يَاتُ كِشِي Jat кіші: Иат кіші - Жат адам.

* «سَائِي Saj I. I. каменистое место вулканического происхождения. (МК III. 158)». (ДТС., Стр. 481).

Осыдан алып: «باز يات Jat baz jazyл: Иат баз иадзыл - Жат бөтендер тарасын» дейді.

يات JAT

ИАТ: жадылау. Жаңбыр, не жел шақыру үшін жады тасымен жасалатын жадылау.

ياز JAZ

ИАЗ: жаз.

Мақалда былай дейді: «يازن قَتَعَلَنَسَا قَيْشِن سَقَنُور»

Jazyп қатығланса қышын sevnyг: Иазын қатығланса қышын sevnyг - Жазда қатуланса, қыста сүйінер». Жазда киналса, қыста сүйінер.

ياس JAS

ИАС: зиян; зарар.

«أناك تَلِيم ياسي تَكدي» Аның telim jasy tegdi: Аның телім иасы тегді - Оның көп зияны тиді».

ياس JAS

ИАС: өлім; опат. (Оғызша).

«أناك اُغلي ياس بُلدي» Аның oғly jas boldy: Аның оғлы иас болды - Оның ұлы өлді».

ياش JASH

ИАШ: жас; көз жасы.

«كوزم ياشي اَقدي» Kөzүm jashy aqdy: Көзүм иашы ақды - Көзімнің жасы ақты».

ياش JASH

ИАШ: жас; көк.

«ياش بيدم» Jash jedim: Иаш иедім - Жас едім».

ياش JASH

ИАШ: жас; жаңа.

«ياش ات» Jash et: Иаш ет - Жас ет» Жаңа сойылған ет.

ياغ JAF

ИАФ: Май.

«ياغُ ساغُ Saғ jaғ: Сағ иағ - Сары май. Оғыздар шарбы майын да «ياغُ Jaғ: Иағ - Май» дейді.

ياقُ JAK

ИАК: ياقُ يوقُ Jaқ жуқ: Иак иүк - Ыдыс жұғыны. Алыстан қосылатын ағайын-туыстарды: «ياقُ يوقُ قَدَشُ Jaқ жуқ кадаш: Иак иүк кадаш» дейтіні осыдан шыққан. Оның бізге жақындығы ыдыс жұғынындай ғана дегендей.

ياكُ JEK

ИЕК: сайтан.

Мақалда былай деп келген:

«ياكُ بِلْمِشُ ياكُ بِلْمَاذُكُ كَشِيداً يِيكُ Bilmiş jek bilmezük kişiden jeg: Білміш иек білмедзүк кішіден иег - Таныс сайтан танымайтын кісіден жақсы»; (Танымайтын кісіден таныс сайтан игі. — А.Е.) Бұл мақалда таныстарды құрметтеу мезгеледі.

يالُ JAL

ИАЛ: аттың жалы. Күллі түрк тілдерінде.

«يالُ اتُ At jalы: Ат иалы - Ат жалы; жал бітетін жер».

يامُ JAM

ИАМ: көз, тағы басқа нәрселерге түскен шөпшалам.

يانُ JAN

ИАН: жанбас сүйегінің басы.

Жанбас сүйегін де «يانُ Jan: иан» дейді.

БҮЛ БӨЛІМНІҢ БАСҚА БІР ТҮРІ

يايُ JAJ

ИАЙ: көктем. Жазғытұрым.

Мақалда былай деп келген:

كُوز كَلِغِي يايِن بَلْكَوْلُكُ Kүz keligi jayın bel-
gүlүg: Күз келігі иайын белгүлүг - Күздің келетіні көктемнен белгілі». Мақал аяғы қалай болатыны бесенеден белгілі болып тұратын іске қатысты айтылады.

Жырда былай жырланған:

3 آسزلیکک اننما «

4 تِلدا چقار اذکو سوز

1 یای کرکنکا اننما

2 سقلاز ازا تینما

Jaj көркіңе ынанма

Suvlar үзе таянма

Esizlikig anınma

tylda чықар езгү сөз:

Иай көркіңе ынанма,

Сулар үзе таянма;

Есізлікіг анұнма

Тылда шықар едзгү сөз -

Көктем көркіне иланба,

Су үстіне таянба;

Жамандыққа сайланба,

Тілден шығар ізгі сөз».

(Көктемнің ажарына, түрлі-түсті гүлді реңіне сенбе, көркіне иланба, одан жақсылық күтпе; Суға сүйенбе, өйткені тіршілік, дүниенің баянсыз шырынына, көктемнің майда самалына сүйенген суға сүйеніп, су таянғанмен бірдей, Жамандыққа сайланба; Тілденнен үнемі, тек қана жұрттың көңілін хош ететін шырын сөздерді шығар).

ЕРЕЖЕ:

Бұл бөлімді, бұл бөлімге ұқсас басқаларды да «Менқұс» деп атадық. Өйткені, бұл бөлімдегі сөздердің ортасындағы жұмсақ айтылатын әріп – лин әріптері түсіп қалады да, сөз жазғанда емес, айтқанда екі әріптіге айналады. Өйтсе де жазғанда әріптері түгел түседі.

Мысалы: «Қол» мағынасындағы «قَوْلٌ Kōl: Қол» сөзі жазылғанда «قَوْلٌ kōl: қол» деп толық жазылады. Оқып, айтқанда «و - у» әрпі түсіп қалады. «أَنْتَ قَلَنْ أَلْدَى» Аның қолып алды: Аның қолып алды - Оның қолын алды» дегенде «و - у» түсіп, айтқанда «құл» мәніндегі «قُلٌ kul: құл» ға ұқсап қалады. Самал мәніндегі «جِيلٌ jil: ийл» сөзі мән «أَنْتَ يَلِي كُوجَلْمَكْ» Аның jeli күчлүг: Аның иелі күчлүр - Оның желі күшті» дегенді айтқанда «ي - й» әрпі түсіп қалады. Сөз «жыл» мағынасындағы «يَلٌ jel: иел» ге ұқсап шығады.

Бұл менқұс бөліміндегі есімдер мен етістіктердің барлығына бірдей, ортақ. Бұл сипат арабша сөздерде, етістіктерде кездеседі. Араб тіліндегі етістіктерде «زَانَ، يَزِينُ، كَالَ، يَكْبَلُ» сөздерден бұйрық райда «زَنْ، كَلٌ» секілді жасалып оқылады да, лин әріптері түсіп қалады. Бұл ереже сипат түрк тілінде есімдерге де, етістіктерге де бірдей қолданылады. Өйткені, түрк тілі кең-мол тіл.

Араб тілінде бұл сипат етістіктерде ғана кездеседі, есімдерде кездеспейді.

Мұны біліп алғын.

فَعْلٌ ФӨӨЛ ТҮРІНДЕГІ «و - У» ӘРПІМЕН КЕЛГЕН СӨЗДЕР

قَزِلٌ جَوْتٌ ҚЫЗЫЛ ЧҮҰҮТ ҚЫЗЫЛ ЧҮҰҮТ: қызыл бояу.

- اَلْ جَوْتُ AL ЧҮWҮТ ҚЫЗЫЛ ЧҮУҮТ: ал бояу.
- كوكُ جَوْتُ КӨК ЧҮWҮТ КӨК ЧҮУҮТ: көк бояу.
- ياشلُ جَوْتُ JAШЫЛ ЧҮWҮТ ИАШЫЛ ЧҮУҮТ: жасыл бояу.
- سارِغُ جَوْتُ SARЫҒ ЧҮWҮТ САРЫҒ ЧҮУҮТ: сары бояу.
- Ұяң, жұмсақ «ق» әрпімен. «ق» дыбысымен «جفت» чүүт: чүвүт» секілді айтылады. «جوت» Чүwүт: чүүүт» сөзі бояу біткеннің бәріне ортақ сөз. Оларды айырып парықтау үшін осы сөздің алдына ренді білдіретін сөздер қосылады.
- قوتُ KUWUT ҚҮУҮТ: «قاغوت» Kaғut: қағұт» деп те айтылады. Жаңа босанған қатындарға берілетін тағам. Қуырылған тары, оны май мен шекерге араластырып жейді.
- قوچُ QOWUCH ҚОУҰЧ: жын тигендік. Ондай адамды емдегенде бетіне суық су бүркіп, «قوچُ قوچُ» қowич қowич: коуұч коуұч» деп дуалайды. Адыраспан, не хиндий өсімдігін қолданады.
- Бұл «قچ قچ» қач қач: қач қач — қаш, қаш» сөзінен алынған болса керек. «Әй, жын! Кет, кет!» деген мағынада деп есептеймін.
- كوجُ KYWYЧ ҚҮУҮЧ: كوجُ كوجُ Күwүч jүgүп: Күүүч иүгүн - кішкентай жүген.
- قوزُ QOVUZ ҚОВҰЗ: Оғыздар «قوجُ» қowич: қовұч» сөзінің орнына қолданады.

«يِل قَوْزُ بَتِكِي» Jel kovuz bitiki: Иел қовұз бітікі

– Жын тигенге қарсы оқылатын дұға».

قَوْزُ KOWUZ

ҚОУҰЗ: шарапқа түскен шөп-шалам.

«قَوْزُ سُجْلِكُ دَنْ كَتَارُ» Kowuz süşikden keter:
Қоуұз сүшікден кетер - Шараптан шөп-шалам-
ды кетірі; Шараптан шөп-шаламды алып таста».

كُوزُ KUYWYZ

ҚҰУҰЗ: киіз төсеніш; киіз.

يُوغُ JUWUF

ИҰУҰҒ: сел-тасқын таудан домалатып түсір-
ген үлкен тастар. Бұл сөздің «يُوغُ juwuf: иұвұғ»
деген түрі де бар.

سُوُقُ SUWUQ

СҰУҰҚ: сұйық. Сұйық, сұйылтқан нәрселер-
дің бәрі. Мәселен, сұйылтқан айран, қатық, сүз-
бе, шырындар. Соның бәріне осылай айтыла-
ды.

«سُوُقُ يُوغُفُتُ» Suwuk juғurt: Сұуұқ иұғұрт—

Сұйық қатық»; «سُوُقُ قُدْرُقُ» Suwuk qudruc: Сұ-
уұқ құдрұқ — Қашырдың құйрығы секілді қыл-
қылшығы сирек, сұйық ұзын құйрық». (Жүні
сұйық, тықыр құйрық.—А.Е.). Ағаш, тағы ба-
сқаларға да осылай қолданылады. (Қыпшақша).

قَوْقُ KOWUQ

ҚОУҰҚ: қуыс. Іші бос, кеуек нәрсенің бәрі.
Бұл сөздің «قَوْقُ коуик: қовұқ» секілді түрі де бар.

قَوُقُ QAWUQ

ҚАУҰҚ: қуық; сідік қалтасы. Оны «قَوُقُ қавук:
қавұқ» деп те айтады.

قَوُقُ QAWUQ

ҚАУҰҚ: кебек; тары қабығы. Бұл сөздегі «و-
у» «ق - ф» орнына ауысқан.

كُوكُ KYWYK KYUYUK: еркек. «كُوكُ مُوش» Күwүк тиш: Күү-
үк муш - Еркек мысық.

كُوكُ KYWYK KYUYUK: сабан. (Оғызша).

تَوِيلٌ TOWYL* TOUYIL: дабыл. Аң аулағанда лашынға арнап
қағылатын дабыл. Мен бұл сөз арабшадан алын-
ған, айтылуы өзара жақын болғандықтан «ط -»
әрпі «ت» әрпіне алмасып түскен деп санаймын.
Өйткені, бұл дыбыстардың айтылуы үндес,
жақын.

Мұндай сипат арабшада да бар. «قَطَرٌ، قَتَرٌ»
және «غَلَطٌ، غَلَّتْ» дегендер секілді. «ثَابِتٌ» сө-
зін «تَبْتُ» етіп алғандағы сияқты. Әйтсе де мен
бұл сөзді ислам елінің ең шеткері бөлігіндегі,
киырдағы таза түркерден естідім.

БҮЛ БӨЛІМНІҢ «ى - и» ӘРПІМЕН КЕЛГЕН СӨЗДЕРІ

قَيْرٌ ҚАЙЫР ҚАЙЫР: майда топырақты жер; Оғыздар құм-
ды «قَيْرٌ қайыг: қайыр» дейді.

تَوْشٌ TAWUSH ТАУҰШ: дауыс; дыбыс.
«تَفْشٌ Тавыш: табыш» деген түрі бар.

تَيْغٌ ТАЙЫҒ ТАЙЫҒ: тайғақ.
«تَيْغٌ يِر» Тайығ жер: Тайығ иер - Тайғақ жер».

* Бұл сөздегі «و - у» әрпі қос қаракатты болып түскен (араб әліпбесіндегі жазылуына қараңыз). Астыңғы, кесрә қаракаты жөн секілді.

- تۈيۈگۈ TUJAF TҮЙАҒ: тҮЯК. Малдың тҮЯҒЫ.
 «آت تۈيۈگۈ At tujaғы: Ат тҮЯҒЫ - Ат тҮЯҒЫ».
- قويۇغۈ QOJUF ҚОЙҮҒ: қою.
 «قويۇغۈ نازك Qojuғ нең: Қойұғ нең - Қою нәрсе».
 Ағатын қою нәрсе. «قويۇغۈ سچك Qojuғ сүчік:
 Қойұғ сүчік — Қою шарап».
- قايۇغۈ QAJYF ҚАЙЫҒ: Оғыздардың тайпасы.
- قويۇغۈ QUJUF ҚҮЙҮҒ: құдық. «قويۇغۈ كوزيۇغۈ Quziуғ: құдзұғ» деп те айтылады.
- قايۇغۈ QAJYF ҚАЙЫҒ: «قايۇغۈ يئر Qajyғ jer: Қайығ иер — Жолдан шетте қалған жер». Басқасы да осындай.
- بايۇقۈ VAJYK BAYYK: шын, рас.
 «بايۇقۈ سوزۈ Vajyк sөz: Байық сөз - Шын сөз».
 (Оғызша).
- تايۇقۈ TAJUK ТАЙҮҚ: алғыр, ұшқыр.
 «تايۇقۈ ار Tajyк er: Тайұқ ер — Алғыр, сезімтал жас жігіт.»
- تايۇقۈ TAJAK ТАЙАҚ: таяқ; Сүйеніш, тірек.
 «تايۇقۈ كوزيۇقۈ берدي Kuzegy tajak berdi: Күдзегү тайақ берді — Күйеу тайақ берді, яғни аттан түскенде таянсын деп күйеуі келінге күң немесе таяныш берді». Бұл байлардың әдеті болып кет-

кен. Күн, не күл келіннің мүлкі есептеледі.

Мақалда былай деп келеді:

تایاک билه تایماس تائیق بلا تایماس تائق سوزن بتماس»

tajmas, таиуқ сөзүп бұтмес: Тайак біле таймас, тануқ сөзүн бұтмес - Таяк пенен таймас, куәгердің сөзімен бітпес; яғни Таякпен тайғақ жерде таймас, куәгердің сөзімен куәдүрліктен өткенше тоқтамас».

تایوک TUJUK

ТҮЙҮҚ: түйық.

«تایوک кіші: Түйүк кіші – Түйық адам, қысылған, қыспаққа түскен кісі.» تئیق کون»

Tujuk күп: Түйүк күн - Тұманды күн; бұлтты

күн». تئیق قاپۇق Tujuk қаруғ: Түйүк қапұғ - Берік қақпа; Жабық қақпа».

قاياق ҚАЯҚ

ҚАЙАҚ: қаймақ.

Жырда былай деп келген:

سَدْرَمِشُ الْغَنُ قَيَاقُ
سَرْمَمِشُ سَوْتَنُ قَيَاقُ

*Sazremiş olgun qojaq**
Sarmamyş sytten qajaq:

Sedzremiş olgün qojaq,
Sarmamyş sytten qajaq –

Pisken qonaq siredi,
Sytten qajmaq süzildi».

* قاياق Қојақ: Қойақ» деп жазылғанымен, дұрысы- قوناق қонақ». А.Е.

(Піскен қонақ дәндері сиреді; Сүттен қаймақ алынды; Енді жеу үшін екеуін қосып пісіру керек).

قَيِّقُ

ҚЫЖЫҚ ҚЫЙЫҚ: уәдеде тұрмайтын адам.

Уәдеде, сөзінде бәтуә жоқ кісі. «قَيِّقُ كَشِي» Қыжық кіші: Қыйық кіші – Уәдеде тұрмайтын адам».

قَيِّقُ

ҚЫЖЫҚ ҚЫЙЫҚ: қыңыр; қиыр-шиыр.

«قَيِّقُ نَانِكُ» Қыжық пен: Қыйық нең - Қыңыр нәрсе; қисық-қиғаш нәрсе». Қиғаш кесілген қалам ұшы сон-дай. Басқаларға да осы секілді.

مَيِّقُ

МАЖАҚ

МАЙАҚ: түйенің құмалағы. Бұл сөз бұрын түйенің құмалағына тән болса да, кейін «قَوِي مَيِّقِي» қой мажақы: қой майақы - қойдың құмалағы» деп айтылатын болған. Аттың тезегін тек қана «بِنْدُقُ» Jundak: иүндақ» дейді.

Мақалда былай деп айтылған:

«تَفِي بَدُكُ اَرْسَا مَيِّقِي بَدُكُ اَرْمَاسُ» Teweј bedük erса мажақы bedük ermas: Төфей бедүк ерса майақы бедүк ермас - Түйе үлкен болса да, құмалағы үлкен емес». Бұл мақал үлкеннің шәкірті бола тұрып, өзін зор тұтатын адамға қаратып айтылған. Үлкендік, ұлықтық саған емес, сенің иеңе жарасады дегенді білдірмекші.

كَيْكُ

КЕЖІК

КЕИІК: киік. Әуелінде жабайы, тағы болған нәрсенің барлығы. Бұл сөз етін жейтін киік, елік, тау ешкі секілді жабайы хайуандарға қолданылады. «كَيْكُ كَشِي» Kejik кіші: Кеиік кіші

- Кісі киік; Жабайы адам»; «كَيْكٌ سَكْتٌ Kejik sөгүт: Кейік сөгүт - Жабайы ағаш». Кез келген нәрсе екі түрлі болады: Жабайы және қолға үйретілген. Жабайысына «كَيْكٌ Kejik: кейік» дейді.

كَيْكٌ KEJYK KEЙYУK: кигізден тігілетін сулық, кебенек, не шекпен. «ز - з (дз)» әрпін «ی - и» әрпіне айналдырушылар тілінде осылай.

كُيُكٌ KӨYУK KӨЙYУK: күйік.
«كُيُكٌ نَانِكٌ Kөjүк нең: Көйүк нең - Күйік нәрсе; Күйген нәрсе».

مَيْلٌ МАJЫЛ МАЙЫЛ: «مَيْلٌ يَمِشٌ Majыл jemіш: майыл иеміш - піскен шабдалы, не үлкен қауын секілді жемістердің пісіп, уақыты өтіп езіліп, бұзыла бастауы.»

قِيْمٌ ҚYJЫM ҚЫЙЫM: жау келіп қалғандықтан елдің халқының үрейленуі, аласапыранға әбігерге түсуі.
Мәселен: «قَرْتَنَجٌ قِيْمٌ بِلْدِيٌ Қорқунч қыйым болды: Қорқунч қыйым болды - Үрей әбігер болды» деген тәрізді.

كِيْمٌ KIIM KIИИM: тиіп-қашып.
«اَلْ كِيْمٌ كِيْمٌ كَوْنٌ كَجَرْدِيٌ Ol kijim kijim күн кечүрді: Ол киіім киіім күн кечүрді - Ол тиіп-қашып күн өткізді; Ол істі істеп те кетпей, істемей де кетпей, тиіп-қашып күн кешті».

بِيْنٌ BOJЫN БОЙЫN: мойын. Адамның мойны. Қылыштың

сабы «قَاجُ بَيْنِي» Қылыш bojny: Қылыш бойны - Қылыш мойны» деп айтылады. Сондай-ақ, пышақтың сабына «بِجَاكُ بَيْنِي» бічек bojny: бічек бойны - пышақ мойны» дейді.

بَيْنُ BOJUN БОЙҰН: жамағат; қауым, жұрт. «ب - з(дз)» әрпін «ي - и» әрпіне алмастыратындар тілінде.

تَيْنُ TUJYN ТҰЙЫН: түйілген; бықсық; пәс, пасық.

«تَيْنُ آر» Туjып ег: тұйын ер - пасық адам».

تَيْنُ ТОJЫН ТОЙЫН: тойын. Ислам дінінде болмағандардың дін басы. Ол біздегі имам, мүфтилер секілді. Тойын қашанда пұт (бұд) алдында болып, кітаптарды, көпірлердің хукімдерін оқиды. Олардың күпірлігінен хұда сақтағай.

Мақалда былай деп келген: «بِر تَيْنُ بَشِي» Bir tojyn bashy «اَغْرِيْسَا قَمْعُ تَيْنُ بَشِي اَغْرِيْمَاس» Bir tojyn bashy aғғыsa қамұғ tojyn bashy aғғыmas: Бір тойын башы ағрыса қамұғ тойын башы ағрымас - Бір дін басының басы ауырса, барлық дін басының басы ауырмас». Бұл мақал жолдас-жоралардың арасында бір нәрсені жеп жатқан жерде біреу кісілік көрсетіп астан тартынып қалғанда, басқаларын тағам алуға шақыру үшін айтылады.

БҰЛ БӨЛІМДЕГІ ИЛЕТ ӘРІПТЕРІМЕН АЯҚТАЛҒАН СӨЗДЕР

قَا قАҶА ҚАЙА: қия.

قَا ҚЫҶА ҚЫЙА: түбірінде «غ - ғ», «ق - қ» әріптері бар

сөздерде қолданылатын кішірейткіш қосымшасы. Мәселен: «اغلقيا» Оғулқыја: Оғұлқыя - Ұлшағым (Ботақаным — А.Е.), «قىز قيا» Қызқыја: Қызқыя-Қызшағым» дегендер секілді.

كۈيا	KYJE	КҮЙЕ: күйе. Кигіз, тағы сондай нәрселерді жейтін күйе құрты.
كيا	KIJE	КИЕ: түбірінде «ك - к», «ك - г» әріптері болған, ұяң, жұмсақ дыбысты сөздерге қолданылатын күшейту қосымшасы. Мәселен, «ار كيا» Erkije: еркіе — кісілік», «يەر كيا» Jerkija: иеркіе — ершік» дегендер секілді.
ينا	JANA	ИАНА: Қайта айналып келу мәнін білдіреді. «بنا كلدیم» Jana keldim: Иана келдім - Жаңа келдім; Қайта айналып келдім».

БҮЛ БӨЛІМНІҢ БАСҚА БІР ТҮРІ

ييا	JEJA	ИЕИА: адамның құйрығы. Тек адамдарға тән айтылады. Есімдердің бұл түрі айтқанда да, жазғанда да қысқартылмайды. Өйткені, бұл сөздердің ортаңғы әріптері харакатты. Тек, ортасы сүкүнді сөздер ғана қысқартылады.
-----	------	---

Мүжәррат сөздер бөлімі бітті.

ӨРШ АРТТЫРЫЛҒАН СӨЗДЕР

فَاعِلْ ФАИЛ ТҮРІНДЕГІ СӨЗДЕР БӨЛІМІ

- تَادُنْ TADUN ТАДҰН: бір жасар бұзау.
- تُوْزُنْ TUZUN ТҰДЗҰН: мұраб. Бұлақтан қыстақтарға су таситын адам.
- تِيْذِيْنْ ТЫЗЫН ТЫДЗЫН: уақытты білдіретін сөз.
«تِيْذِيْنْ كَلْدِيْ» Bu тызын keldi: Бұ тыдзын келді – Осы уақытта келді».

فَعَالٌ ФӘАЛ ТҮРІНДЕГІ СӨЗДЕР БӨЛІМІ

- بَيَاتٌ BAJAT БАЙАТ: Ұлы тәңірдің аты. (Арғы тілінде).
- بَيَاتٌ BAJAT БАЙАТ: Оғыз тайпаларының бірінің аты.
- قُيَارٌ ҚҰЖАР: Мал мен құлдарға айтылатын ұрсып, сөгу сөзі.
«بُوْ قُيَارِيْ» Bu қијағы: Вұ құйары - Бұл аузынан сілекейін ағызатын түйе». Бұл «سُوْ قُيْدِيْ» Suв қијды: Сув құйды» сөзіндегі «قُيْدِيْ» құйды» сөзінен алынған да, су, тағы басқа сондай нәрселерді «құйды, төкті» дегенді білдіреді.
- قَيَاسٌ ҚАЖАС ҚАЙАС: қайас. Тохсы мен шігілдердің қалаларының аты. Үш шахар осы атпен аталады. Біріншісі - «سَابِلْيَغْ قَيَاسْ» Sapлығ Қажаш: Саплығ

Қайаш», екіншісі - «ارْنُكْ قَیَاسْ» Өгүн қайаш:
 Өрүн Қайаш», үшіншісі «قَرا قَیَاسْ» Қаға қайаш:
 Қара Қайаш» – деп аталады.

قَیَاشُ ҚУЈАШ

ҚҰЙАШ: қатты ыстық; қатты күн ыстығының
 тиюі.

آيَاغُ АЈАҒ

АЙАҒ: лақаб; кейін тағылған ат.

Жырда былай деп келген:

قَدْغَلْ مَنكَ آقِيلَقْ
 بُلْسُنْ مَنكَ آيَاغَا
 اذْغَلْ مَنِي تَقْشَقَا
 يَفْكَلْ مَنكَ الْآغَا

*Қозғыл таңа ақылық,
 Болсун таңа айаға
 Бізгыл мені тоқышқа
 Жүзгіл таңа илаға:*

*Қодзгыл маңа ақылық,
 Болсун маңа айаға;
 Бідзгыл мені тоқышқа
 Иүзгіл маңа ұлаға –*

*Қойғын маған мәрттікті;
 Болсын менің лақабым.
 Жібер мені ұрысқа,
 Маған мініске ат беріп».*

(Мені еркіме жібер, мәрттік, жомарттығымды
 маған қалдыр; мәрттік, жайсаң жомарттық ме-
 нің лақабым болсын; маған мініске ат беріп,
 мені ұрысқа салғын).

مِيَانُ MUJAN

МҰЙАН: сауап; шапағат.

Жолаушылардың жол үстінде су ішуі үшін лайықтап жасалған су ішетін көздерді «مِيَانِلقُ» tujanлық: мұйанлық» дейтіні осыдан шыққан.

فَعْلِي ФӨ'ЛА ТҮРІНДЕГІ ӨРТҮРЛІ ХАРАҚАТТЫ СӨЗДЕР БӨЛІМІ

بُوجِي BUJYI

БҰЖЫ: «بُوجِي قَبْز» Bujy kobuz: Бұжы кобыз-

Ішекті әуезді құрал; боздаған үн шығаратын кобыздың бір түрі».

قَيْدَا ҚАЙДА

ҚАЙДА: қай жерде?

«قَيْدَا سَن» Kajda sen: Қайда сен - Сен қайда? Сен қайдасың?» «ن - н» әрпімен «قَنْدَا kanda: канда» деп айтылғанындай «قَيْدَا كَيْدَا kajuda: кайұда» деп те айтылады.

كَيْدَا КӨЙДЕ

КӨЙДЕ: ыдыс. Алтын, не күміс ерітілетін ыдыс.

قَيْقَا ҚҰЙҚА

ҚҰЙҚА: құйқа; тері. Бұл сөз негізінде былғары теріге қатысты қолданылса да, кейде жүн, түбітке де қолданылады. «قَوَيْغُ قَيْقَالَادِي» Ol kojıғ kujqaladı: Ол қойұғ құйқалады - Ол қойды құйқалады. Яғни, қойдың терісін қайнаған суда тазалады». Тері түктен әбден тазарып, анық көрінді.

قَيْمَا ҚЫЙМА

ҚЫЙМА: «قَيْمَا اُكْرَا» Qyj ma үgre: Қыйма үгре -

Қыйма үгрі» – камырдың бір түрінің аты. Шымшықтардың тіліндей жұқа, үлпілдеп кесіледі.

قِيْمَا ҚҰЙМА

ҚҰЙМА: құймақ. Бір түрлі майлы нан.

Камыр шербетпен сұйық етіп езіледі де, қазандағы қайнап жатқан майға жұкалап құйып пісіріледі. Үстінен шекер сеуіп жейді. Өртүрлі темір нәрселерден балғамен соғу арқылы емес, құю жолымен жасалған келі, шамдал секілді заттарды да «قِيْمَا қијта: құйма» дейді.

فَعَالُو ФӘАЛУ СЕКІЛДІ ӨРТҮРЛІ ХАРАҚАТТЫ СӨЗДЕР БӨЛІМІ

تَايَاغُو ТАЙАҒҰ ТАЙАҒҰ: тас, не тезек кесегі.

تَوْرِيغَا ТОРЫҒА ТОРЫҒА: торғай.

سُوْجَاغُو СҰЙАҒҰ: кораздың аяғындағы бақай сүйегі.

بِيْتِيغُو БІТІГҰ: түркітердің және басқалардың дәуіті.
(Сия сауыты – А.Е.)

كَوْلِيغَا КӨЛІГЕ КӨЛІГЕ: көлеңке; қалың көлеңке.

قَالِيْمَا ҚАЛЫМА ҚАЛЫМА: үйдің үстіндегі төрт жағы ашық шатыр, қалқа.

اَكَاْمَا ЕГЕМЕ ЕГЕМЕ: егеме. Шалғының бір түрі.

كُوشِيْغَا КӨШІГЕ КӨШІГЕ: шағын көлеңке; көлеңкеше.

БҮЛ БӨЛІМНІҢ МИСАЛДАРЫ

- يُرِيغَا JORYĜA ИОРЫҒА: жорға.
 «يُرِيغَا اَت» Joryĝa at: Иорыға ат - Жорға ат».
- يُولِيغُ JYLIGY ИҮЛІГҮ: шаш алатын ұстара.
 Оғыздар мұны білмейді. Оғыздар ұстараны:
 «كِرَاجِي Kerej: керей» дейді.
- اَيَاكُو EJEGY ЕИЕГҮ: жан-жануардың көкірек сүйегі, көкі-
 регі.

فَعْلَانُ ФӨ‘ЛАН СЕКІЛДІ СӨЗДЕР БӨЛІМІ

- تَيِّغَانُ TAJFAN ТАЙҒАН: тазы; алғыр ит. (Тұйғын. — А.Е.).
 Мақалда былай деп келеді:
 «تَيِّغَانُ يُكْرُكُنْ تَيْلُكُو سَفْمَاسْ» Tajfan jügгүgүн
 tilkü sevmes: Тайған иүгрүгүн тилкү севмес - Та-
 зының жүйріктігін түлкі сүймес». Бұл бірін-бірі
 місе тұтпайтын екі біліктіге тигізу үшін айты-
 лады.
- كَيْجَانُ KEJGEN КЕЙГЕН: Кейген. Қайастан Ілеге ағатын екі да-
 рияның аты. Олардың бірін «كَيْجَانُ كَيْجَانُ» Kі-
 çik kejgen: Кішік кейген - Кіші кейген», екін-
 шісін — «الْعُ كَيْجَانُ» Uluğ кейgen: Ұлығ кейген -
 Ұлы кейген» дейді, бұл үлкен.

فَاعِلٌ ФӘЙ'ӘЛ СЕКІЛДІ ӨРТҮРЛІ ХАРАКАТТЫ СӨЗДЕР БӨЛІМІ

- قِيْمَاحٌ ҚЫМАЧ ҚЫЙМАЧ: «قِيْمَاحٌ بَرْكٌ» Қыјмач бөрк: Қыймач бөрік - Ақ ешкінің түбігінен тоқылған ұзын бөрік. Оны шігілдер киеді.»
- بَايْناكٌ БАЙНАК БАЙНАК: көң. (Оғызша).
- بَوِيْناكٌ БОЙНАК БОЙНАК: тау асуы.
- بَوِيْناكٌ БОЙНАК БОЙНАК: кесіртке*
- قَايْغٰقٌ ҚАЙҒЫҚ ҚАЙҒЫҚ: Қайық.
- مَايْغٰقٌ МАЙҒҰҚ МАЙҒҰҚ: маймақ, маймақ адам. Тез жүгіре алмайтын хайуан.
- كَيْلِکٌ KEJLIK КЕЙЛІК: маймыл.
Жабайы секілді жан-жағына алақтап карап жүретін адамды да «كَيْلِکٌ كِشِي» Kejlik кіші: Кейлік кіші» — деп, осыған мегзеп айтады.
- بَوِيْمالٌ БОЙМАЛ БОЙМАЛ: «بَوِيْمالٌ اَتٌ» Wojmal at: Боймал ат - Мойнында ағы бар ат». Сол секілді қой, тағы басқаларға да осылай дейді.
- بَايْرامٌ БАЙРАМ БАЙРАМ: байрам, мейрам (Оғызша).
Мен бұл сөзді адамның шат-шадыман, қуаныш-

* «بَوِيْناكٌ» Wojnak: II. Зоол. Ящерица. (МК. III. 175)». (ДТС., Стр. 110).

ты күні мағынасындағы «بَدْرَمَ» Везғам: бедзрам» ұғымынан шыққан деп ойлаймын. Байрам - шаттық күні. Өйткені, исламдықтан бұрын мұндай мейрам күні болмаған, сондықтан мұндай атау да болмаған. Болған болса, оны түркітердің бәрі бірдей білер еді ғой. Тек қана, «ز - з(дз)» әрпін «ی - и» әрпіне айналдырып айтушылар ғана біледі.

جِيدَمَ * ЧАЙДАМ* ЧАЙДАМ: шидем. Үйге төселетін, сулық тігілетін жұқа киіз.

سَيْرَمَ SAJRAM САЙРАМ: Сайрам.
«اسِيْجَابَ» Isbj жав: Исбижаб» деп аталатын «يَضَاءُ»
Bejza: Бейза» қаласының аты. «سَيْرَمَ» Saḡram:
Сарйам» деп те айтылады.

سَيْرَمَ SAJRAM САЙРАМ: «سَوْقُ سَيْرَمَ» Sajram suv: Сайрам сув
- Тобықтан аспайтын таяз су»,

فَعَالِلِ ФӘАЛИЛ СЕКІЛДІ ӨРТҮРЛІ ХАРАҚАТТЫ СӨЗДЕР БӨЛІМІ

بَقَائِقُ БАҚАНАҚ/БАҚАЈАҚ** БАҚАНАҚ/БАҚАЙАҚ: бақай.

Аша тұяқты малдың екі тұяғының арасы, не екі тұяғының бірі.

* Жазба нұсқада бірінші әрпі екі харақатпен түскен («جِيدَمَ» Чaj dat: чайдам). Яғни «جِيدَمَ» chaj dat: чайдам» деп те, «جِيدَمَ» čij dat: чиидам» деп те оқуға болады. Абай өлеңіндегі «шидем шекпен...» осы мағынада деп түсінеміз. А.Е.

** Сөздің бесінші әрпі түпнұсқада әрі «ن - н», әрі «ی - и» секілді жазылған (بَقَائِقُ Бақанақ/бақайақ). Екі нұсқасын да келтірдік.

بَقَائِقُ БАҚАНУҚ/БАҚАЈУҚ* БАҚАНҰҚ/БАҚАЙҰҚ: бақай-
шак. Жылқы тұяғының ортасындағы жүрекше
ет.

تُقَيْمَقُ ТОҚЫМАҚ ТОҚЫМАҚ: тоқпақ. Кір жуушының, кірші-
нің тоқпағы.

قَيَاجِقُ ҚАЈАЧУҚ ҚАЙАЧҰҚ: хош иісті тауда өсетін өсімдік.
Зағфран** өсімдігі ме деп санаймын.

БҮЛ БӨЛІМНІҢ МИСАЛЫ

مُنْدِي МҮНДИ МҮНДИ: мінді.

«أَرَأَيْتَ مِنْدِي» Ер атын жарытақ мүнди: –
Ер атын иапытақ мүнді - Ер атын жайдақ мінді;
Яғни адам атына кигіз де, ер де салмай, тоқым-
сыз мінді.

* Бұл да сол секілді. А.Е.

** Запыран гүл. «Шафран (Crocus)... » (БЭС., Стр.719).

БЕС ӨРШТІЛЕР БӨЛІМДЕРІ

فَعَّلَ ФӨӨЛ'ӨЛ ТҮРІНДЕГІ ӨРТҮРЛІ ХАРАҚАТТЫ СӨЗДЕР БӨЛІМІ

قَيَّرِلْغُ ҚАЖЫРЛЫҒ ҚАЙЫРЛЫҒ: «قَيَّرِلْغُ Қайығлығ jer: Қайыр-
лығ иер – Қопсыған жер».

قِيَّسْغُ ҚУЈАСЛЫҒ ҚҰЙАСЛЫҒ: Құйастық. «قِيَّسْغُ ار» Қујаслығ
er: Құйаслық ер - Құйас қаласының адамы; Құй-
ас қаласынан шыққан адам».

تِيَّغْغُ ТҰЈАҒЛЫҒ ТҰЙАҒЛЫҒ: тұяқты.

«تِيَّغْغُ يَلْقَى» Тујағлығ жылқы: Тұяғлығ иылқы -
Тұяқты мал».

قُوْجُلُغُ ҚОЈУҒЛУҒ ҚОЙҰҒЛУҒ: қоюлық. Сұйық заттардың қою-
лығы.

ОРТАҒЫ ӨРШ СҮКҮНДІ СӨЗДЕР

سَدُوَاچ SANDUWAЧ САНДУВАЧ: бұлбұл.*

Жырда былай деп келген:

سَدَا قَجْر سَدِلَاچ

مَنَدَا تَنَر قَرغَلَاچ

تَتَلغ اتر سَدُوَاچ

اَرَكَاك تَشِي اَجْرشور

* Осы басылымның I-томын қараңыз. (587-588 беттер).

*Senden qashar sundılaw
Mende тынар қарғылаш
Tatlyg öter sandıwaw
Erkek tiwi uwrashur:*

Сенден қашар сұндылаш
Менде тынар қарғылаш
Татлыг өтер сандуваш
Еркек тиіші ұшрашур –*

*Сенен қашар сұндылаш
Менде тынар қарлығаш
Бұлбұл сайрап тартымды,
Еркек, әйел ұшырасар!»*

(Жаз бен қыстың айтысын жырлайды. Жаздың қысқа айтқаны: Сенен құстар, кішкене торғайлар қашып, безіп кетеді; Менде қарлығаш жайланып, тыншиды; Бұлбұл түрлі үн-әуенмен тәтті сайрайды; Ер мен әйел ұшырасады).

بُلغَیْقُ BULFAJUK БҰЛҒАЙҰҚ: былғанған; лай.

بُلغَیْقُ سۈیۈ Bulğajuk suv: Бұлғайұқ сув - Былғанған су».

سَرَقَیْقُ SARKAJYK SAPҚАЙЫҚ: ішек-қарын. Бұл сөз «ن - н»

әрпімен де «سَرَقَیْقُ sarқапық сарқанық» деп айтылады.

Бұл, арабшадағы «مِيزَاب، مِيزَاب، مِيزَاب، مِيزَاب» дегенге ұқсас.

قُدۈشَاقُ KUDUŞAQ ҚҰДҰШАҚ: құймишақ.

БҮЛ БӨЛІМНІҢ БАСҚА БІР ТҮРІ

بَبَبِقُ WAJBAJUQ BAJBAJUQ*: Әдемі келістіріп сайрайтын бір құс. Ағаш бұтақтарының арасына зембіл секілді ұя салады.

БҮЛ БӨЛІМДЕГІ АЛТЫ ӨРШТІЛЕР

بَبَبِقُ BOJUNDURUK BOJUNDURUK: мойынтұрық.

Ағаштан жасалып, екі өгіздің мойнына салынады.

مَبَبِقُ MUJANSHYLYK MUYJANSHYLYK: араағайыншылық.

Келістіру үшін екі адамның арасына түсушілік.

«سَنُ مَبَبِقُ قَلِ» Sen mujanshylyk qyl: Сен мұйаншылық қыл - Сен араағайындық жаса». Бұл сөздің негізі «сауап» мағынасындағы «مَبَبِقُ» mujan: мұйан» болады.

Менқұс есімдер кітабы бітті.

* «Waj bajuk: птица, которая вьет гнездо на ветвях деревьев в виде корзиночки и красиво поет, синица-ремез (?). (МК 523/13)». (ДТС., Стр. 79.)



МЕНҚҰС ЕТІСТІКТЕР КІТАБЫ

ЕКІ ӘРІПТІЛЕР БӨЛІМІ

- كَيْجَتِي KESHTI KESHTI: кешікті.
«كَيْجَتِي آر» Er keshiti: Ер кешті - Адам (істе) кешікті». (كَيْجَمَاكْ - كَيْجَارْ Keshig-keshmek: Кешер-Кешмек - Кешігер - кешікпек).
- بوردى BURDY BҮРДЫ: бұрқырады; иіс шықты; бу шықты.
«بوردى يپار» Jyrag burdy: Иыпар бұрды - Жұпар бұрқырады; Жұпар иісі шықты.»
«بوردى سوقى» Suv burdy: Сув бұрды - Судан бу шықты; яғни судың буы көтерілді». Әлдене хош иіс шығарса, не буын бұрқыратса осылай дейді.
(بۇراق - بۇراق Burag-burmak: Бұрар-бұрмак - Бұрқырар-бұрқырамак).
- بېردى BERDI BЕРДІ: берді.
«بېردى مانكا ان مانجا» Ol mañajarmak berdi: Ол маңа иармак берді - Ол маған акша берді». Ба-скаларға да осындай. (بېرماك - بېرر Berig-bermek: Берүр-бермек - Берер-бермек).

تاردی TARĐY ТАРДЫ: таратты; жайды.

«بَكْ سُوْسِنْ تَارْدِي» Beg süsin tardy: Бег сүсін тарды - Бек қосынын таратты». Бір адам әлдеқандай бірденені таркатса да осылай дейді.

(تَارَارُ - تَارْمَاقُ) Tarar-tarmaq: Тарар-тармақ — Тарар-тарамақ).

توردی TURĐY ТҰРДЫ: тұрды; копты.

«عَرُ يِقَارُو توردی» Er joqaru turdy: Ер жоқару тұрды - Ер жоғары тұрды». Басқалары да сондай.

(توررُ - تورمَاقُ) Turur-turmaq: Тұрұр-тұрмақ — Тұрар-тұрмақ).

توررُ TURUR ТҰРҰР: (Тұр-дүр).

Өткен шак түрі мен келесі шақтағы тұйық райы жоқ бір етістік. Бұл арабшадағы «يَدْعُ», иә «يَدْرُ» деген сөздерге ұқсайды. Бұл сөз бірдене жөнінде айтылған кезде, айтылып жатқан сәтте, оның өз орнында тұрғандығын, оның өз орнында болғандығын білдіреді. «أَنْ أَفْدَا تَوْرُ» Ol evde turug: Ол евде тұрұр — Ол үйде тұр-дүр». Ол үйде тұр дегенді аңғартады. Керісінше «түрегелді, өре тұрды» деген мағынаны білдірмейді.

«عَرُ سَكَلُ تَوْرُ» Er sækel turug: Ер сөкел тұрұр» деген сөздер «адам ауырып тұр-дүр; адам ауырды» деген мәнді білдіреді. Керісінше, «түрегелді, өре тұрды; бой көтерді» деген мағыналарды білдірмейді.

توردی TURĐY ТҰРДЫ: арықтады; (Тұрық болды. — А.Е.)

«آت توردی At turdy: Ат тұрды - Ат арықтады». Басқаларға да сондай. (تورار - تورماق) Turar-turmak: Тұрар-тұрмақ – Арықтар-арықтамақ).

تيردى TERDI TERDI: терді; жиды.

«ال تمار تيردى Ol tavar terdi: Ол табар терді - Ол мал жиды». Басқаларға да сондай.

(تيرار - تيرماق) Terer-termek: Терер–Термек – Жияр-жимак).

ساردي SERDI SERDI: кейітті.

«ال انى ساردي Ol any serdi: Ол аны серді - Ол оны кейітті; Ол ащы, дөрекі сөздермен оны ренжітті». (سرار - سرماق) Serer-sermek: Серер-сермек – Кейітер-кейітпек).

سوردي SORDY SORDY: сорды; сұрады.

«كنج سوت سوردي Kench sýt sordy: Кенч сүт сорды - Бала сүт сорды». Басқалары да осындай. «ار سوز سوردي Er söz sordy: Ер сөз сорды - Ер сөз (хабар) сұрады». «ار يتك سوردي Er jityk sordy: Ер ийтүк сорды - Ер жоғалған нәрсені сұрады; Ер жоқ сұрастырды».

(سرار - سرماق) Sorar-sormak: Сорар-сормақ – Сорар-сормақ).

قاردي QARDY QARDY: қақалды;

«أَرَّ سُوْفًا قَارْدِي» Er suvqa kardı: Ер сувқа қарды - Адам суға қақалды».

قَارْدِي ҚАРДЫ ҚАРДЫ: тасыды; тығылды.

«سُوْفِي اَرَقْتِي قَارْدِي» Suv arıqtın kardı: Сув арықтың қарды: Сув арықтың қарды - Су арықтан тасыды». Арыққа қар, мұз қатып су тасқыны мұздың үстіне асып бұрқырап төгілді дегенді білдіреді.

(قَرَارٌ - قَرْمَاقُ) Karar-karmaq: Қарар-қармақ - Тасыр-тасымақ).

تُوْزْدِي ТӨЗДІ ТӨЗДІ: ашықты*.

«أَرَّ تَمَلُّفًا تُوْزْدِي» Er tumluƣka tözdi: Ер тұм-лұғқа төзді - Ер суықтан ашықты».

(تُوْزَارٌ - تُوْزْمَاكُ) Tözär-tözmek: Төзер-төзмек - Ашығар-ашықпақ). (Қыпшақша).

سِيْزْدِي СЫЗДЫ СЫЗДЫ: еріді.

«يَاغٌ سِيْزْدِي» Jaƣ sizdy: Иағ сызды - Май еріді».

سِيْزْدِي СЫЗДЫ СЫЗДЫ: сызды; (сорғалады. А.Е.).

«اَلْمَاذِنُ سُوْفِي سِيْزْدِي» Olmazın suv sizdy: Олмадзын сув сызды - Күбі, не сондай ыдыстардан су сызды». (Су сыздықтап ақты. А.Е.).

سِيْزْدِي СЫЗДЫ СЫЗДЫ: сызды; (көтерілді, шықты - А.Е.)

* Біздің ойымызша: «Ер суыққа төзді» деген өз түзілімі де түсінікті-ақ. Әйтсе де, «تُوْزْدِي tözdi: төзді - ашықты» деп түсіндірілген, «Көне түрік сөздігінде» де солай. (Қараныз: ДТС., Стр. 582).

«كُون سِزْدِي» Күн сызды: Күн сызды - Күн көрінді». Күннің шығыстан көтеріліп көріне бастауы. (سِزْمَاق - سِزَار - سِزَار) Сызар-сызмақ: Сызар-сызмақ – Көрінер-көрінбек).

قىشىدى ҚЫШДЫ ҚЫШДЫ: қайтты; кисайды.

«أر يولدن قيشدى» Erjoldan қышды: Ер иолдан қышды - Адам жолдан қайтты». Күн көктің ортасынан ауып еңкейсе де осы сөз қолданылады. (قىشمار - قىشمار) Қышаг-қыштак: Қышар-қышмақ – Қайтар-қайтпак).

توغدى TUҒДЫ ТҰҒДЫ: туды; шықты; көтерілді.

«توغ توغدى» Тоғ tuғды: Тоғ тұғды - Тозаң көтерілді». (توغماق - توغار - توغار) Туғар-туғмақ: Тұғар-тұғмақ – Туар-тумақ).

Жырда былай деп келеді:

«اغدى قزل بىراق

توغدى قرا تىراق

يتشو كلب اغراق

تقشب انن كيجتمز

*Ағды қызыл байрақ
Тұғды қара топрақ
Жетіу келіп оғрақ
Тоқшыр апын кештіміз:*

*Ағды қызыл байрақ
Тұғды қара топрақ
Иетшү келіп оғрақ
Тоқшып анын кештіміз –*

*Тұрды қызыл байрақ,
Шықты қара топырақ,
Жетті келіп Оғрақ,
Соғысып, содан кешіктік!»*

(Қызыл байрақ желбіреп көтерілді; Қара топырақ, шаң-тозаң шықты; Оғрақтың аттылары келіп жетіп бізге қосылды; Біз бірігіп тоғысып, ұрыс салдық. Содан кешігіп қалдық).

ايفدى EVDI

ЕВДІ: әбдіреді; састы, асықты.

«ار ايفدى» Er evdi: Ер ебді - Адам әбіреді».

«ايغار - ايتماك» Ever-evmek: Евер-евмек – Әбдірер-әбдіремек).

قوڧدى QOVĐY

ҚОВДЫ: қуды; шаптырды.

«ار اتن قوڧدى» Er атын қовды: Ер атын қобды - Адам атын шаптырды».

Қандай да бірдеңені қуаласа да осылай дейді.

چيڧدى ШЫҚДЫ ШЫҚДЫ: дымқылданды; суланды.

«تون چيڧدى» Ton шықды: Тон шықды - Тон суланды; тон су болды». Бір нәрсе жерден сыз тартып, дымқылданып қалса да осылай дейді.

شۈيقۈر - شۈيقۈر شۈيقۈر-شۈيقۈر: Шықағ-шықтақ: Шықар-шық-
мақ – Дымқылданар-дымқылданбақ).

قوڭدى كۆڭدى كۆڭدى: коқыды, коқсыды.

«آت قوڭدى» Et коқыды: Ет коқыды - Ет коқсыды,
яғни еттің коқсып күйген иісі бұрқырап шық-
«قۇرتغا بۇزىك بىلماس يىرىم تارتير» Kurtğa büzik bilmas yırım tartır

bilmes jerim tar ter: Құртға бүдзік білмес иерім тар тер - Кемпір билей білмес, жер тар дер». Бұл мақал іс жайында білгірлік көрсетіп мақтанған, ал бір істі істеуді өтінгенде жоқты-барды себеп қылып, істемейтін адамдарға қарата айтылған.

اُذِيْدِي UZYDY ҰДЗЫДЫ: ұйықтады.

«ار اُذِيْدِي» Ер узыды: Ер ұдзыды – Адам ұйықтады». Басқалары да осындай. (اُذِيْمَاق - اُذِيْمَاق) Узыг-узымақ: Ұдзыр-ұдзымақ – Ұйықтар-ұйықтамақ).

بُؤُودِي BOZUDY БОДЗҰДЫ: бояды.

«ال بُؤُودِي» Ol tonuғ bozudy: Ол тонұғ бодзұды – Ол тонын бояды». Басқалары да сондай.

بُؤُودِي BOZUDY БОДЗҰДЫ: жапсырды.

«ال بُؤُودِي كِيكِنِي يَغَاشِقَا» Ol oqyn urdy kejkіnі yғашqа bozudy: Ол оқын ұрды кейікні иығашқа бодзұды – Ол оқын ұрды, киікті ағашқа жапсырды». Басқалары да осындай. (بُؤُور - بُؤُورِماق) Возиг-возитмақ: Бодзұр-бодзұмақ – Жапсырар-жапсырмақ).

قَؤُودِي QAZUDY ҚАДЗҰДЫ: көктеді, (қайып тікті)

«ال قَؤُودِي» Ol tonuғ qazudy: Ол тонұғ қадзұды – Ол тонын көктеп тікті». (قَؤُور - قَؤُورِماق) Қазиг-қазитмақ: Қадзұр-қадзұмақ – Көктер - көктемек).

يَزِيدِي ҰЗЫДЫ ИЫДЗЫДЫ: жидіді; сасыды.

«يَزِيدِي نَا نَا» Ұзыды нең: Иыдзыды нең –
Нәрсе сасыды».

Аз қолданылатын сөз.

تَرَادِي TARADY TAPADY: тарады; таратты.

«تَرَادِي قِيَز سَجِن» Қыз сашын тарadı: Қыз сашын
тарады - Қыз шашын тарады».

«تَرَادِي سُوْسِن اَنَّا» Аның сүсин тарadı: Аның
сүсин тарады - Оның қосынын таратты».

Бұл сөздің негізі «تَرَادِي» тарды – айырды, ажы-
ратты» болады. Көрініп тұрғандай, бұл екі етіс-
тіктің келер шақ түрлері бірдей.

«تَرَادِي» Тарды: тарды – айырды» дегендегі етістіктің келер шақ
түрі «تَرَارِي» тарар», «تَرَادِي» тарadı: тара-
ды» етістігінің де келер шақ түрі «تَرَارِي» тарар:

тарар - тарар». Әйтсе де, бұл ереже етістіктер-
дің бәріне бірдей ортақ емес. Екі әріпті, үш әріпті
етістіктердің келер шақ түрлері бір сипатты
болып, өткен шақ түрлері өзгеше қолданыла-
ды.

Мәселен, «تَرَارِي اَشْدِي» Ер арт ашды: Ер
арт ашды - Адам асудан асты» мен
«تَرَارِي اَشْدِي» Ол аш ашады: Ол аш ашады -
Ол ас асады» дегендегі екі етістіктің өткен шақ
түрлері екі түрлі болса да, «تَرَارِي» ашды: ашды –

«تَرَارِي» ашды: ашды –

«تَرَارِي» ашды: ашды –

«تَرَارِي» ашды: ашды –

асты» етістігі мен «أَشَادِي» ашады: ашады – асады» етістігінің келер шақ түрлері бір сипатта, «أَشَارُ» ашаг-ашар» болады. Сол секілді, «أَنْ سَفَقَا قَنْدِي» Ol сувқа қанды: Ол сувқа қанды - Ол суға қанды» дегендегі «قَنْدِي» қанды: қанды» етістігінің келер шақтағы түзілімі «قَنْبَارُ» қапаг: қанар» болады да, мәсдары «قَنْمَاقُ» қапмак: қанмак» болады. Осы тәріздес «أَنْ أَتَنَ قَنْدِي» Ol атын қанады: Ол атын қанады - Ол атынан қан алды» дегендегі «قَنْدِي» қанады: қанады» етістігінің келер шақ түрі де алдыңғы сөздердегі етістік секілді «قَنْبَارُ» қапаг-қанар» болады. Мұның мәсдары - «قَنْمَاقُ» қапмак: қанамак». «قَنْمَاقُ» Қапмак: қанмак» пен «قَنْمَاقُ» қапмак: қанамак» етістіктері келер шақ түрінде бірдей. Басқаша айтқанда, өткен шақ пен тұйық райда өзгешеленіп шығады.

تَرُودِي TARUDY ТАРҰДЫ: тарылды.

«أَنْ تَرُودِي» Ev tarudy: Еб тарұды - Үй тарылды». Көкірек, не тағы басқа нәрселер тарылса да солай дейді. «أَنْ بَشَدِي تَرُودِي» Er ruşdy tarudy: Ер пұшды тарұды - Адам ашуланып тарылды». «تَرُومَاقُ - تَرُورُ» Tarur-tarumak: Тарұр-тарұмак - Тарылар-тарылмак).

تَرُودِي TƏRYDI TƏRÜDİ: жаратылды.

«تَرُودِي بِلَنُكُنِّي Jalyñuk tərüdi: Иалыңұқ төрүді - Адам жаратылды». Бұл өтімсіз етістік.

تَرُودِي - تَرُودِي (تَرُودِي - تَرُودِي) Təryg-tərymek: Төрүр-төрүмек - Жаратылар-жаратылмақ).

تَرِيدِي TARYDY TARYDY: екті.

«تَرِيدِي اَل تَرِيغِ Ol tağy tağydy: Ол тағығ тағыды - Ол тары екті; Ол егін екті». Басқаларға да сондай. تَرِيدِي - تَرِيدِي Tağy-tağymaq: Тарыр-тарымақ - Егер-екпек).

تَرَادِي TIREDI TIREDI: тіреді.

«تَرَادِي اَل تَبِيغِ Ol qaruy tiredi: Ол қапұғ тіреді - Ол қақпаны тіреді» Бірденеге тірек қойып тірегенде осылай дейді. تَرَادِي - تَرَادِي Tirer-tiremek: Тірер-тіремек - Тірер-тіремек).

سَرِيدِي SYRYDY SYRYDY: сиді; сарқты.

«سَرِيدِي اَت It syrydy: It сырыды - Ит сиді».

سَرِيدِي SYRYDY SYRYDY: сырыды; сырып тікті.

«سَرِيدِي اَل كِزِي Ol kiziz syrydy: Ол кідзіз сырыды — Ол киіз сырыды; яғни ол түркмендердің шатырының үстіңгі жамылғы перде-

сіндей етіп, немесе көш кезіндегі теңдер секілді кигізді берік, сырып тікті».

(سَریماق - سَریر Sarıg-sarıgmaq: Сырыг-сырымақ – Сырыр-сырымақ).

سَرودی SARUDY SAPYDY: орады; түйді.

«السُّوْلُقُ سَرودی Ol suwluq sarudy: Ол сувлык сарұды - Ол сулық орады».

Бір нәрсенің үстінен бір нәрсені салып ораса, осылай дейді. (سَروماق - سَروز Sarug-sarugmaq: Сарұр-сарұмақ – Орап-орамақ).

قَریدی ҚАРЫДЫ ҚАРЫДЫ: картайды.

«أَر قَریدی Er қағыды: Ер қарыды - Ер картайды». Басқалар да сондай. (قَریماق - قَریر Qarımacaq - Qarır).

Қағыг-қағытақ: Қарыр-қарымақ – Қартаяр-картаймақ). Мақалда былай деп келген:

«أَرسلان قَریسا سَجغان اُتِن كُندانور» Arslan қағыса ышшаған өтін көзезүг: Арслан қарыса ышшаған өтін көдзезүр – Арыстан қартайса тышқанның інін күзетер; (Арыстан қартайса тышқанның інін андиды)».

Бұл мақал ірі істерге қарымы жетпей, шама-сына шақ жеңіл-желпі істерді атқарғанға қанағаттанып, разы болған қарттарға қаратып айтылады.

قَریدی ҚҰРЫДЫ ҚҰРЫДЫ: құрғады.

«قَریدی تون» Ton қиғыды: Тон құрыды - Тон

кұрғады». Басқаларға да осындай.

قُرَيْرٌ - قُرَيْمًاق Қуғыг-қуғымақ: Құрыр-құрымақ — Құрғар-құрғамақ).

قُرَيْدِي ҚОРЫДЫ ҚОРЫДЫ: құрғады.

أَتَيْغٌ قُرَيْدِي Отығ қоғыды: Отығ қорыды - Шөп құрғады». Басқалары да сондай.
 قُرَيْرٌ - قُرَيْمًاق Қоғыг-қоғымақ: Қорыр-қорымақ — Құрғар-құрғамақ).

كُرَادِي KYREDI КҮРЕДІ: қашты.

قُلٌ كُرَادِي Құл күреді: Құл күреді - Құл қашты». Басқаларға да осындай. (كُرَامًاق Күрег-күгемек: Күрер-күремек — Қашар-қашпақ).

كُرَيْدِي KYRIDI КҮРІДІ: күреді; тарпыды.

أَتٌ كُرَيْدِي Ат күріді: Ат күріді - Ат күреді; ат алдыңғы аяқтарымен жер тарпыды».
 أَلٌ قَارِغٌ كُرَيْدِي Ол қағығ күріді: Ол қарығ күріді - Ол қар күреді». (كُرَيْمًاق Күгіг-күгітек: Күгір-күгімек — Күрер-күремек).

بَزَادِي BEZEDI БЕЗЕДІ: безеді.

أَلٌ أَعِينٌ بَزَادِي Ол ерін безеді - Ол үйін безеді». Басқаларға да сол секілді.
 بَزَارٌ - بَزَامًاق Bezeg-bezemek: Безер-беземек — Безер-беземек).

تُزَادِي TUZADЫ TҮZADЫ: тұзады*.

«أَلْ أَاتُ تُزَادِي» Ol et tuzady: Ол ет тұзады - Ол ет тұзады». Бұл сөз «تُزَادِي» tuzlady: тұзлады» сөзінің орнына қолданылады.

قَزِيدِي ҚАЗЫДЫ ҚАЗЫДЫ: қазды.

«أَلْ يِيرِكُ قَزِيدِي» Ol jerig kazady: Ол иеріг қазды - Ол жерді қазды».

Жара, тағы да сондай нәрселерді копарса, ашса да осы сөзді қолданады. (قَزِيمَاقُ - قَزِيرُ Қазыг-қазымақ: Қазыр-қазымақ – Қазар-қазбак).

قُرِيدِي ҚҰРЫДЫ ҚҰРЫДЫ: құрғады.

«أَنْلِكَ بَغْزِي أَشَقَا قُرِيدِي» Аның боғзы ашқа қузыды: Аның боғзы ашқа құзыды - Оның тамағы асқа (жете алмай) құрғады». Қолда-нылатын түрі осы. Дұрысырағы ноқатсыз, «ر» — р»

әрпімен келгені. «سُوتُ أَمْزِدِي» Syt emuzdi: Сүт емүзді – Сүт емізді» тіркесіндей сирек қолданылады. (قُرِيمَاقُ - قُرِيرُ Қуыг-қуымақ: Құрыр-құрымақ – Құрғар-құрғамак).

قَزُودِي ҚЫЗУДЫ ҚЫЗҰДЫ: қымбаттады; бағасы өсті.

«تَفَارُ قَزُودِي» Tavaг kyzudy: Табар қызұды - Мал

* Бұл сөздің келер шағы мен тұйық райы көрсетілмеген.

қымбаттады». (قُزوماق - قُزور Қызур-қызумақ;
Қызұр-қызұмақ – Қымбаттар-қымбаттамақ).

قُزادی

ҚЫЗАДЫ ҚЫЗАДЫ: қыздығын алды.

«ال قُزغ قُزادی» Ol қызығ қызады: Ол қызығ
қызады - Ол қыздың қыздығын алды».

(قُزار - قُزاماق Қызар-қызатақ: Қызар-қыза-
мақ – Қыздығын алар-қыздығын алмақ).

كُزادی

КӨЗЕДІ КӨЗДЕДІ: көзеді; көседі.

«ال ات كُزادی» Ol ot көзеді: Ол от көзеді - Ол
от көседі; (Ол көсеумен отты көседі)».

(كُزار - كُزاماك Көзер-көземек: Көзер-көзе-
мек – Көсер-көсемек).

كُزادی

КӨЗЕДІ КӨЗЕДІ: көседі.

«ال اُزمني كُزادی» Ol үзүмні көзеді: Ол үзүмні
көзеді - Ол жүзімді собығынан үзіп алды». (Ол
жүзімді көседі).

كُزادی

КҮЗЕДІ КҮЗЕДІ: күзеді; күзді өткізді.

«ال ِبِلاغدا كُزادی» Ol jajlarǵa күзеді: Ол иайлағ-
да күзеді - Ол жайлауда күзеді; Ол жайлауда
күзді өткізді». Басқалары да сондай.

(كُزار - كُزاماك Күзер-күземек: Күзер-күземек
– Күздер-күздемек).

سَسیدی

SASYDY SASYDY: сасыды.

«نَانِكْ سَسِدِي Sasıdy neñ: Сасыды нең - Нәрсе сасыды». (سَسِيْمَاقْ - سَسِيْرْ Sasıg-sasımaq: Сасыр-сасымақ.)

كُؤَسَدِي KÖSEDI KÖSEDI: аңсады; іздеді.

«اَلْ اَنِي كُرْمَاكِنِ كُؤَسَدِي» Ol аны көгтекин көседі: Ол аны көрмекін көседі - Ол оны көруді аңсады». Бірнәрсені көруді тілеп, іздесе де осы сөзді қолданады. (كُؤَسَاْمَاكْ - كُؤَسَاْرْ Kөser-kөsetek: Көсер-көсемек — Іздер-іздемек).

بَؤَاْدِي BASHADY BASHADY: жонды; кертті.

«اَلْ اِيْغَاجِيْغْ بَؤَاْدِي» Ol жығашығ башады: Ол иығашығ башады - Ол ағашты жонды; Ағашты кесіп, кертіп белгі салды».

Ағаштарды біріне-бірін тіреп қойса да осы сөзді қолданады. (بَؤَاْمَاقْ - بَؤَاْرْ Башаг-башамақ: Башар-башамақ — Жонар-жонбақ).

بُؤُؤُدِي BOŞUDY BOŞUDY: босатты.

«اَنِكْ اُوْزِيْ بُؤُؤُدِي» Аның өзі бошуды: Аның өзі бошуды - Оның өзі босатты».

بُؤُؤُدِي BOŞUDY BOŞUDY: босады; шешілді.*

«تُكُونْ بُؤُؤُدِي» Tүgүн бошуды: Түгүн бошуды -

Түйін босады». «اَتْ بُؤُؤُدِي» At бошуды: Ат бошуды - Ат шешілді; Ат байлаудан босады».

* Көдімгі «босты; босып кетті» дегендегі «босудын» түп-тамыры осы. А.Е.

بشودي BOŞUDY BOŞUĐDY: босатты, рұқсат етті; қоя берді (бос жіберді).

«خان يلاوجغ بشودي» Хан jalawашығ boşudy:

Хан иалавашығ бошұды - Хан елшіні босатты;

«ار ار اغتن بشودي» Ер Ер ұрағұтын бошұды - Ер қатынын босатты; Ер қатынын қоя берді».

Бұл әрі салт, әрі сабақтас етістік.

Бұл әрі салт, әрі сабақтас етістік.

«بشور - بشوماق» Вошиг-бошимақ: Бошұр-бошұмақ - Босатар-босатпақ).

تاشودي TAŞUDY TAŞUĐDY: тасыды.

«ال افكا يرماق تاشودي» Ol ebge jarмақ tашudy:

Ол ебге иармақ ташұды - Ол үйге ақша тасыды». Басқаларға да осы секілді.

«تاشور - تاشوماق» Ташиг-ташимақ: Ташұр-Ташұмақ - Тасыр-Тасымақ).

تَشَادِي TŪŞEDI TŪŞEĐI: түс көрді; түсіне енді.

«ال توش تَشَادِي» Ol tŷş tŷşedi: Ол түш түшеді - Ол түс көрді». Ұйықтап жатып ұйқысыраса да осылай дейді.

Жатқанда шәухеті шығып кетсе де солай дейді.

«تَشَامَاك - تَشَار» Түшер-түшемек: Түшер-түшемек - Түсіне енер - түсіне енбек).

تَشَادِي TŌŞEDI TŌŞEĐI: төседі.

«تَشَاكُ تَشَادِي» Tөшек төшеді: Төшек төшеді - Тө-
сек төседі; Төсек салды».
Басқасы да сондай.

تَشَادِي TИШЕДИ TИШЕДИ: тіседі; қайрады, егеді.

«تَكْرِمَان تَشَادِي» Tegirmen тішеді: Тегірмен тіше-
ді - Диірмен тісін қайрады; Диірмен тісін өткір-
леп шығарды». Бұл орайда анықталушы түсіп
қалады да, анықтауыш алынған. Өйткені
«تَكْرِمَان Tegirmen: Тегірмен - Диірмен» диірмен
атаулының ортақ атауы. Яғни, бұл жерде өткір-
ленетін, қайралатын диірменнің өзі емес,

диірменнің тісі. «اَرَاقُ تَشَادِي» Ol орақ тіше-
ді: Ол орақ тішеді - Ол орақты өткірледі». (Ол
орақтың тісін қайрады – А.Е.).

«تَشَارُ - تَشَامَاكُ» Тішер-тішемек: Тішер-тішемек
– Қайрар-қайрамақ).

جَشَادِي ЧИШЕДИ ЧИШДДИ: дәрет сындырды. (кіш етті – А.Е.)

«اَغْلَان جَشَادِي» Oғлан чішеді -
Бала кіш етті». Бұл сөз тек кішкене балаларға
ғана қатысты айтылады.

سَشُوْدِي СЕШҮДИ СЕШҮДИ: шешілді; шешіле жаздады.

«تُكُونُ - سَشُوْدِي» Tүгүн сешүді: Түгүн сешүді -
Түйін босап, шешіліп кете жаздады».

«سَشُوْرُ - سَشُوْمَاكُ» Сешүг-сешүмек: Сешүр-се-
шүмек – Шешілер-шешілмек).

قَشِيدِي

ҚАШЫДЫ ҚАШЫДЫ: қасыды; қасылады.

«أَلْ مَنْي قَشِيدِي» Ol meni қашыды: Ол мені қашыды - Ол мені қасыды; Ол менің денемді

қасыды». (قَشِيمَاقْ - قَشِيرْ Қашығ-қашымақ:

Қашыр-қашымақ — Қасыр-қасымақ).

Мақалда былай деп келген:

«الْدَجِي سَجْعَانْ مَوْشْ تَشَقْنْ قَشِيرْ» Öldeshi

сышған тиш ташакып қашығ: Өлдеші сышқан мүш ташакын қашыр - Өлетін тышқан мысықтың тасағын қасыр».

Бұл мақал берекесіз, еш нәтиже шықпайтын іске ұрынған адамға қатысты айтылады.

كُشِيدِي

КӨШІДІ КӨШІДІ: көлеңкеледі; көлегейледі.

«تَامْ كُونُكْ كُشِيدِي» Tam күнүг көшіді: Там күнүг көшіді - Там күнді көлегейледі».

Кез-келген нәрсе жарықты жапса да, көлегейлесе де осылай дейді. (كُشِيمَاكْ - كُشِيرْ Көшіг-көшітек: Көшір-көшімек — Көлегейлер-көлегейлемек).

كِشَادِي

КІШЕДІ КІШЕДІ: кісендеді; шідерледі.

«أَلْ أَتَغْ كِشَادِي» Ol атығ кішеді: Ол атығ кішеді - Ол атын кісендеді». «أَرْ قُولَنْ كِشَادِي» Er қулып кішеді: Ер құлын кішеді - Ер құлын кісендеді».

(كِشَامَاكْ - كِشَارْ Кішер-кішемек: Кішер-кішемек - Кісендер-кісендемек).

سغیدی SOҒЫДЫ СОҒЫДЫ: суыды.

«سوغی سوغی» Suv soғыды: Сув соғыды - Су суыды». Басқаларға да осындай. (سغیر - سغیماق) SOҒЫГ-СОҒЫТАҚ: СОҒЫР-СОҒЫМАҚ - Суыр-суымақ)

تقیدی ТОҚЫДЫ ТОҚЫДЫ: тоқылдатты; қақты; соқты.

«ال قَبْعُ تُقِیدی» Ol қауғ тоқиды: Ол қауғ тоқиды — Ол қақпаны тоқылдатты:

«ال قَوْلانِ تُقِیدی» Ol қулып тоқыды: Ол қулын тоқыды - Ол қулын соқты». (Оғызша). Түркітер

бұл сөзді қос сөз етіп «اردي تُقِیدی» urdy тоқыды: ұрды-тоқуды — ұрды-соқты (ұрып-соқты.

А.Е.) түрінде қолданады. «تارجي قلیج تُقِیدی»

Темүрші қылыш тоқыды: Темүрші қылыш тоқыды -Темірші қылыш соқты; демек, темірші қылыш, пышақ, тағы басқа заттарды жасады».

«ار بوز تُقِیدی» Er bez тоқыды: Ер бөз тоқыды - Адам бөз тоқыды». Басқалары да осындай.

«انې سف تُقِیدی» Аны suv тоқыды: Аны сув тоқыды - Оны су соқты; яғни оны ағынды су

жұлып әкетті». «ارني يیل تُقِیدی» Erni jel тоқыды: Ерні иел тоқыды - Адамды жел қақты;

адамды жын соқты». (Жел ұрды). (تَقِيمَاقُ - تَقِيرُ)
Тоқыг-тоқымақ: Тоқыр-тоқымақ — Соғар-соқпақ).

سَقِيدِي

SAҚЫДЫ САҚЫДЫ: елестеді.

«Ol менің көзіме
اَلْ مِنْكَ كُوْرْمَا سَقِيدِي»
сақыды: Ол менің көзіме сақыды — Ол менің
көзіме елестеді». «ساقِغِ سَقِيدِي» Сақығ сақыды:
Сақығ сақыды — сағым судай көрінді; сағым су-
дай елестеді». (سَقِيمَاقُ - سَقِيرُ) Сақыг-сақымақ:
Сақыр-сақымақ — Елестер-елестемек).

سُقِيدِي

SUҚЫДЫ СУҚЫДЫ: қытықтады.

«Ol аны суқыды: Ол аны сұкы-
اَلْ اَنِي سُقِيدِي»
ды - Ол оны қытықтады; Ол оны саусағымен
қытықтады». (سُقِيمَاقُ - سُقِيرُ) Суқыг-суқымақ:
Сұқыр-сұқымақ — Саусағымен қытықтар-сау-
сағымен қытықтамақ).

سِقَادِي

SYҚАДЫ SYҚАДЫ: сылады; сипады.

«Ol аның башын сықады:
اَلْ اَنِكَ بَشِنِ سِقَادِي»
Ол аның башын сықады — Ол оның басын сы-
лады; яғни ол оған мейірленіп басын сипады». Кез-келген нәрсені қолмен сылап-сипаса да
осылай дейді. (سِقَامَاقُ - سِقَارُ) Сықаг-сықамақ:
Сықар-сықамақ — Сылар-сыламақ).

قَقِيدِي

ҚАҚЫДЫ ҚАҚЫДЫ: ашуланды; ренжіді.

«Ol анын қакыды: Ол анын
اَلْ اَنَدِنِ قَقِيدِي»

қақыды - Ол одан ашуланды». Оның істеген ісіне, қылығына ренжіді. (قَقِيمَاقْ - قَقِيْرْ Қақыг-қақымақ: Қақыр-қақымақ – Ашуланар-ашуланбақ).

Бұл сөз арғулар тілінде «قَقِيْرْ қақығу: қақыиұр» секілді айтылады. Арғулар осы бөлімдегі барлық келер шақтағы етістіктерді етістік түбірінде зәммә келмегендігіне қарамастан, зәммәлық етіп сөйлейді. Бұл қағидаға үйлеспейді. Бұл олардың тіліндегі кемістік.

بَكُوْدِي BEKYDI БЕКУДИ: бекіді; қатайды.

«تَكُوْنُ بَكُوْدِي Түгүн beküdi: Түгүн бекүді - Түйін бекіді». Бір нәрсе бекісе, қатайса осы сөз колданылады. (بَكُوْرْ - بَكُوْمَاكْ Bekүг-bekүмек: Бекүр-бекүмек – Бекір-бекімек).

تَكَاْدِي TYGEDI ТҮГЕДИ: түгесілді; таусылды.

«ايشش تَكَاْدِي Ыш tygedi: Ыш түгеді - Іс түгесілді».

تَكَاْدِي TYGEDI ТҮГЕДИ: жетті. (Түгел жетті; түгенделді – А.Е).
«بُو اَشْرُ قَمْعَقَا تَكَاْدِي Bu аш қамуғқа түgedi: Вү аш қамуғқа түгеді - Бұл ас бәріне жетті». Бұлар қарама-қарсы мағынадағы сөздер.

بِلَاْدِي BELEDI БЕЛЕДИ: беледі; маңырады.

«قَوِيْ بِلَاْدِي Қой beledi: Қой беледі - Қой маңырады».

بَلَرُ - بِلَامَاكُ Beler-belemek: Белер-белемек –
Маңырар-маңырамак).

بُلَادِي BULADY БУЛАДЫ: пісірді; бұқтырып, булап пісірді.

«بُلَادِي قُوزِي Қозы bulady: Қозы булады - Қозы-
ны пісірді». (Қозы етін булап пісірді). Басқала-
ры да осындай. (بُلَامَاق - بُلَارُ Bular-bulamaq:
Булар-буламак – Пісірер-пісірмек).

بِلَادِي BILEDI БЛЕДИ: біледі.

«بِلَادِي اَلْ بِيَاكُ ОI рышек beledi: ОI пішек бі-
леді - ОI пышак біледі». (ОI пышакты білегіне
жаныды). «بِلَادِي اَلْ تِيَشْ ОI тыш beledi: ОI
тыш біледі - ОI тіс біледі». (ОI тісін қайрады).
«بِلَامَاكُ - بِلَارُ Biler-bilemek: Білер-білемек –
Білер-білемек).

بِلَادِي BELEDI БЕЛЕДИ: бөледі.

«بِلَادِي اَلْ كَنْجِنْ ОI kenşin beledi: ОI кеншін
беледі - ОI баласын бөледі; Демек, ол баласын
бесікке бөледі». «بِلَادِي اَلْ اَنِي قَانِكَا ОI апы
қапына beledi: ОI аны қаныңа беледі - ОI оны
қанға бөледі; ОI оны қанға бөктірді»*.
«بِلَامَاكُ - بِلَارُ Beler-belemek: Белер-белемек –
Бөлер-бөлемек).

* «Bele-III. Измазатъ: ОI апы қапына beledi: Он измазал его в кровь. (МК 563/11)». (ДТС., Стр. 93)

تۈلدى TYLEDI ТҮЛЕДІ: түледі.

«آت تۈلدى At tyledi: Ат түледі - Ат түледі; Жылқы қысқы жүнін тастады». Басқаларға да осындай. Қысқы жүнін түсіріп, жаңа жүн өсіп шықты деген мөнде. تۈلر - تۈلمەك Tüler-tylemek: Түлер-түлемек – Түлер-түлемек).

Бұл сөздің түпкі негізі «تۈلدى» кейін «و — у» өрпі түсіп қалған.

تۈلدى TÖLEDI ТӨЛЕДІ: төлдеді.

«قوی تۈلدى Qoj töledi: Қой төледі - Қой төледі». (Оғызша). تۈلر - تۈلمەك Töler-tölemek: Төлер-төлемек – Төлдер-төлдемек).

تۈلدى TILEDI ТІЛЕДІ: тіледі; қалады.

«Ol аны тۈлدى Ol аны тіледі - Ол оны тіледі». «تۈنگۈرى انداغ تۈلدى Tөngi andağ tiledi: Төңрі андағ тіледі - Төңрі сондайды тіледі, қалады». تۈلر - تۈلمەك Tiler-tilemek: Тілер-тілемек).

چۈلدى ЧІЛЕДІ: шылады; дымкылдады.

«تونۇغ چۈلدى Tonuğ çiledi: Тонұғ чіледі - Тоннын шылады». Басқалары да сондай. چۈلر - چۈلمەك Çiler-çilemek: Чілер-чілемек - Шылар-шыламақ).

Негізінде «جیلادی» *çiledi*: чиледі» болып, кейін «ی — и» әрпі түсіп қалған.

سِلادی SYLEDİ СҮЛЕДІ: қосын жіберді; (әскери күш қосты, қолданды — А.Е.)

بَكْ بَغِيقَا سِلادی Begjaғықа syledi: Бег иағықа сүледі — Бек жауға қосын жіберді; Яғни ұрыс салды, жауға қарсы қол шаптырды». Әуелінде

«سولادی» *syledi*: сүледі» болып, кейін «و — у» әрпі түсіп қалған.

سولاماك سولار سُولەر-سُولَمەك Süler-sülemek: Сүлер-сүлемек — Қосын салар — қосын салмақ).

Жырда былай деп келген:

يَعْنُكَ تَبَا تَتْرُو بَقَبْ بَكْدَنُكَ بِلَا
اَغْرَبْ قَلِي كَلْسَا سَنَكَا قَرَشُو سَلَا

Jaғың taba tetry baқыp bөkдең bile

Oғарп қалы kelse саңа қарши syle:*

Иағың таба тетру бақып бөкдең биле,

Oғарп қалы келсе саңа қаршү сүле —

Дұшпан жақты жіті бағып, биле қанжар,

Жиылып, егер, келсе саған, қарсы қол сал».

(Жауың жақты жіті көзбен қарап, сақ бол, Қаруынды білеп, сай ұста; Егер саған қарсы топтанып келсе, қарсы қол, қосын шығарып, ұрыс сал).

* «قَلِي» қалы: қалы-егер» сөзінің тұсына жазба нұскасында «قَاشَان» қашап: қашан» деген сөз де жазылған. Екі сөзді де қолдануға болады, мәні бірдей дегендей. А.Е.

قَلِيدِي

ҚАЛЫДЫ ҚАЛЫДЫ: шапшыды; қарғыды.

«آت قَلِيدِي» At қалыды: Ат қалыды - Ат қарғы-

ды». (قَلِيمَاق - قَلِير قалығ-қалытақ: Қалыр-
қалымақ – Қарғыр-қарғымақ).

كُلِيدِي

КӨЛІДІ КӨЛІДІ: көмілді.

«أَلْكَ كَلِيدِي» Ölüg көліdi: Өлүг көліdi - Өлік кө-

мілді». Басқалары да сондай. (كَلِيمَاك - كَلِير Көліг-көлімек: Көлір-көлімек – Көмілер – кө-

мілмек).

قَمَادِي

ҚАМАДЫ ҚАМАДЫ: камалды; қарықты.

«كُوز قَمَادِي» Kөz қамады: Көз қамады - Көз

қарықты». (قَمَار - قَمَامَاق Қамар-қаматақ:
Қамар-қамамақ – Қарығар-қарықпақ).

«أَنكَ تِيشِي قَمَادِي» Аның тышы қамады: Аның
тышы қамады - Оның тісі қамады; Ащы нәрсе
жегендіктен оның тісі камалды». Мақалда бы-
лай деп келген:

«أَتَاسِي أَنَاسِي أَجِيغُ أَلْمِلَا يِيسَا أَغْلِي قَبِيزِي»

Atасы anасы ащығ алмыла jесе оғлы

қызы тышы қамар: Атасы anасы ащығ алмыла
иеce оғлы қызы тышы қамар - Атасы-anасы ащы
алма jесе, ұл-қызының тісі қамалар».

Бұл мақал ата-анасының істеген қиянаты үшін балалары бейнет шегеді, солар жауап береді дегенді мегзейді.

قَمِيدِي

КОМЫДЫ ҚОМЫДЫ: сағынды; (кам жеді – А.Е.).

«أَقْنِكَ قَمِيدِي» Er eviңe qomydy: Ер ебиңе қомыды - Адам үйінің қамын жеді». Адам бір нәрсені сағынып, көңілінде содан алаң туса да,

құлазып қам жесе де солай дейді. (قَمِير - قَمِيمَاق)

Қотыг-қотытақ: Қомыр-комымақ – Сағынар-сағынбақ).

تَنُودِي

TANUDY TАНҰДЫ: айтты; (білдірді, тапсырды А.Е.).

«أَلْ مَنِكَ سَوْز تَنُودِي» Ol maңa söz tanudy: Ол маңа сөз таңұды - Ол маған сөз айтты.»; (Ол маған сөз айтып, бұйырды).

Кез-келген бір нәрсені нұсқаса, тапсырса да осылай дейді. (تَنُور - تَنُومَاق) Tanur-tanumak: Танұр-танұмақ – Тапсырар-тапсырмақ).

تَنَادِي

TYNEDI TҮНЕДІ: түнеді.

«أَلْ مَنَدَا تَنَادِي» Ol munda tynedi: Ол мұнда түнеді - Ол мұнда түнеді; Демек, осында, менің жанымда түнеп шықты». (تَنَامَاك - تَنَار) Tüner-tünetek: Түнер-түнемек).

سِنَادِي

SYNADY CЫНАДЫ: сынады.

«أَلْ أَنِي سِنَادِي» Ol any synady: Ол аны сынады - Ол оны сынады». Ол оны қандай да бір істе сынады.

سِنَارٌ - سِنَامَاقُ Syнар-сыпатақ: Сынар-сынамақ).

قِنَادِي

ҚАНАДЫ ҚАНАДЫ: қан алды.

«الْ اَنْ قِنَادِي» Ol атын қанады: Ол атын қанады - Ол атынан қан алды». «قِنَامَاقُ - قِنَارٌ Қанаг-қапатақ: Қанар-қанамақ — Қан алар - қан алмақ).

قِنَادِي

ҚЫНАДЫ ҚЫНАДЫ: қинады; кындады.

«بَكَّ اَنِي قِنَادِي» Бег апы қынады: Бег аны қинады - Бек оны қинады». «تَنْكِرِي اَنِي قِنَادِي» Тәңгі апы қынады: Тәңгі аны қынады - Тәңгі оны қинады; жазалады». «الْ اِنْ بِجَاكِنْ قِنَادِي» Ol пішакін қынады: Ол пішакін қынады - Ол пышағын кындады; қынаптады». «قِنَارٌ - قِنَامَاقُ Қыпаг-қыпатақ: Қынар-қынамақ — Қинар - кинамақ).

قِنَادِي

ҚАНАДЫ ҚАНАДЫ: қанады.

«بُرُون قِنَادِي» Бұрын қанады: Бұрын қанады - Мұрын қанады». Адам денесінің бір жері қанаса да осылай дейді. Әуелінде: «قَانِيدِي» қаниды: қаниды» болған еді, кейін өріп түсіп қалған.

«قَانِيْرٌ - قَانِيْمَاقُ Қаныг-қапытақ: Қаныр-қанымақ — Қанар-қанамақ).

مِنَادِي

МҮНЕДІ МҮНЕДІ: мінеді; кесті; қырықты.

«الْ تُونُغُ مِّنَادِي» Ol тонұғ мүнеді: Ол тонұғ мү-

неді - Ол тонын қырықты; яғни олпы-солпы жерлерін түзетіп тегістемекке етегін дөңгелендіре кесті». Басқалары да осындай.

مُنەر-مُنهمек: Мүнер-мүнемек
— Кесер-кеспек).

سنادی

SANADЫ САНАДЫ: санады.

«ال قوین سنادی Ol қойун санады: Ол қойұн санады - Ол қойын санады». (سَناماق - سانار-سانامак: Санар-санамак). Әуелінде, «سانادی sanadı: санады» болып, кейін алғашқы «ا-а» әрпі түсіп қалған.

БҰЛ БӨЛІМНІҢ БАСҚА БІР ТҮРІ

بیودی

BAJUDЫ БАЙҰДЫ: байыды.

«ار بیودی Er bajudy: Ер байұды - Адам байыды». Басқаларға да осындай. (بیوماق - بیور-بیوماق: Bajur-bajumak: Байұр-байұмак — Байыр-байымак).

تیادی

TAJADЫ ТАЙАДЫ: таяды; таянды.

«ال انی تیادی Ol аны tajady: Ол аны тайады - Ол оған таянды; Ол оған таяныш таяды». Үстіне шықты. (Тірек, таяныш қойды. А.Е.).
(تایاماق - تیار-تایامак: Tajar-tajamak: Тайар-тайамак — Таяндырар-таяндырмак).

Үш әріптілер бөлімі бітті.

ТӨРТ ӘРІПТІЛЕР БӨЛІМІ

ӨРТҮРЛІ ХАРАҚАТТЫ ОРТАСЫ СҮКҮНДІК БОЛАТЫН

فَعْلَلَدِي ФӨ'ЛӨЛДИ СЕКІЛДІ СӨЗДЕР БӨЛІМІ

بُرْبَادِي BURBADY БҮРБАДЫ: ысырды; кейінге қалдырды.

«أَرَّ اِيْشَغُ بُرْبَادِي» Ер ышығ бигбады: Ер ышығ бұрбады – Адам істі кейінге қалдырды».

(بُرْبَاو - بُرْبَارُ) Бурвар – бурбатақ: Бұрбар-бұрбатақ – Ысырар-ысырмақ).

تُرْبِيْدِي TYRPIDI ТҮРПІДІ: жонды.

«أَرَّ يَغَاشُ تُرْبِيْدِي» Ер жығаш түрпиді: Ер иығаш түрпиді – Адам ағаш жонды». Басқаларға да

осылайша. (تُرْبِيْمَاكُ - تُرْبِيْرُ) Түрпіг – түрпімек: Түрпір-түрпімек – Жонар-жонбақ).

سَيْفَتَادِي SYFTADY СЫҒТАДЫ: жылады.

«أَعْلَانُ سَيْفَتَادِي» Oflan syftady: Oflan syftady – Бала жылады». Басқаларға да сондай.

(سَيْفَتَاو - سَيْفَتَارُ) Syftar – syftataқ: Сығтар-сығтатақ – жылар-жыламақ).

Бұл сөз «خ – h» әрпімен де айтылады.

Арабшадағы «غَمَارُ النَّاسِ وَخُمَارُهُمْ وَغَدَارُ» «غَمَارُ النَّاسِ وَخُمَارُهُمْ وَغَدَارُ» деген секілді. Мұндай алмасу тек етістіктерде ғана болады, есімдерде бола қоймайды. Есімдерде «غ – ғ» әрпінің орнына «خ – h» әрпін қолданып, «سَيْحَتُ» сыһыт: сыһыт» деуге болмайды.

تَرْجِيْدِي تӨРШЫДЫ ТӨРШЫДЫ: шығарды; бастады.

«أَرَأَيْتُ تَرْجِيْدِي» Ер ыш төгшыды: Ер ыш төр-шыды – Адам іс шығарды». (تَرْجِيْمَاكُ - تَرْجِيْمَاكُ) Төгшіг – төгшімек: Төршір-төршімек – Шығарар-шығармак)*.

تَفْجِيْدِي تЕВШІДІ ТЕВШІДІ: тепшіді; тікті.

«أَلْ تَوْنُغُ تَفْجِيْدِي» Ol tonuғ tevşidi: Ол тонұғ тепшіді – Ол тонын тепшіп тікті». Бір нәрсені қайып емес, тепшіп тігу. Сиректеп тігу. (تَفْجِيْمَاكُ - تَفْجِيْمَاكُ) Tевшіг–тевшімек: Тевшір-тевшімек – Тепшір–тепшімек).

تَنْجِيْدِي ТЫНШЫДЫ ТЫНШЫДЫ: көгерді (бұзылды).

«أَتَّ تَنْجِيْدِي» Et тыншыды: Ет тыншыды – Ет көгерді.» (تَنْجِيْمَاكُ - تَنْجِيْمَاكُ) Тыншыг–Тыншымак: Тыншыр-тыншымак – Көгерер-көгермек).

قُرْجَادِي ҚҰРШАДЫ ҚҰРШАДЫ: құрғатты; қатты.

«يُمَشَاقُ نَانِكُ قُرْجَادِي» Jımşaq peң қуғшады: Иўмшак нең құршады - Жұмсақ нәрсе құрғады; (Жұмсақ нәрсе кеуіп қатып қалды)».

«قُرْجَامَاكُ - قُرْجَامَاكُ» Қуғшаг-қуғшамак: Құршар-құршамак – Құрғар-құрғамак).

قَرِجَادِي ҚЫРШАДЫ ҚЫРШАДЫ: қиғаштады. (Сүре тиді – А.Е.)

«أَلْ أَمَاجِمَا قَرِجَادِي» Ol оқ аташқа қығша-

* Қазіргі қазақ тіліндегі «өнер бастады», «қылық көрсетті», «қылық шығарды» деген мәндерге үндес пе деп ойлаймыз. А.Е.

ды: Ол оқ амашқа қыршады - Ол оқ нысанаға жанай тиіп, қиғаш сүріп өтті». (قِرْجَارُ - قِرْجَامَاقُ)
 Қығшаг-қығшатақ: Қыршар-қыршамақ - Қиғаштар-қиғаштамақ).

قَشْجِيدِي ҚАҰШЫДЫ ҚАҰШЫДЫ: атылды. (Шапшыды, ұмтылды - А.Е.)

«كَشِيكَا قَشْجِيدِي» Ағы кішіге қаушыды: Ары кішіге қаушыды - Ара адамға атылды. (Ара кісіні шақпаққа атылды). Сондай-ақ, адам ашуланып біреуге ұмтылса да осылай дейді.

قَشْجِيرُ - قَشْجِيمَاقُ Қавшыг-қавшымақ: Қавшыр-қавшымақ - Атылар-атылмақ).

بَغْدَادِي БАҒДАДЫ БАҒДАДЫ: шалды; шырмады.

«اِنْ اَنْكَ اَذَاقِنْ بَغْدَادِي» ОI апың азақын бағдады: Ол апың адзақын бағдады - Ол оның аяғын шалды. (Ол күрескенде оның аяғын шалды).

بَغْدَارُ - بَغْدَامَاقُ Бағдар-бағдамақ: Бағдар-бағдамақ - Шырмар-шырмамақ).

قَنْدِيدِي ҚҰНДЫДЫ ҚҰНДЫДЫ: жалтыратты.

«اِنْ قَلِجْ قَنْدِيدِي» ОI қылыш құндыды: Ол қылыш құндыды - Ол қылышын жалтыратты». (Ол жалтыратқышпен қылышын жалтыратты).

قَنْدِيمَاقُ - قَنْدِيرُ Құндыг-құндымақ: Құндыр-құндымақ - Жалтыратар-жалтыратпак).

تَبْرَادِي ТЕБРЕДИ ТЕБРЕДИ: тербелді; қыбырлады.

«تَبْرَادِي نَانْكَ» Tebredi нең: Тебреді нең - Нәрсе

тербелді». تَبْرَارٌ - تَبْرَامَاكُ Tebrer-tebremek:
Тебрер-тебремек – Қыбырлар-қыбырламак).

تَبْرَادِي TOPRADY TOPRADY: кепті; қурады.

«تَبْرَادِي Ot toprady: От топрады - Шөп

қурады». تَبْرَارٌ - تَبْرَامَاقُ Toprar-topramak:
Топрар-топрамак – Қуарар-курамак).

تَبْرِيْدِي TAPRYDY TAPRYDY: тапырақтады.

«تَبْرِيْدِي Teye taprydy: Теве тапырыды - Түйе
тапырақтады». Бұл сөз түйеден басқаға қолда-

нылмайды. تَبْرِيْمَاقُ - تَبْرِيْمَاقُ Tarгыг-таргымак:
Тапыр-тапырмак – Тапырактар-тапырақта-
мак).

سَڭْرَدِي SEZREDI SEDZREDI: селдіреді; сиреді.

«سَڭْرَدِي Kishi sezredi: Кіші сездреді – Кісі
сиреді». تَوْنُ سَڭْرَدِي Ton sezredi: Тон сездреді

– Тон селдіреді». سَڭْرَارٌ - سَڭْرَامَاكُ Sezger-
sezremek: Сездрер-сездремек – Селдірер-сел-
діремек).

بُغْرَادِي BOFRADY BOFRADY: жарды.

«بُغْرَادِي Ol jығашығ bofrady: Ол
иығашығ боғрады - Ол ағашты жарды».* Басқа-

ларға да сондай. بُغْرَارٌ - بُغْرَامَاقُ Boғrag-boғra-
мак: Боғрар-боғрамак – Жарар-жармак).

* «Ол ағашты буын-буындап кесті». (Б.Аталай.). (ІІІ. 277-бет).

تَغْرَادِي تЫҒРАДЫ ТЫҒРАДЫ: катайды; қайсарланды*.

«أَر تَغْرَادِي» Er тығрады: Ер тығрады - Адам қайсарланды». (تَغْرَامَاق - تَغْرَارُ Тығрағ-тығрамақ: Тығрар-тығрамақ — Қатаяр-қатаймақ).

تَوْغْرَادِي ТОҒРАДЫ ТОҒРАДЫ: турады.

«أَت تَوْغْرَادِي» Et тоғрады: Ет тоғрады - Ет турады; Тұтмаш үшін ет турады». Басқалары да осы сияқты. (تَوْغْرَامَاق - تَوْغْرَارُ Тоғрағ-тоғрамақ: Тоғрар-тоғрамақ — Турар-турамақ)

يَجْرَادِي ЈАВРАДЫ ИАВРАДЫ: катайды; әлденді; қуаттанды.

«أَر يَجْرَادِي» Er javraды: Ер иаврады - Адам қуаттанды». Бұл «تَغْرَادِي тығрады: тығрады» сөзімен ұқсас сөз. (يَجْرَامَاق - يَجْرَارُ Javraғ-javрамақ: Иаврар-Иаврамақ — Қатаяр-қатаймақ). Жырда былай деп келген:

قَشْ يَايَغْرُو سَمْلَنُورُ
أَرَّ آتْ مِنْ يَجْرِيُورُ
اَكْلَرُ يَمَا سَجْرِيُورُ
آتْ يَنْ تَقِيْ بَكْرَشُورُ

*Қыш jajgaru sөvlenүr
Er at menin javrajur*

* «Тыңайды», «сергіп, әлденді» дегенге жақын секілді. А.Е.

Jgler jeme savryjur
Et jin taqy bekrіshyr:

Қыш иайгарұ сөвленур
Ер ат менін иаврайұр
Іглер иеме саврышұр
Ет иін тақы векрішұр —

Қыс жазға айтады:
Ер, ат менен әл жиар;
Ауру-сырқау азаяр,
Тән-жаны да қатаяр».

(Қыс жазға бәсекелесіп сыбырлап айтады: Адам, ат бәрі менен тыңайып, әл жияды, Күш алады; Ауру-сырқау да азайып, жоғалады; Адамдардың жан, тәні қайтадан ширап, бекиді).

تُقْرَادِي TUVRADY TҮВРАДЫ: үлкейді; ұлғайды.

«اُشَاقُ نَانِكُ تُقْرَادِي Uшак пең tuvrady: Ұшак нең түврады - Ұсақ нәрсе ұлғайды». Қозының өсіп-жетілгені секілді. (تُقْرَارُ - تُقْرَامَاقُ) Tuvrag-tuvramaq: Тұврар-тұврамақ — Ұлғаяр-ұлғаймақ). Бұл сөз «кесек меруерт, үлкен інжу» мәніндегі «تُقْرُ يِنْجُو» tuvug jinju: Түвүр иінжү» сөзіндегі «تُقْرُ» tuvug: түвүр» - дан алынған.

بُقْرِيْدِي BUKRYDY BҮҚРЫДЫ: мөңкіді.

«اَتُ سَجِيْدِي بُقْرِيْدِي At suшыды вукгыды: Ат сұшыды бүкрыды - Ат секіріп мөңкіді». Бұл сөз тек кос сөз түрінде қолданылады, сыңар айтылмайды. (بُقْرَارُ - بُقْرَامَاقُ) Bукrag-вукramaq: Бұқрар-бұкрамақ — Мөңкір-мөңкімек).

تِكْرَادِي TIGREDI ТІГРЕДІ: дүбірледі; дүсірледі.

«آت آذاقی تگرادی» At азақы tigredi: Ат адзақы тігреді – Аттың аяғы дүсірледі».

تگرادی TIGREDI ТІГРЕДІ: үлкен болды.

«اغلان تگرادی» Oğlan tigredi: Оғлан тігреді - Бала үлкен болды». («Бала аяғын басты, баланың аяғы шықты» деген мәнде ме дейміз. А.Е.).

تگرار - تگراماك Tigrer-tigremek: Тігрер-тігремек – Дүбірлетер-дүбірлетпек).

جغرودی ШЫҒРУДЫ ШЫҒРУҰДЫ: қатты, тақырланып катайды.

«ير جغرودی» Yer шығуды: Иер шығұды - Жер қатты; Жер үстінен таптап көп жүргендіктен тақырланып қатты». Жұмсақ зат кейін катайып кетсе де осылай дейді.

جغروماق - جغرو شығуғ-шығуғмақ: Шығұрұ-шығұрмақ – Қатаяр-катаймақ).

جقرادی ШУҚРАДЫ ШҰҚРАДЫ: қайнады.

«اشج جقرادی» Ашыч шукрады: Ашыч шұкрады - Қазан қайнады.» Қазандағы ботқа секілді қою нәрсе шұркылдап қайнады. Сұйық тағамның қайнауына бұл сөз қолданылмайды. Оларға, осы мағынадағы «قیندی» қайнады: қайнады» сөзі қолданылады.

جقرادی ШОҚРАДЫ ШОҚРАДЫ: қайнады.

«منگر جقرادی» Мыңағ шоқрады: Мыңағ шоқрады - Бұлақ қайнады; Қайнар суы қазан қайнағандай шымырлап қайнады».

شوقراغ-شوقراماқ Шокраг-шокрамақ: Шокраг-шокрамақ – Қайнар-қайнамақ).

جقرادى ШЫҚРАДЫ ШЫҚРАДЫ: шықырлады; шырқырады.

«تېش جقرادى» Тыш шықғады: Тыш шықғады -

«قىغ جقرادى» Қаруғ шықғады: Қапұғ шықғады - Қақпа шықырлады».

Адам жаулықпен, не басқадай себеппен
ышқынып, бақырса да осылай дейді.

شوقراغ - جقراماқ Шықраг-шықрамақ: Шықраг-шықрамақ – Шықырлар-шықырламақ)

جكردى ШИКРЕДІ ШИКРЕДІ: қышырлады.

«تاش جكردى» Etmekte tash şikredi: Etmekte tash şikredi - Нанда тас қышырлады.»
Яғни нандағы тас тіске түсіп қышырлады.

شیکرەر - جكراماқ Шікрег-шікрегемек: Шікрег-шікрегемек – Қышырлар-қышырламақ).

جىلرادى ШЫЛРАДЫ ШЫЛРАДЫ: шылдырлады. (Шылдыр-шылдыр етті. А. Е.)

«اوق كيش تا جىلرادى» Оқ кіште шылрады: Оқ кіште шылрады - Оқ садақта шылдырлады».
Соған ұқсас әуездің бәріне осы сөз қолданылады. (جىلراماқ - جىلرار Шылраг-шылрамақ: Шылрар-шылрамақ – Шылдырлар-шылдырламақ).*

* Баспа нұсқада «جىلرادى» шалдады», жазба нұсқада «جىلرادى» шалрады» деп жазылған. Дұрысы: «جىلرادى» шылғады: шылрады». А.Е.

سَفْرَادِي SAFRADY САФРАДЫ: босады; құтылды.

«ايش سَفْرَادِي Ыш safrady: Ыш сафрады - Істен босады, істен босатылды». Адам істен босатылса да, істеген ісін тастап шықса да осылай дейді. (سَفْرَامَاق - سَفْرَار Safrar-saframak: Сафрар-сафрамак – Босар-босамак).

«سَكَل اِيْگِدِن سَفْرَادِي Sokel igdin safrady: Сөкел ігдін сафрады - Наукас дертінен құтылды».

سَكْرِيْدِي SEKRIDI СЕКРІДІ: секірді.

«اَر سَقْقا سَكْرِيْدِي Er suvqa sekridi: Ер сувға секірді - Адам суға секірді». Басқалары да сондай. (سَكْرِيْمَاك - سَكْرِيْر Sekrir-sekrimek: Секрір-секрімек – Секіреп-секіремек).

سَمْرِيْدِي SEMRIDI СЕМРІДІ: семірді.

«قوی سَمْرِيْدِي Qoj semridi: Қой семірді - Қой семірді». Басқалар да сондай. (سَمْرِيْمَاك - سَمْرِيْر Semrig-semrigmek: Семріп-семрімек – Семіреп-семіремек).

سَانْرِيْدِي SANRYDY САНРЫДЫ: сандырақтады;

«اَسْرُك سَانْرِيْدِي Esruk sanrydy: Есрүк санрыды - Мас сандырақтады». Негізінде: «سَانْدِر يَلْدِي Sandirydy: Сандрыды» болады.

«سَانْرِيْر - سَانْرِيْمَاق Sanгыг-sanгымак: Санрыр-санрымак – Сандырактар-сандырақтамак».

تَنْرِيْدِي TENRIDI ТЕНРІДІ: айналды.

«أَنْكَ بَشَى تَنْرِيدِي» Аның вашы tenridi: Аның башы тенріді - Оның басы айналды».

Бұл ұйқы басқанда, ұйқыны қашырмақ болғанда, мәңгіргендіктен болатын күй.

«تَنْرِيمَاكْ - تَنْرِيرْ» Tenrigir-tenrimек: Тенрір-тенрі-мек - Айналар-айналмақ).

كُفْرَادِي KUVREDI KEVREDI: кеміді.

«أَنْكَ كُوْجِي كُفْرَادِي» Аның күші kevredі: Аның күші кевреді - Оның күші кеміді». Кез-келген қуатты нәрсе күш-қуатынан айырылғанда осылай дейді. «كُفْرَامَاكْ - كُفْرَارْ» Kevreg-kevremек: Кеврер-кевремек - Кемір-кемімек).

كُكْرَادِي KÖKREDI KÖKREDI: күркіреді.

«أَرْسَلَانْ كُكْرَادِي» Arslan көкреді: Арслан көкреді - Арыстан күркіреді. «بُغْرَا كُكْرَادِي» Буғра көкреді: Бұғра көкреді - Бура күркіреді».

«بُلُتْ كُكْرَادِي» Bulыt көкреді: Бұлыт көкреді - Бұлт күркіреді». Шайқаста батырлардың бақырысқаны да осыған ұқсайды. Мақалда мынадай деп келген: «تُغِشْ سِجْغَانْ»

«تُغِشْ سِجْغَانْ» Tegirmende туғмыш сышған көк көкгекіңе қоғқмас: Тегіргенде туғмыш сышған көк көкрекіңе қорқмас - Диірменде туған тышқан көктің күркірегенінен қорықпас.»

Бұл мақал басынан көп қиыншылық кешкен пісіп-қатып шираған адамды болымсыз

кішкентай әрекеттермен қорқытпақшы болған адамға мегзеп айтылады. (كُكْرَارُ - كُكْرَامَاكُ) Көкгер-көкгемек: Көкрер-көкремек – Күркірер-күркіремек).

كُكْرَادِي KYLREDI КҮЛРЕДІ: күлдірледі.

«تاش قۇدۇدا كُكْرَادِي» Таш қудуғда күлреді: Таш құдұғда күлреді - Тас құдықта күлдірледі». (كُكْرَامَاكُ - كُكْرَارُ) Kylger-kylgemek: Күлрер-күлремек – Күлдірлер-күлдірлемек).

تَبَزَادِي TERZEDI ТЕПЗЕДІ: көре алмады; қызғаныш қылды.

«Ol апы тepzedi: Ол аны тepзеді - Ол оны көре алмады; Ол оған қызғаныш қылды». (تَبَزَارُ - تَبَزَامَاكُ) Terzer-terzemek: Тepзер-тепземек – Қызғаныш етер – Қызғаныш етпек).

سِغْزَادِي SYFZADY CЫҒЗАДЫ: сызық салды; шұқыды.

«Ol тыш сьғzady: Ол тыш сьғzady - Ол тіс шұқығышпен тіс шұқыды».

«Ol etik jisin сьғzady: Ол етік иісін сьғzady - Ол етік тігісінің арасына сызық, жолақ жол солды». Бір нәрсені кез-келген екі нәрсенің арасына сыналап кіргізсе де осылай дейді. (سِغْزَامَاقُ - سِغْزَارُ) Syfzar-syfzamaq: Cығзар-сығзамақ – Cызық салар – сызық салмақ).

قَبْزَادِي QOBZADY ҚОБЗАДЫ: шалды; тартты.

«Ol қобыз қобzady: Ол қобыз қобzady - Ол қобыз тартты».

قُبْزَامَاقْ - قُبْزَارْ - قُبْزَاقْ Қобзағ-қобзатақ: Қобзар-қоб-
замақ — Қобыз тартар — Қобыз тартпақ).

تَبْسَادِي TEPSEDI ТЕПСЕДИ: көре алмады; қызғаныш етті.

«أَنْ أُنِي تَبْسَادِي» Ol аны tepsedi: Ол аны тепседі -
Ол оны көре алмады», (Ол оған қызғаныш етті).

تَبْسَامَاكْ - تَبْسَارْ Tepsar-tersemek: Тепсер-тепсе-
мек — Қызғанар-қызғанбақ). Бұл сөздің «з — з»
әрпімен келетін түрі де бар.

بُطْسَادِي PУTSEDI ПУТСЕДИ: бітейін деді, бітуге айналды.

«بَاشْ بُطْسَادِي» Баш pұtsedi: Баш пүтседі - Жара

бітейін деді». «بُطْسَارْ - بُطْسَامَاكْ» Pұtser-pұtsemek:
Пүтер-пүтсемек — Бітуге айналар — Бітуге ай-
налмақ).

بُخْسَادِي BUXSADЫ БҰХСАДЫ: тартынды; (бас тартты: А.Е.)

«أَنْ أَانَكُرْ بُخْسَادِي» Ol аңар vuxsady: Ол аңар
бұхсады - Ол одан тартынды; демек, оның өмі-
рін қабыл алмай, істі істемей тастады».

بُخْسَامَاقْ - بُخْسَارْ Buxsar-buxsataq: Бұхсар-
бұхсамақ — Тартынар-тартынбақ).

جَبْسَادِي ШАРSADЫ ШАПСАДЫ: жүзгісі келді.

«أَنْ سَفْدَا جَبْسَادِي» Ol suvda шарsady: Ол сувда
шапсады - Ол суда жүзгісі келді».

جَبْسَامَاكْ - جَبْسَارْ Шарsar-шарsataq: Шап-
сар-шапсамақ — Жүзгісі келер-жүзгісі келмек).

سَتْسَادِي SATSADЫ САТСАДЫ: сатқысы келді.

«أَنْ أَاتِنْ سَتْسَادِي» Ol атын satsady: Ол атын сат-

сады - Ол атын сатқысы келді». Басқаларға да осындай. (سَتْسَامَاقْ - سَتْسَارْ Satsar-satsamaq: Сатсар-сатсамақ – Сатқысы келер – Сатқысы келмек).

سُرْسَادِي SYRSEDI СҮРСЕДІ: қуғысы келді.

«أَلْ أَاتَغْ سُرْسَادِي» Ol атығ сырседі: Ол атығ сүрседі - Ол атын қуғысы келді». Басқаларға да осындай. (سُرْسَارْ - سُرْسَامَاكْ) Syrser-syrsemek: Сүрсер-сүрсемек – Қуғысы келер-Қуғысы келмек).

سُفْسَادِي SUVSADY СУВСАДЫ: сусады.

«أَرْ سُفْسَادِي» Er suvsady: Ер сувсады - Адам сусады». (Адам су ішкісі келді). Басқаларға да осындай. (سُفْسَارْ - سُفْسَامَاقْ) Suvsar-suvsamaq: Сувсар-сувсамақ – Сусар-сусамақ). Бұл сөздің негізінде үміт пен тілек мағыналары қатар келеді.

سُفْسَادِي SUVSYDY СУВСЫДЫ: суланды; су татып кетті.

«سِرْكََا سُفْسَادِي» Sirke suvsydy: Сірке сувсыды - Сірке суланды; Сірке су татып кетті»; (Сіркеде су көбейіп кетті; Суы көбейіп су татып кетті. — А.Е.). (سُفْسِيمَاقْ - سُفْسِيرْ) Suvsyg-suvsymaq: Сувсыр-сувсымақ – Су татыр-су татымақ).

قَبْسَادِي QAPSADY ҚАПСАДЫ: қаптады.*

«أَنْكَ تَغْرَا كَشِي قَبْسَادِي» Аның tegre кіші қарсады: Аның тегре кіші қапсады - Оның маңайына адамдар қаптады». (قَبْسَامَاقْ - قَبْسَارْ) Qapsar-

* Қазақша «Қоршады» сөзі ме деп те ойлаймыз. А.Е.

қарсамақ: Қапсар-қапсамақ – Қаптар-қаптамақ).

قَبْسَادِي ҚАРСАДЫ ҚАПСАДЫ: тартып алғысы келді.

«أَلْ أَانِكْ تَقَارِنُ قَبْسَادِي» ОI аның таварын қарсады: ОI аның таварын қапсады – ОI оның малын тартып алғысы келді».

قَبْسَادِي ҚОРСАДЫ ҚОПСАДЫ: тұрғысы келді.

«أَلْ يُقَارُو قَبْسَادِي» ОI жоқағу қорсады: ОI жоқары қопсады – ОI жоғары тұрғысы келді».

قَبْسَارُ قَبْسَامَاقْ Қорсар-қорсамақ: Қопсар-қопсамақ – Тұрғысы келер – Тұрғысы келмек).

كُورْسَادِمُ КӨРСЕДИМ КӨРСЕДИМ: көргім келді.

«مَنْ أَانِي كُورْسَادِمُ» Мен аны көрседім: Мен аны көрседім – Мен оны көргім келді». Бұл сөздің негізі «كُورُوسَادِمُ көргүседім: көрүгседім» болады. Түбірінде *زلاقه әріптері болған сөздерде бір нәрсені аңсағанды, тілегенді аңғарту мақсатында етістіктің түбіріне «(ك.с.ا.)» «к, с, ө/е» әріптері қосылады. Бұл ереже. «كُورْسَارْمَنْ - كُورْسَامَاكْ Көрсермен-көрсемек: Көрсермен-көрсемек – Көргім келер – Көргім келмек).

كَلِغْسَادِمُ КЕЛІГСЕДИМ КЕЛІГСЕДИМ: келгім келді.

«مَنْ سَانِكَا كَلِغْسَادِمُ» Мен сеңе келігседім: Мен сеңе келігседім – Менің саған келгім келді».

* Бұл «м – м, ى – ф, ن – н, ر – р, ل – л» дыбыстарын білдіретін араб сөзі. Тіл ұшымен айтылатын әріптер.

Бұл сөз «**كَلَسَدِم**: Kelsedim: келседім»* секілді де колданылады. (**كَلَسَا مَنَاك** - Kelsermen-kelsemek: Келсермен-келсермек – Келгім келер – келгім келмек).

قَقْسَدِي

ҚАҚСЫДЫ ҚАҚСЫДЫ: қактанды. (Қак болып қатты. А.Е.).

«**اَت قَقْسَدِي** Et қаксыды: Ет қаксыды - Ет қактанды; (Ет қок болып қатты)**. **قَقْسِير - قَقْسِمَاق** Қаксыг-қаксымак: Қаксыр-қаксымак – Қактанар-қактанбак).

تۈۋشەدی

ТҮҮШЕДІ ТҮҮШЕДІ: моншақтады.

«**اِنَّكَ تَرِي تۈۋشەدی** Апың тері түвшеді: Аның тері түвшеді - Оның тері моншақтады». (Яғни оның тері моншак-моншак болып акты).

(**تۈۋشەر - تۈۋشەمەك** Түвшер-түвшемек: Түвшер-түвшемек – Моншақтар-моншақтамак).

تۈۋشەدی

ТЕҮШЕДІ ТЕҮШЕДІ: шиеленді. (Шатасты, шырмалды – А.Е.).

«**يَب قَمۡغ تۈۋشەدی** Ып камұғ теүшеді: Ып камұғ теүшеді - Жіп түгел шиеленді». (Яғни, бірі-бірімен шатасып, ұшығын тауып ала алмайтындай шиеленді.)

(**تۈۋشەر - تۈۋشەمەك** Тевшер-тевшемек: Тевшер-тевшемек – Шиеленер-шиеленбек).

* Жазба нұскасында бұлар «**كَلَسَدِم**: kelisedim: келіседім», «**كَلَسَا مَنَاك**: kelisermen: келісермен», «**كَلَسَا مَنَاك**: kelisemek: келісемек» деп жазылған.

** «Қаксы-быть разрезанным на доли, ломтики для сушки: Ет қаксыды - Мясо было разрезана на ломтики для сушки. (МК III. 286)» (ДТС., стр. 422).

جَشَادِي ЧАХШАДЫ ЧАХШАДЫ: шақылдады.

«تاش جَشَادِي» Таш чахшады: Таш чахшады - Тас шақылдады; тас шақ-шақ еткен дыбыс шығарды.» Зергерлік бұйымдар да бір-біріне тиіп сылдыраған, шылдыраған дыбыс шығарса осылай дейді. (جَشَامَاق - جَشَار - Чахшаг-чахшатак: Чахшар-чахшатак - Шақылдар-шақылдамак.)

جُشَادِي ЧУВШАДЫ ЧУВШАДЫ: көпірді; көпіршіді; ашыды.

«جغر جُشَادِي» Шағыг чувшады: Шағыр чувшады - Ішімдік көпіршіді. Ішімдік көпіршіп ашыды.» «قَرِن جُشَادِي» Қағын чувшады: Қағын чувшады - Қарын ашты, яғни тағам қарынды ашытты.» (جُشَامَاق - جُشَار - Шувшаг-Шувшатак: Шүвшар-шүвшатак - Ашытар-ашытпак).

سُفَشَادِي СУФШАДЫ СҮФШАДЫ: сыбырлады; сүфледі, сүфлеп дұға оқыды.

«ال قُلاَقَا سُفَشَادِي» Ол қулаққа сүфшады: Ол қулаққа сүфшады - Ол қулаққа сыбырлады; демек бірдеңелерді жасырып қулаққа ғана сыбырлап айтты.» (سُفَشَامَاق - سُفَشَار - Sufшаг-sufшатак: Сүфшар-сүфшатак - Сыбырлар-сыбырламак). «سَكَلْجَا سُفَشَادِي» Sökelge сүфшады: Сөкелге сүфшады - Наукаска сүфледі; Наукаска сүфлеп дұға оқыды.»

Бұл сөз «с - с» әрпімен де айтылады.

قَرَشَادِي ҚАРШАДЫ ҚАРШАДЫ: қарыстады.

«ال تُونُغ قَرَشَادِي» Ол тонығ қаршады: Ол тонығ

қаршады - Ол тонды қарыстап өлшеді». Басқаларға да осылай. (قَرَشَامَاقُ - قَرَشَارُ Қаршаг-қаршатақ; Қаршар-қаршамақ — Қарыстар-қарыстамақ).

قَرَشَادِي ҚURШАДЫ ҚҰРШАДЫ: байлады. (Бау байлады; баулады. А.Е.)

«أَل قَفْتَان قَرَشَادِي» Ol қаftan қигшады: Ол қаftан құршады - Ол қаftан* бауын байлады».

(قَرَشَامَاقُ - قَرَشَارُ Қигшаг-қигшатақ; Құршар-құршамақ — Байлар-байламақ).

قَغَشَادِي ҚOҒШАДЫ ҚOҒШАДЫ: босады; жұмсарды.

«قَتَمَغ نَانَاكُ قَغَشَادِي» Қатығ нең қоғшады: Қатығ нең қоғшады - Қатты нәрсе жұмсарды».

(قَغَشَامَاقُ - قَغَشَارُ Қоғшаг-қоғшатақ; Қоғшар-қоғшамақ — Жұмсарар-жұмсармақ).

قَشَّشَادِي ҚOVШАДЫ ҚOVШАДЫ: жалтыратты. (Сылап-қырнап жып-жылмағай жылтыратты. А.Е.)

«عَر اَتْنِي قَشَّشَادِي» Ер оқны қовшады: Ер оқны қовшады - Адам оқты жылтыратты; Адам оқты ұзаққа ұшатын етіп жалтыратты».

(قَشَّشَامَاقُ - قَشَّشَارُ Қовшаг-қовшатақ; Қовшар-қовшамақ—Жалтыратар - Жалтыратпақ). «ع—F» әрпімен де айтылатын сөз.

كَشَّشَادِي KEVШЕДИ KEVШЕДИ: күйседі; жұмсарды.

«تَفِّي اَت كَشَّشَادِي» Teye ot kevshedі: Teye ot kevshedі - Түйе шөп күйседі».

* Сөздіктерде «тон, киім» деп жазылған. Түп нұсқасында бар сөз болғандықтан сол күйі алынды. Қазір де қолданылып жүрген сөз.

«قُرْجُ نَانَكَ كَشَدِي» Құрғш нең кевшеди: Құрш
нең кевшеди - Қатты нәрсе жұмсарды».

(كَشَارُ .. كَشَامَاكُ) Кевшег-кевшемек: Кевшер-
кевшемек – Күйсер-күйсемек). Дәмдеп пісір-
ген, жұғымды майлы нанды «كَشَاكُ اَتْمَاكُ» Кев-
шек етмек: Кевшек етмек» дейтіні осыдан алын-
ған.

تَسْغَادِي TASFADЫ TASFADЫ: шапалақтады.

«اَلْ اَنِي تَسْغَادِي» ОI аны тасға-
ды - Ол оны шапалақтады; Ол оны бетінен ша-
палақтап ұрды». (تَسْغَارُ - تَسْغَامَاقُ) Tasғar-tas-
ғатақ: Тасғар-тасғамақ – Шапалақтар-шапа-
лақтамақ).

سَتْغَادِي SATFADЫ SATFADЫ: басты, ездi. (Қорлады. А.Е.) Қиды.

«اَلْ اَنَّاكُ بِيْمَنُ سَتْغَادِي» ОI аның воjнын satғады: Ол
аның бойнын сатғады - Ол оның мойнын бас-
ты; Ол оның мойнын езіп, қорлады». «Кемсіт-
ті» - деген мәнді айтпақ.

سَتْغَادِي SATFADЫ SATFADЫ: кесіп өтті.

«بِيرُ يُولُ بِيرُكُ سَتْغَادِي» Біг jol birig satғады:
Бір иол біріг сатғады - Бір жол бір жолды кесіп
өтті; Жанұбтан келген жол Ғарұбтан келген
жолды қиып өтті». «اَلْمُ بَيْرِمْنِي سَتْغَادِي» Алым
berimni satғады: Алым берімні сатғады - Алым-
берімді сай қылды; яғни алатынын беретініне
сәйкес есептеп, бірінің орнына бірін мәс кел-
тірді».

Жырда былай деп келген:

أَزُنْ تُنِي كُنْدُوْزِي يَلْكَنْ كَجَارُ
كِمْنِي قَلِي سَتَغَسَا كُوْجِنْ كَثَارُ

*Ажун түні күндызи желкін кешер
Кімні қалы сатғаса күшін кевер:*

*Ажун түні күндүзі иелкін кешер
Кімні қалы сатғаса күшін кевер –*

*Дүниенің түн-күні жолаушыдай өтеді,
Кімді егер де кемсітсе, күші кеміп кетеді».*

(Дүниенің күні мен түні бейне бір орнында тұрмайтын жолаушыдай өте береді; Ол кімді езіп, жаншып кемсітсе, соның күші кеміп кете береді. (Оғыз сөзі.) Қарыз, не жол хақында айтылады.)

سِتْغَادِي SYTFADY SYTFADY: сыбанды. (Женін қайырды. А.Е.).

«أَلْ قَوْلُنْ سِتْغَادِي» Ол қолын сытғады: Ол қолын сытғады – Ол қолын сыбанды; (Ол білегін сыбанды)». (سِتْغَامَاقْ – سِتْغَارُ Sytғar-сытғармақ: Сытғар-сытғармақ – Сыбанар-Сыбанбақ).

بَدْغَادِي BADFADY BADFADY: байлады; шалды.

«أَلْ أَزَاكْ أَدَاقُنْ بَدْغَادِي» Ол аның азақын badғады: Ол оның адзақын badғады – Ол оның аяғын шалды». Бұл сөз «بَدْغَادِي» badғады: бағдады» деп өріп алмастырылып та айтылады.

(بَدْغَامَاقْ – بَدْغَارُ Badғar-badғармақ: Бадғар-бадғармақ – Шалар-шалмақ).

بُلْغَادِي BULFADY BULFADY: былғады; лайлады.

«**اِنْ سُوْفُعْ بُلْغَادِي**» Ol suvuf bulʒadı: Ол сувуғ бұлғады - Ол суды былғады». (Ол суды лайлады).

بُلْغَادِي BULʒADY BҮЛҒАДЫ: бұлғады; араластырды.

«**اِنْ تُوْتْمَاجْ بُلْغَادِي**» Ol tutmaş bulʒadı: Ол тұтмаш бұлғады - Ол тұтмашты араластырды; Ол қазандағы тұтмашты араластырды».

Басқаларға да осы сияқты. Ботқа, тағы басқа тағамдарды біркелкі жете пісіру үшін қазандағы сол тағамды бұлғап, аударыстырып тұрады, сонда қолданылатын сөз.

«**اِنْ اَرَّ اَنَّا كُنْكَانْ بُلْغَادِي**» Ol er aның көнlin bulʒadı: Ол ер аның көнлін бұлғады - Ол адам оның көнілін бұлғады; Көнілін бұзды». Бұл сөздің өуелгі мәні жайсыз, жақпайтын тағам жегендіктен жүрегі айныды, көңілі бұзылды дегенді білдірген.

تُلْغَادِي TOLʒADY ТОЛҒАДЫ: тақты; орады.

«**قِيْزْ يَنْجُوْ تُلْغَادِي**» Qız jinju tolʒadı*: Қыз иінжу толғады - Қыз інжу тақты». Яғни, қыз інжу, не басқа заттардан жасалған сырға, алқа тақты.

«**اِنْ يُوْنُكْ تُلْغَادِي**» Ol juñ tolʒadı: Ол иуң толғады - Ол жүн орады». (**تُلْغَارْ - تُلْغَامَاقْ** Tolʒar-tolʒamaq: Толғар-толғамақ – Тағар-тақпақ).

تُلْغَادِي TOLʒADY ТОЛҒАДЫ: (Бұрады; толғатты? А.Е.).

«**اَنْكْ قَرْنِي تُلْغَادِي**» Аның қарны tolʒadı: Аның қарны толғады - Ауырғаннан, не сол секілді жағдайлардан оның қарны бұрады».

* Жазба нұсқасында «**ي تُلْغَادِي** талғады» секілді жазылып, мысалдарында «**ي تُلْغَادِي** толғады» деп харакатталған.

قَرغَادِي ҚАРҒАДЫ ҚАРҒАДЫ: қарғады.

«تَنْكُرِي أَنِي قَرغَادِي» Төңгі аны қарғады: Төңгі аны қарғады - Төңгі оны қарғады».

(قَرغَامَاق - قَرغَار - Қарғар-қарғатақ: Қарғар-қарғатақ).

قُرغَادِي ҚУРҒАДЫ ҚУРҒАДЫ: құрғады.

«يِير قُرغَادِي» Јер құрғады: Јер құрғады - Жер құрғады». (Жаңбырдың аздығынан жер құрғап кетті). (قُرغَامَاق - قُرغَار - Қуғар-қуғатақ: Қуғар-қуғатақ).

قِزغَادِي ҚЫЗҒАДЫ ҚЫЗҒАДЫ: дөрекі сөкті; сазайын тартқызды; жасқады.

«بَلْكَ أَنِي قِزغَادِي» Бег аны қызғады: Бег аны қызғады - Бек оны жасқады». (Қуды).

(قِزغَامَاق - قِزغَار - Қызғар-қызғатақ: Қызғар-қызғатақ - Сөгер-сөкпек). Түрктер Төңірдің қарғысынан бөлектеп, пенделердің өзара бір-бірімен ұрыс-керісін айту үшін осы сөзді қолданады. Алғашқысында - «قِزغَامَاق» қарғатақ: қарғатақ», екіншісінде «قِزغَامَاق» қызғатақ: қызғатақ»* түрінде қолданады.

قَرغَادِي ҚАРВАДЫ ҚАРВАДЫ: қармады; (Қармалап іздестірді.

А.Е.) «قَر نَكْمُودَا قَرغَادِي» ОI қағанқуда қарва-

* Махмұт Қашқари алдыңғы «қарғады» сөзіне салыстырып отыр. Бірі - «фатхалық», кейінгісі «кесрәлік» харақаттармен жазылған. Түсіндірме бойынша, «қызғады: қызғады» емес, «қығғады: қырғады» болса керек. А.Е.

ды: Ол қараңқуда қарвады - Ол қараңғыда қармады; (Ол қараңғыда бір нәрсені қолымен қармалап іздестірді). قَرْفَارُ - قَرْفَامَاتِي Қағвар-қағватақ: Қарвар-қарвамақ – Қармар-қармамақ). Бұл сөз «قَرْوَادِي» секілді де қолданылады. Жоғарыда айтқандай, «ق — ф» дыбысымен келетін сөздерді әмәнда, «و — у» дыбысымен ауыстырып айтуға болады.

تَلْكَادِي TELGEDİ TELГЕДІ: тергеді; жәбірледі, қысты.

«اَلْ اَتَاسِنِ بُلْغَادِي» Ol atasın bulғady*: Ол атасын бұлғады - Ол атасын тергеп жәбірледі». «تَلْكَادِي telgedi: телгеді» сөзі жеке-дара қолданылмайды. Қос сөз түрінде «بُلْغَادِي bulғady: бұлғады» сөзімен тіркесіп келеді. «تَلْكَامَاكْ - تَلْكَارْ Telger-telgemek: Телгер-телгемек –Тергеп қысар тергеп қыспақ).

بَتْلَادِي BATLADY БАТЛАДЫ: баттады.

«اَلْ بُوْزْنِي بَتْلَادِي» Ol bəzni batladı: Ол бөзні батлады - Ол бөзді баттады**». «تَلْكَامَاكْ - تَلْكَارْ Batlar-batlamak: Батлар-батламақ – Баттар-баттамақ).

بُتْلَادِي BUTLADY БҮТЛАДЫ: аяғынан алды.

«اِتْ اَرِكْ بُتْلَادِي» It erig butladı: Ит еріг бүтлады - Ит адамды аяғынан алды; Ит адамды

* Махмұт Қашқари талдауы бойынша «تَلْكَادِي bulғady telgedi: Бұлғады телгеді» болса керек-ті.

** Крахмалдады. Бөзді, матаны ерітінді, сөлмен қатырмалады мәнінде. А.Е.

аяғынан қапты». Сол секілді біреу-біреудің аяғына ұрса да, шалса да осы сөз қолданылады.
 (بُتْلَارْ - بُتْلَامَاقْ) Butlar-butlamak: Бұтлар-бұтла-
 мақ — Аяғынан алар - аяғынан алмақ).

بُتْلَادِي BITLEDI БИТЛЕДІ: биттеді; бит қарады.

«أَرَّ بَتُّ بَتْلَادِي» Er vit bitledi: Ер вит витледі -
«**أَنْ أَنِي تَبَالَادِي** Ol аны tabalady: Ol аны табалады - Ол оны табалады», яғни оны таба қылды». (**تَبَالَامَاقُ - تَبَالَارُ** Tabalar-tabalamak: Табалар-табаламақ).

» **تَبَوَلَادِي** TƏPҮLEDI TƏPҮLEDI: төпеледі; басына ұрды.

«**أَنْ يَغِينِي تَبَوَلَادِي** Ol жағыны төпүледі: Ол иағының төпүледі - Ол жауын төпеледі».

تَبُولَامَاقُ - تَبُولَارُ Təpüleg-təpülemek: Төпүлер-топүлемек — Төпелер-төпелемек).

سَبِيلَادِي SƏBILEDI SƏBILEDI: ұзартты; (Сөбелендетті — А.Е.).

«سَبِيلَدِي نَانَكْنِي Sebileledi neñni: Сөбіледі неңні - Нәрсені ұзартты; яғни енді нәрсені ұзартты; енін қиып сопақша етіп ұзартты».
(سَبِيلَار - سَبِيلَامَاق Sebileler-sebilemek: Сөбілер-сөбілемек - Ұзартар-ұзартпақ).

جَتِيلَادِي ЧАТЫЛАДЫ ЧАТЫЛАДЫ: шартылдады.

«بِرْ كَا جَتِيلَادِي Berge chatyлады: Берге чатылады - Бишік шатырлады».
Бишіктің шатырлағанындай дыбыс шығарған нәрсенің бәріне қолданылады.
(جَتِيلَار - جَتِيلَامَاق Chatyлар-чатыламақ: Чатылар-чатыламақ - Шартылдар-шартылдамақ).

سَتُولَادِي SATULADЫ САТУЛАДЫ: балпылдады; (Беталды сөйледі. А.Е.).

«اَل تَلِم سَتُولَادِي Ol telim satuladı: Ол телім сатулады - Ол пайдасыз сөздерді көп сөйледі; (Ол пайдасыз сөздерді көп балпылдады)».
(سَتُولَار - سَتُولَامَاق Satular-satulamaқ: Сатулар-сатуламақ - Сөйлер-сөйлемек).

سَاشُولَادِي SASHULADЫ САШУЛАДЫ: шашулады; шашақтады.

«اَل سَاشُولَادِي Ol savluk sashuladı: Ол сувлұқ сашулады - Ол беторамалды шашақтады; Ол беторамал, тағы сол секілді нәрселерді шашақтады».
(سَاشُولَار - سَاشُولَامَاق Sashular-sashulamaқ: Сашулар-сашуламақ - Шашақтар-шашақтамақ).

قَبْجَالَادِي ҚАЧАЛАДЫ ҚАЧАЛАДЫ: ыдыстады; табақтады.

«أَلْ نَانَكْنِي قَبْجَالَادِي» Ol neңni qachaladı: Ол неңни қачалады - Ол нәрсені табақтады.

Ол нәрсені ыдысқа салды». (قَبْجَالَامَاق - قَبْجَالَارْ)

Қачалағ-қачаламақ: Қачалар-қачаламақ - Ыдысқа салар - ыдысқа салмақ). Бұл сөздің негізі:

«قَبْجَالَادِي» Қачалadı: қачалады» болатын. Кейін «I» әліп түсіріліп қалған.

قَبْجِيلَادِي ҚЫЧЫЛАДЫ ҚЫЧЫЛАДЫ: қытықтады; қытықтады.

«أَلْ مَنِي قَبْجِيلَادِي» Ol meni qıchıladı: Ол мені қычылады - Ол мені қытықтады; Ол мені қышылады». Бұл адамды қолтығынан, табанынан

қытықтағанды білдіреді. (قَبْجِيلَامَاق - قَبْجِيلَارْ)

Қычылағ-қычыламақ: Қычылар-қычыламақ - Қытықтар-қытықтамақ).

قَرَالَادِي ҚАРАЛАДЫ ҚАРАЛАДЫ: қарайтты; қаралады.

«أَلْ قَرَالَادِي نَانَكْنِي» Ol qaraladı neңni: Ол қаралады неңни - Ол нәрсені қарайтты».

Қаралағ-қараламақ: Қаралар-қараламақ - Қарайтар-қарайтпақ).

قَرِيلَادِي ҚАРЫЛАДЫ ҚАРЫЛАДЫ: өлшеді. (Қарыштады; Аршындады. А.Е.)

«أَلْ يِيرِكْ قَرِيلَادِي» Ol jerig qağıladı: Ол иеріг қағылады - Ол жерді өлшеді».

Басқасы да осындай.

قَرِيلَادِي ҚАРЫЛАДЫ ҚАРЫЛАДЫ: көрі санады.

«أَلْ أَرِكْ قَرِيلَادِي» Ol erig qağıladı: Ол еріг қағылады - Ол адамды көрі санады». (Көрі деп есеп-

теді). قَرِيْلَار - قَرِيْلَامَاق Қағылағ-қағыламақ:
Қарылар-қарыламақ - Көрі санар – көрі сана-
мақ).

قَرَالَادِي ҚАРАЛАДЫ ҚАРАЛАДЫ: тышты.

«ات قَرَالَادِي» Ыт қаралады: Ыт қаралады - Ит
тышты».

قَرِيْلَادِي ҚАРЫЛАДЫ ҚАРЫЛАДЫ: ұшырды.

«تَبِي قَارِيْغُ قَرِيْلَادِي» Түрі қағығ қағылады: Түрі
қарығ қарылады - Жел қарды боратып ұшырды;
(Жел қарды боздатып боратып ұшырды)».

قَرِيْلَار - قَرِيْلَامَاق Қағылағ-қағыламақ: Қарылар-
қарыламақ – Ұшырар-ұшырмақ).

جَوِيْلَادِي ЧОҒЫЛАДЫ ЧОҒЫЛАДЫ: бақырды, шақырды. (Шула-
ды. А.Е.)

«ار جَوِيْلَادِي» Ер чоғылады: Ер чоғылады - Адам

бақырды, шақырды). «جَوِيْلَار - جَوِيْلَامَاق» Чоғы-
лағ-чоғыламақ: Чоғылар-чоғыламақ – Бақырар-
бақырмақ). Бұл сөз кейде «ج - ч» әрпін фатха-
мен жазып, «جَوِيْلَادِي» — чағылады: чағылады» деп
те айтылады.

جَوِيْلَادِي ЧАҒЫЛАДЫ ЧАҒЫЛАДЫ: сарылдады.

«سَوِيْ سَوِيْ جَوِيْلَادِي» Суv чағылады: Суv чағылады
- Су сарылдады». Бұл сөз «رَوِيْلَادِي» жағылады:

жағылады», «شَوِيْلَادِي» шағылады: шағылады» деп

те айтылады. «شَوِيْلَار - شَوِيْلَامَاق» Шағылағ-шағы-

Іатақ: Шағылар-шағылмақ – Сарылдар-сарыл-
дамақ).

Жырда былай деп келген:

« قَتْنٌ سَيْنِي جَغِيلَادِي
تَنْكُتْ بَاكَنْ يَغِيلَادِي
قَنِي آقَبْ زَغِيلَادِي
بَيْن سَوْفِنْ قَزْل سَغْدِي

*Қатун сыны чигілады
Таңұт бегін жағылады
Қаны ақыр зағылады
Бойун сувып қызыл сағды:*

*Қатұн сыны шұғылады
Таңұт бегін иағылады
Қаны ақып дзағылады
Бойұн субын қызыл сағды –*

*Қатын сыны шарылдады,
Бегімен Таңғұт соғысты.
Қаны ағыт сарылдады,
Мойны қызыл суын сауды».*

(Қатын сыны – Таңғұт пен Шын арасындағы шағын шахардың атауы. Сол Қатын сыны жұрты мен Таңғұттар соғысты; Қатын сыны халқы бақырып, шақырып шуылдасты; Таңғұттар олардың бегімен соғысты, майдандасты; Қаны судай сарылдап ақты; Мойындар қызыл су сауды, яғни мойындарынан қан қызыл судай сарылдады).

سَغُولَادِي SAĞULADY SAĞULADY: өлшеді.

«أَرْ بَغْدَاي سَغُولَادِي» Er buğdaj sağulady: Ер

буғдай сағулады - Адам бидай өлшеді».
Басқасы да сондай.

(سَغُولَارُ - سَغُولَامَاقُ Sağular-sağulamaq: Сағулар-сағуламақ - Өлшер-өлшемек).

جَفِيلَادِي ЧЫҒЫЛАДЫ ЧЫҒЫЛАДЫ: шымырлады; быжылдады.

«كُوبُ جَفِيلَادِي Күб чығылады: Күб чығылады - Күбі шымырлады». Яғни, быжып қайнады. Шырын, ішімдік быжылдап қайнаса да осылай

дейді. (جَفِيلَارُ - جَفِيلَامَاقُ Чығылар-чығыламақ:

Чығылар-чығыламақ – Шымырлар-шымырламақ).

تَقُولَادِي ТОҚУЛАДЫ ТОҚУЛАДЫ: тоғалады, доғалады.

«أَرَقَدَشُ تَقُولَادِي Ер қазыш tokuladı: Ер қадзыш тоқұлады – Адам қайысты тоғылады; яғни адам қайысқа айылбас тақты». (تَقُولَارُ - تَقُولَامَاقُ

Toqular-tokulamaq: Тоқұлар-тоқұламақ – Тоғалар-тоғаламақ).

تَقِيلَادِي ТЫҚЫЛАДЫ ТЫҚЫЛАДЫ: тықылдады.

«نَانِكُ تَقِيلَادِي Тықылады нең: Тықылады нең – Нәрсе тықылдады». Қатты нәрсенің жалаң тактайға түскенде шығаратын дыбысы.

(تَقِيلَارُ - تَقِيلَامَاقُ Тықылар-тықыламақ: Тықылар-тықыламақ – Тықылдар-тықылдамақ)*.

تِكُولَادِي ТІКҮЛЕДІ ТІКҮЛЕДІ: тікті, берді; тартты.

* Жазба нұсқасында бұл етістіктің алғашқы әрпі астынан да, үстінен де харакатталған. Бірақ үстіңгі харакат (фатха белгісі) тік сызықпен сызылып тасталған. Яғни, түзету жасалған. Соған орай, «Тықылады: тықылады» деген дұрыс. А.Е.

«**اَلْ مَنكَا اَت تِكُولادى**» Ol меңе ет tikyledi: Ол меңе ет тiкүледi - Ол маған ет тартты». Басқасы да сондай.

تِكُولادى TIKYLEDI TIKYLEDI: паралап бердi; параға бердi.

«**اَلْ بَگكَا نَانَاك تِكُولادى**» Ol begke нең tikyledi: Ол бегке нең тiкүледi - Ол бекке параға нәрсе бердi; (Ол бекке нәрсенi параға бердi)». Бұл сөз алдыңғы сөзден алынған.

تِكُولار - تِكُولامَاك Tikyler-tikylemek: Тiкүлер-тiкүлемек - Параға берер-параға бермек).

تِكِيلادى TIKILEDI TIKILEDI: тiкiледi; нәзiк дыбыс шығарды.

«**تِكِيلادى نَانَاك**» Tikiledi нең: Тiкiледi нең - Нәрсе тiкiледi; нәрсе нәзiк дыбыс шығарды. »

تِكِيلار - تِكِيلامَاك Tikiler-tikilemek: Тiкiлер-тiкiлемек - Нәзiк дыбыс шығарар - нәзiк дыбыс шығармак).

تَلُولادى TALULADY TALULADY: тандады.

«**اَلْ تَلُولادى نَانَاكْنى**» Ol talulady неңнi: Ол талулады неңнi - Ол нәрсенi тандады».

تَلُولار - تَلُولامَاق Talular-talulamak: Талулар-талуламак - Тандар-тандамак).

تَمِيلادى TYMILEDI TYMILEDI: текiректедi.

«**اَشِيَاك تَمِيلادى**» Eshjek tymiledi: Ешиек түмiледi - Есек текiректедi».

Бұл есектiң секiрiп желгенi. Бұл сөз көбiнесе:

«**تَمِيلندي**» Tymilendi: түмiлендi» түрiнде қолданы-

лады. تُمِيلَارْ - تَمِيلَامَاكْ Tүmiler-tүmilemek:
Түмілер-түмілемек – Текіректер-текіректемек).

تَمُولَادِي TAMULADY TAMУЛАДЫ: бөгеді, бөген жасады.

«أَلْ سُوْفُغْ تَمُولَادِي» Ol suvug tamulady: Ол су-
вуғ тамулады - Ол суды бөгеді; Ол суға бөген
жасады». تَمُولَارْ - تَمُولَامَاقْ Tamular-tamulamaq:
Тамулар-тамуламақ – Бөгер-бөгемек).

БҮЛ БӨЛІМДЕГІ МИСАЛДАР

يُوبِيلَادِي JUBYLADY ИУБЫЛАДЫ: алдады.

«أَلْ أَنِي يُوبِيلَادِي» Ol any jubylady: Ол аны иубы-
лады - Ол оны алдады». Жырда былай деп келеді:

تَنَكْتُ خَانِي يُوبِيلَادِي
أَلْمُ بَرَلَا تَبُولَادِي
قَدَشْ لَارِي تَبَالَادِي
أَلْمُ كُورْبُ يَزِي آغْدِي

Таңұт ханы jubylady
Өлүт birle төpyledi
Қазашлары tabalady
Өлүт көрүр жүзи ағды:

Таңұт ханы иубылады,
Өлүм бірле төпүледі.

Қадзашлары табалады
Өлүм көрүп үзі ағды –

Таңғұт ханы алдады,
Өлімменен төпеледі.
Туғандары табалады,
Өлімді көріп, түсі қашты».

(Таңғұт ханы Қатын сыны ханын алдап соқты; Оның басын өліммен төпелеп ұрды; Жеңілген ерді қандастары, туғандары табалады; Дұшпандары рахаттанды; Өлімді көріп оның жүзі бұзылды; өңі қашып бозарды).

Бұл , оғыз , бен қыпшақ тілдерінде.
(بيلار - ييملامان Jubylar-jubylamak: Иубылар-иубыламақ – Алдар-алдамақ). Мұны басқа түркітер аз қолданады. Айла-амал мағынасында «ب ي ب Jar jur: Иап иүп» дейді. Бұл сөзден етістік жасалмайды.

يَسِيلَادِي JASYLADЫ ИАСЫЛАДЫ: жаймалады; жайды.

«ان يَسِيلَادِي نَانِكْنِي Ol jasyлады неңні: Ол иасылады неңні - Ол нәрсені жаймалады; Ол нәрсені тақта, не соған ұқсас нәрсеге жазып жайған қамырдай жаймалады». «ان سوزك يَسِيلَادِي»

Ol sөzig jasyлады: Ол сөзіг иасылады - Ол сөзін кең, ашық-жарқын, көшелі сөйледі».

(يَسِيلَاماق - يَسِيلَار Jasyлар-jasylamak: Иасылар-иасыламақ – Жаймалар-жаймаламақ).

يَغِيلَادِي JAҒЫЛАДЫ ИАҒЫЛАДЫ: жауласты; жауықты.

«ان اني يَغِيلَادِي Ol апы жағылады: Ол аны иағылады - Ол онымен жауласты». (Ол оған жаулық

істеді). «ار يَغِي Eg jaғы jaғылады: Ер

иағы иағылады - Ер жаумен соғысты».

يَغِيْلَارُ - يَغِيْلَامَاقُ Jaғылағ-jaғыламақ: Иағылар-иағыламақ – Жауласар-жауласпақ).

БҮЛ БӨЛІМДЕГІ МЕНҚҰСТАР

أَيَالَادِي AJALADY АЙАЛАДЫ: шапалақтады*.

«قِيْزُ أَيَالَادِي Qыз ajalady: Қыз айалады - Қыз (алақанын) шапалақтады; яғни, қолдарының алақандарын бір-біріне ұрып қол шапалақтады.»

أَيَالَارُ - أَيَالَامَاقُ Ajalar-ajalamaқ: Айалар-айаламақ – Қол шапалақтар-қол шапалақтамақ). Бұл бейнелі сөз.

أَيَالَادِي UJALADY ҰЙАЛАДЫ: ұялады; ұя салды.

«قُشُّ أَيَالَادِي Құш ujalady: Құш ұйалады - Құс ұялады; Құс ұя салды». (أَيَالَارُ - أَيَالَامَاقُ) Ujalar-ujalamaқ: Ұйалар-ұйаламақ – Ұя салар – ұя салмақ).

كُيَالَادِي KYJELEDI КҮЙЕЛЕДІ: күйеледі; күйесін какты.

«عَرُّ كِيَالَادِي Er kiziz kyjeledi: Ер кідіз күйеледі – Ер киізді күйеледі; Ер кигізді қағып-сілкіп күйесін түсірді». Басқалары да осындай.

كُيَالَارُ - كُيَالَامَاقُ Kyjeler-kyjelemek: Күйелер-күйелемек – Күйесін түсірер-күйесін түсірмек).

Бұл бөлімнің ережесі алдыңғы бөлімде айтқандарымызға ұқсас. Бұл бөлім бірнеше түрлі сипаттарда қолданылады:

* Қазіргі қазақ тіліндегі «Аялады» сөзіне жақын секілді. А.Е.

Біріншісі, негізі төрт әріпті болған үш әріпті есімдерге «لادی -lady// -ledi - лады// -леді» қосылып барып етістік жасалады. Іс істеушінің түсіндірілген іс бойынша іс-әрекет тындырғандығын білдіреді.

Мысалы: «أَر تُونُ قَرَالَادِي» Er ton karalady: Ер тон қаралады - Ер тонды қарайтты», «يَر قَرِيلَادِي» Jer қағылады: Иер қарылады - Жер өлшеді» дегендер секілді.

Екіншісі, есімдерге «لادی -lady// -ledi - лады// -леді» қосымшасы қосылып жасалған етістік адамның сол етістікте еске алынған нәрсеге қатыстылық мәнісін бергендігін білдіреді. Мы-

салы: «أَل أَرِكُ أَقِيلَادِي» Ol erig aqylady: Ол еріг ақылады - Ол ерді мәрт, саки санады; (Ол ерді мәрттеді)».

«أَل أَنِي قَرِيلَادِي» Ol any қағылады: Ол аны қарылады - Ол оны көріге санады; (Ол оны қартайтты)», – дегендер сияқты.

Үшіншісі, басқа мағыналарды білдірмей, етістіктің өзіндік берік мәнін аңғартады. Мысалы:

«أَل أَنِي قَجِيلَادِي» Ol any қычылады: Ол аны қычылады – Ол оны қытықтады».

«أَشِيَاكُ تُمِيلَادِي» Eshjek түміледі: Ешиек түміледі – Есек текіректеді; Есек секіріп желді» – деген секілді.

Төрт әріптілер бөлімі бітті.

БЕС ӨРШТІЛЕР БӨЛІМІ

فَعْلَعَادِي ФӨӨЛ‘АДИ СЕКІЛДІ « Е » ӨРШ ӨРТҮРЛІ

ХАРАКАТПЕН ЖАЗЫЛҒАН СӨЗДЕР БӨЛІМІ

تَبْتَلَدِي ТҮБҮТЛЕДИ ТҮБҮТЛЕДІ: түбітледі; түбіт деп санады.

«أَلْ أُنِي تَبْتَلَدِي» Ol аны түбүтледі: Ол аны түбүтледі - Ол оны түбіт санады, Олар бір тайпа жұрт».

تَبْتَلَاتُ - تَبْتَلَاتُ Tүbүtler-tүbүtlemeK: Түбүтлер-түбүтлемек - Түбіттер-түбіттемек).

كِرِتْلَدِي KIRITLEDI KIPITLEDI: кілттеді.

«أَلْ كِرِتْلَدِي» Ol қауғ kiritledi: Ол қауғ кірітледі - Ол қақпаны кілттеді». (Құлыптады дегені. А.Е.) كِرِتْلَاتُ - كِرِتْلَاتُ Kiritler-kiritlemek: Кірітлер-кірітлемек - Кілттер-кілттемек).

چَانَاچْلادی ЧАНАЧЛАДЫ ЧАНАЧЛАДЫ: әлжуаз санады.

«أَلْ أُنِي چَانَاچْلادی» Ol аны чаначлады: Ол аны чаначлады - Ол оны әлжуаз санады».

چَانَاچْلَاتُ - چَانَاچْلَاتُ Чаначлар-чаначламак: Чаначлар-чаначламак - Әлжуаз санар - әлжуаз санамак).

قُلْجَلادی ҚҰЛАШЛАДЫ ҚҰЛАШЛАДЫ: құлаштады.

«أَلْ أُرُقْنِي قُلْجَلادی» Ol иҥкны қулашлады: Ол ұрұкны құлашлады - Ол арқанды құлаштады; Ол арқанды құлаштап өлшеді». Басқаларға да сондай. قُلْجَلَاتُ - قُلْجَلَاتُ Qulashlar-qulashlamak:

Құлашлар-құлашламақ.-Құлаштар-құлашта-мақ).

قَلَجَلَادِي ҚЫЛЫШЛАДЫ ҚЫЛЫШЛАДЫ: қылыштады.

«أَلْ أُنِي قَلَجَلَادِي» ОI аны қылышлады: Ол аны қылышлады - Ол оны қылыштады».

قَلَجَلَارُ - قَلَجَلَامَاقُ Қылышлар-қылышламақ: Қылышлар-қылышламақ - Қылыштар-қылыштамақ).

قَمَجَلَادِي ҚАМЫШЛАДЫ ҚАМЫШЛАДЫ: шөміштеді.

«أَلْ مُوْنُكُ قَمَجَلَادِي» ОI мүнүг қамышлады: Ол мүнүг қамышлады - Ол сорпаны шөміштеді».

قَمَجَلَارُ - قَمَجَلَامَاقُ Қамышлар-қамышламақ: Қамышлар-қамышламақ - Шөміштер-шөміштемек).

بَغْرَلَادِي БАҒЫРЛАДЫ БАҒЫРЛАДЫ: бауырлады; бауырынан ұрды.»

«أَلْ أُنِي بَغْرَلَادِي» ОI аны бағырлады: Ол аны бағырлады - Ол оны бауырынан ұрды».

بَغْرَلَادِي БАҒЫРЛАДЫ БАҒЫРЛАДЫ: бауырын жазды; түзеді.

«أَلْ يَاسِنُ بَغْرَلَادِي» ОI ясын бағырлады: Ол иасын бағырлады - Ол садақтың бауырын жазды; Ол садақтың бауырын түзетіп, созды.»

بَغْرَلَارُ - بَغْرَلَامَاقُ Бағырлар-бағырламақ: Бағырлар-бағырламақ - Бауырлар-бауырламақ).

جَغْرَلَادِي ЧАҒЫРЛАДЫ ЧАҒЫРЛАДЫ: шәрбөт етті.

«أَلْ أَزْمِنِي جَغْرَلَادِي» ОI үзүмні чағырлады: Ол

үзүмні чағырлады -Ол жүзімді шәрбәт етті».

جَغْرَلَارْ - جَغْرَلَامَاقْ Чағырлар-чағырламақ: Чағырлар-чағырламақ – Шәрбәт етер – шәрбәт етпек). Біреу шәрбәт, ішімдік ішсе де солай дейді.

جَغْرَلَادِي ЧЫҒЫРЛАДЫ ЧЫҒЫРЛАДЫ: шиырлады, шиырлап жол салды.

جَغْرَلَادِي يِرِيكْ Jerig чығырлады: Иеріг чығырлады - Жерді шиырлады; Жерді шиырлап жол салды». Жердің бетін қар жапқанда біреу аяғымен жол ашып, із салса да осы сөзді қолданып айтады. جَغْرَلَارْ - جَغْرَلَامَاقْ Чығырлар-чығырламақ: Чығырлар-чығырламақ – Шиырлар-шиырламақ).

سَغْرَلَادِي СЫҒЫРЛАДЫ СЫҒЫРЛАДЫ: сиыр санады; сиыр деп есептеді.

سَغْرَلَادِي اَلْ اَنِي Ol аны сығырлады: Ол аны сығырлады - Ол оны сиыр деп санады». (Сиырға теңеді. А.Е.) سَغْرَلَارْ - سَغْرَلَامَاقْ Сығырлар-сығырламақ: Сығырлар-сығырламақ – Сиырлар-сиырламақ).

بُكْرَلَادِي БҮГҮРЛЕДІ БҮГҮРЛЕДІ: бүйірледі; бүйірден соқты.

بُكْرَلَادِي اَلْ اَنِي Ol аны бүгүрледі: Ол аны бүгүрледі - Ол оны бүйірден соқты». Және, بُكْرَلَادِي اَلْ يَغْيِنِي Ol жағыны бүгүрледі: Ол иағыны бүгүрледі - Ол жауды бет-бет келмей, оң жағынан, не сол жағынан бүйірлеп ұрды».

بُكْرَلَارُ - بُكْرَلَامَاكُ Бүгүрлер-бүгүрлемек: Бүгірлер-бүгірлемек – Бүйірлер-бүйірлемек).

تَرَسْلَادِي TARASLADЫ ТАРАСЛАДЫ: таратып шашып жіберді.

«الْب جَرِكُ تَرَسْلَادِي» Alp шерік taraslady: Алп шерік тараслады -Батыр шерікті таратып шашып жіберді». «جَغْرِي قَازِغُ تَرَسْلَادِي» Шағғы казығ taraslady: Шағғы казығ тараслады - Қырғи каз (тобын) таратып шашып жіберді». Біреу бір нәрсені өз күшімен таратып, шашыратып жіберсе де осы сөз қолданылады.

تَرَسْلَارُ - تَرَسْلَامَاقُ Taraslar-taraslamak: Тараслар-тарасламақ –Таратар-таратпақ).

تَرُسْلَادِي TARUSLADЫ ТАРҰСЛАДЫ: төбесін жапты.

«الْ اَقْنُ تَرُسْلَادِي» Ol ewin taruslady: Ол ебін тарұслады - Ол үйінің төбесін жапты». «تَرُسْلَارُ - تَرُسْلَامَاقُ» Taruslar-taruslamak: Тарұслар-тарұсламақ – Төбесін жабар-төбесін жаппақ).

قُرْتَسَادِي KURUTSADЫ ҚҰРҰТСАДЫ: құртсырады; құртты аңсады.

«ار قُرْتَسَادِي» Er kurutsady: Ер құрұтсады - Ер құртсырады; яғни адам құрт жегісі келіп, аңсады». «قُرْتَسَارُ - قُرْتَسَامَاقُ» Kurutsar-kurutsamak: Құрұтсар-құрұтсамақ – Құртсырар-құртсырамақ).

بَغْرَسَادِي BAĞYRSADЫ БАҒЫРСАДЫ: бауырсырады; бауыр жегісі келді.

«**اَر بَغْرَسَادِي**» **Er baғыrsadı: Er baғыrsadı - Er**

бауырсырады». **بَغْرَسَارُ - بَغْرَسَامَاق** **Бағырсар-бағырсатақ: Бағырсар-бағырсамақ - Бауырсы-рар-бауырсырамақ)**

كُذِرْسَادِي **KEZYRSEDI KEDZYRSEDI: кигізгісі келді.**

«**اَل مَنكَا تُونُ كُذِرْسَادِي**» **Ol maңa ton kezүrsedi: Ол маңа тон кедзүрседі – Ол маған тон кигізгісі келді».** **كُذِرْسَارُ - كُذِرْسَامَاق** **Кезүрсер-кезүр-семек: Кедзүрсер-кедзүрсемек – Кигізгісі келер-кигізгісі келмек).**

تَتَغْسَادِي **TATYFSADY TATYFSA DY: тәттісіреді. Татымды, дәмді нәрсе жегісі келді.**

«**اَر تَتَغْسَادِي**» **Er tatyfsadı: Er tatyfsadı - Er tәт-тісіреді».** **تَتَغْسَارُ - تَتَغْسَامَاق** **Татыфсар-tatyfsa-мақ: Татыфсар-tatyfсамақ – Тәттісірер-tәттісіремек).**

سَتَغْسَادِي **SATYFSADY SATYFSA DY: сатқысы келді.**

«**اَر اَتْنِ سَتَغْسَادِي**» **Er atyn satyfsadı: Er atyn са-тыфсады - Адам атын сатқысы келді».**
Жырда былай депті:

«**اَفْنِ بَرَقِنِ سَتَغْسَادِي**
يَلُغُ بَيْرِبُ يَرِغْسَادِي
تَرِكُ اَرَسَا تَرِغْسَادِي
اَنَكْرُ سَاقِنِجُ كُنِي تَغْدِي»

*Evin varqın satıǵsadı
Julıǵ berip jarıǵsadı
Titig erse turuǵsadı
Aǵar saqınısh күні tuǵdı:*

*Ебін барқын сатығсады
Иұлғ беріп иарығсады
Тіріг ерсе тұрғсады
Аңар сақынш күні туғды —*

*Ол үй-жайын сатқысы келді,
Төлем беріп құтылғысы келді.
Тірі болып тұрғысы келді,
Оған мұңлы күндер туды».*

(Жау өзін құтқарып қалу үшін, төлем төлеп құтылғысы келіп, үй-жайын сатқысы келді: Тірі қалуды тіледі, әйтсе де оған мұңлы, қайғылы күндер туды). (ستغساماق - ستغسار Satıǵsak-satıǵsamak: Сатығсақ-сатығсамақ — Сатқысы келер — сатқысы келмек).

برغسادى BARıFSADY BARıFSADY: барғысы келді.

«Ol evge barıǵsadı: Ол ебге барығсады - Оның үйге барғысы келді.» Басқалары да осы секілді. (برغسار - برغساماق Barıǵsar-barıǵsamak: Барығсар-барығсамақ — Барғысы келер — барғысы келмек).

ترغسادى TURUFSADY TÜRÜFSADY: тұрғысы келді.

«Ol munda turuǵsadı: Ол мұнда тұрғсады - Ол мұнда тұрғысы келді.» (Ол осы жерде тұруды аңсады. А.Е.). (ترغسار - ترغساماق Turuǵsar-turuǵsamak: Тұрғсар-тұрғсамақ — Тұрғысы келер — тұрғысы келмек).

قرغسیدی KURUFSYDY ҚҰРҰҒСЫДЫ: құрғауға айналды.

قرغسیر - قرغسیماق Қуғуғсығ-қуғуғсымақ:
Құрұғсыр-құрұғсымақ – Құрғауға айналар –
құрғауға айналмақ). Сол себепті асқазанды
«قرغساق» қуғуғсақ: құрұғсақ-құрсақ» деп атаған.
Ол сағаттан сағатқа құрғап, ашып, содан барып
тағамға төбет ашылады.

بلقسادی BALYQSADY БАЛЫҚСАДЫ: балық аңсады; балық же-
гісі келді, балықсырады.

ار بلقسادی Ер балықсады: Ер балықсады - Ер
балықсырады; Адам балық жегісі келді».

بلقسار - بلقساماق Балықсар-балықсамақ: Балық-
сар-балықсамақ – Балықсырар – балықсыра-
мақ).

بلقسادی BILIGSEDI БІЛІГСЕДІ: біліксіреді; білікті болғысы кел-
ді.

اغلان بلقسادی Oǵlan biligseidi: Оғлан білігсе-
ді - Бала білікті болғысы келді».

بلقسار - بلقساماك Biligser-biligsemek: Білігсер-
білігсемек - Біліксірер-біліксіремек).

برقسادی BERIGSEDI БЕРІГСЕДІ: бергісі келді; бергісіреді.

ال منكا توار برقسادی Ol maña tavar berigseidi:
Ол маña табар берігседі - Ол маған мал бергісі
келді». Басқалары да осындай.

برقسار - برقساماك Berigser-berigsemek: Беріг-

сер-берігсемек – Бергісі келер – бергісі кел-
мек).

كُرْ كَسَادِي KÖRYGSEDI KÖRYGSEDI: көргісіреді, көргісі келді.

«أَلْ مَنْي كُرْ كَسَادِي» Ol meni көrygsedi: Ол мені
көрүгседі - Ол мені көргісі келді».

كُرْ كَسَارْ - كُرْ كَسَامَاكْ Kөrygser-kөrygsemek: Кө-
рүгсер-көрүгсемек – Көргісі келер – көргісі
келмек).

كِرِ كَسَادِي KIRIGSEDI KIRIGSEDI: кіргісіреді; кіргісі келді.

«أَلْ اَقْكَ كِرِ كَسَادِي» Ol evge kirigsedi: Ол ебге кі-
рігседі - Оның үйге кіргісі келді».

Басқалары да осындай. كِرِ كَسَارْ - كِرِ كَسَامَاكْ
Kirigser-kirigsemek: Кірігсер-кірігсемек – Кір-
гісірер-кіргісіремек).

كَلِ كَسَادِي KELIGSEDI KELIGSEDI: келгісі келді.

«أَلْ مَنْكَ كَلِ كَسَادِي» Ol maңa keligsedi: Ол маңа
келігседі - Оның маған келгісі келді».

كَلِ كَسَارْ - كَلِ كَسَامَاكْ Keligser-keligsemek: Келіг-
сер-келігсемек – Келгісі келер – келгісі кел-
мек).

بَغِشَلَادِي БАҒЫШЛАДЫ БАҒЫШЛАДЫ: бағыштады.

«أَلْ مَنْكَ أَتْ بَغِشَلَادِي» Ol maңa at baғыshladı:
Ол маңа ат бағышлады - Ол маған ат бағышта-
ды».

Басқалары да осындай. بَغِشَلَارْ - بَغِشَلَامَاقْ
Baғыshlag-baғыshlamak: Бағышлар-бағышламақ
– Бағыштар-бағыштамақ).

تَفْشَلَادِي TAVUŞLADY TABUŞLADY: дауыстады; дыбыс берді. Дыбыс шығарды.

«تَفْشَلَادِي نَانِكْ Tavuşladı neñ: Табуşлады нең - Нәрсе дыбыс шығарды».

تَفْشَلَارْ - تَفْشَلَامَاقْ Tavuşlar-tavuşlamak: Табуşлар- табуşламақ -Дауыстар-дауыстамақ).

سُرُشَلَادِي SURUŞLADY SÛRÛŞLADY: қуырды.

«اَلْ تَرِغْ سُرُشَلَادِي Ol tarıǵ suruşladı: Ол тарығ сұшлады - Ол тарыны қуырды».

سُرُشَلَارْ - سُرُشَلَامَاقْ Suruşlar-suruşlamak: Сұрұшлар-сұрұшламақ - Қуырар-қуырмақ).

قَدَشَلَادِي ҚАЗЫШЛАДЫ ҚАДЗЫШЛАДЫ: қайыстады; қайыс тілді).

«اَلْ كُونِكْ قَدَشَلَادِي Ol көнүг қазышлады: Ол көнүг қадзышлады - Ол көннен қайыс тілді».

قَدَشَلَارْ - قَدَشَلَامَاقْ Қазышлар-қазышламақ: Қадзышлар-қадзышламақ - Қарыстар-қарыстамақ).

بِشَغَلَادِي РЫШЫҒЛАДЫ ПЫШЫҒЛАДЫ: пісірді.

«اَلْ اَتْ بِشَغَلَادِي Ol et рышығлады: Ол ет пышығлады - Ол ет пісірді».

Басқасы да сондай. بِشَغَلَارْ - بِشَغَلَامَاقْ Рышығлар-рышығламақ: Пышығлар-пышығламақ -Пісірер-пісірмек).

سَاتِغَلَادِي САТЫҒЛАДЫ САТЫҒЛАДЫ: сатысты; сауда жасасты.

«اَلْ اَنْكَ بَرَلَا سَتَغْلَادِي» Ol аның бірге satyғлады:
 Ол аның бірле сатығлады - Ол онымен бірге са-
 уда жасасты». (سَتَغْلَامَاق - سَتَغْلَاوَار Sатығлар-sa-
 тығламақ: Сатығлар-сатығламақ - Сатысар-са-
 тыспак). Дұрысы: «سَتَغْلَاشْدِي Sатығлашды: сатығ-
 лашды» түріндегісі. Екі түрі де қолданыла бе-
 реді.

سَرِغْلَادِي SARЫFLADЫ SARЫFLADЫ: сарғайтты, (Сарыға бо-
 яды. А.Е.)

«اَلْ تُونِن سَرِغْلَادِي» Ol тонын сарығлады: Ол то-
 нын сарығлады - Ол тонын сарғайтты.» Басқа-
 сы да сондай. (سَرِغْلَامَاق - سَرِغْلَاوَار Sarығлар-sa-
 рығламақ: Сарығлар-сарығламақ - Сарғайтар-
 сарғайтпақ).

قَدْغْلَادِي ҚЫЗЫFLADЫ ҚЫДЗЫFLADЫ: (Қиықтады? – А.Е.).

«اَلْ بَرَكْ قَدْغْلَادِي» Ol бөрік қызығлады: Ол бө-
 рік қыздығлады.— Ол бөрікті жиектеді; - Ол
 бөріктің жиегін тікті». Басқасы да осындай.
 (قَدْغْلَامَاق - قَدْغْلَاوَار Қызығлар-қызығламақ:
 Қыздығлар-қыздығламақ — Жиектер-жиекте-
 мек).

قُرِغْلَادِي ҚURЫFLADЫ ҚҰРЫFLADЫ: құрғақтай қолданды; құр-
 ғақтай пайдаланды.

«قُرِغْلَادِي نَارَكْنِي» Құгығлады неңні: Құрығлады
 неңні - Нөрсені құрғақтай пайдаланды».

قُرغَلار - قُرغَلماق Құғығлануғ-құғығланмақ:
Құрығлануғ-құрығланмақ - Құрғақтай пайдаланар-құрғақтай пайдаланбақ).

قَسغَلادي ҚАСЫҒЛАДЫ ҚАСЫҒЛАДЫ: жағынан соқты.

Ol құлын қасығлады: Ол құлын қасығлады - Ол құлын жағынан соқты».

قَسغَلار - قَسغَلماق Қасығлағ-қасығламақ:
Қасығлар-қасығламақ* - Жағынан соғар - жағынан соқпақ).

بۇتاқلادي БУТАҚЛАДЫ БҰТАҚЛАДЫ: бұтақтады; бұтады;

Ol ал ығашығ бұтақтады: Ол ығашығ бұтақтады - Ол ығашты бұтақтады».

Butaqlar - Butaqlamaq Бұтақлар-бұтақламақ - Бұтақтар-бұтақтамақ).** Бұл сөздің дұрысырақ түрі:

Butydy: бұтыды - бұтады» болады.

تۇتۇقلادي TUTUQLADY TŪTŪQLADY: тұттырды; (Сүндеттеді - А.Е.)***

Ol оғлын тұтұқлады: Ол оғлын тұтұқлады - Ол ұлын сүндеттеді».

* Жазба нұсқасында да, баспа нұсқасында да осы сөздің алғашқы «к» әрпі асты, үстінен бірдей қаракатталған. Үстінгі қаракат алынды.

** Жазба нұсқасында да, баспа нұсқасында да «بۇتاқلادي: бұтақтады» дегендегі сөздің екінші «ت - т» әрпі асты-үстінен бірдей қаракатталған. Басқа жерлерде де М.Қашқари біресе «бұтақ...», біресе «бұтық...» деп колдана береді. Үстінгі қаракат бойынша транскрипцияланды. А.Е.

*** «Tutukla-кастрировать: Ol оғлын tutuqlady — Он кастрировал своего сына». (МК III. 337.)» «...кастрата, внуха... (МК II. 265)» (ДТС., стр. 593).

تَتُقَلِّدُ - تَتُقَلِّدُ (تَتُقَلِّدُ مَاق) Tutuklar-tutuklamak: Түтүк-
лар-түтүкламак - Сүндеттер-сүндеттемек).

بَشَقْلَادِي БАШАҚЛАДЫ БАШАҚЛАДЫ: ұштады; бас шығарды.

«أَلْ سُنْكَوْ بَشَقْلَادِي» Ol сүңі башақлады: Ол сүңі
башақлады - Ол сүңгіні ұштады; (Ол найзаға
темір бас (үш)бекітті). «بَشَقْلَادِي - بَشَقْلَادِي»
Башақлар-башақламак: Башақлар-башақламак —
Бас шығарар-бас шығармак).

تُرُقْلَادِي TURUQLADY TҮРҮҚЛАДЫ: тұрықтатты; арықтатты.

«أَلْ أَتِغْ تُرُقْلَادِي» Ol атығ turuqlady: Ол атығ
түрүқлады - Ол атын арықтатты».
Арық-тұрыққа ұшыратты. Басқалары да осын-
дай. «تُرُقْلَادِي - تُرُقْلَادِي» Turuqlar-turuqlamak:
Түрүқлар-түрүқламак — Арықтатар - арықтат-
пак).

جِبَقْلَادِي ЧЫВЫҚЛАДЫ ЧЫВЫҚЛАДЫ: шыбықтады; шыбыкпен
соқты.

«أَلْ أَتِنْ جِبَقْلَادِي» Ol атын чывықлады: Ол атын
чыбықлады - Ол атын шыбықтады».
«جِبَقْلَادِي - جِبَقْلَادِي» Чывықлар-чывықламак: Чы-
бықлар-чыбықламак - Шыбықтар-шыбықта-
мак).

جَرُقْلَادِي ЧАРУҚЛАДЫ ЧАРУҚЛАДЫ: шарықтады; шарық киді.

«أَلْ أَذَاقِنْ جَرُقْلَادِي» Ol азақын чағуқлады: Ол
азақын чаруқлады— Ол аяғын шарықтады; Ол
аяғына шарық киді».

جَرُّقْلَامَاقْ - جَرُّقْلَارْ Чагуклаг-чагукламак: Чаруқлар-чаруқламак – Шарықтар-шарықтамак)*
 «جَرُّقْ Чагук: Чаруқ - Жаруқ» деп аталатын тайпаға теліп айтқанда да осы сөз қолданылады.

قَبَقْلَادِي ҚАВАҚЛАДЫ ҚАБАҚЛАДЫ: кавақлады; қыздығын алды.

اَر قَبَقْلَادِي عَر قَبَقْلَادِي Ер қызығ кавақлады: Ер қызығ кавақлады – Ер қыздың қыздығын алды».
 قَبَقْلَارْ - قَبَقْلَامَاقْ Каваклаг-кавакламак: Кабақлар-кабақламак – Қыздығын алар—қыздығын алмак).

قُشَاқْلَادِي ҚҰШАҚЛАДЫ ҚҰШАҚЛАДЫ: құшақтады.

اَل بَرَجْن قُشَاқْلَادِي Ол вағшып құшақлады: Ол баршын құшақлады – Ол баршын жібекті құшақтады».
 قُشَاқْلَارْ - قُشَاқْلَامَاقْ Қушақлаг-қушақламак: Құшақлар-құшақламак – Құшақтар-құшақтамак).

قَرَقْلَادِي ҚАРАҚЛАДЫ ҚАРАҚЛАДЫ: тонады; мал тонады.**

اَل تَوَارِغْ قَرَقْلَادِي Ол тауағығ қарақлады: Ол табарығ қарақлады – Ол жол торып мал тонады».
 قَرَقْلَارْ - قَرَقْلَامَاقْ Қарақлаг-қарақламак: Қарақлар-қарақламак – Тонар-тонамак). (Иағма тілінде).

* Жазба нұсқада сөз түбіріндегі «р» әрпі асты, үстінен бірдей харақатталған. «جَرُّقْ чагук: чаруқ» деп, зәммә белгісі алынды. А.Е.

** Көдімгі «қарақшылық» мәніндегі сөз. А.Е.

قَشَقْلَادِي ҚАШЫҚЛАДЫ ҚАШЫҚЛАДЫ: қасықтады.

«أَلْ بِالِغِ قَشَقْلَادِي» ОI балығ қашықлады: Ол балығ қашықлады - Ол балды қасықтап жеді; Ол балды қасықтады». (قَشَقْلَادِي - قَشَقْلَادِي) Қашықлағ-қашықламақ: Қашықлар-қашықламақ - Қасықтар-қасықтамақ)*.

قَلَقْلَادِي ҚҰЛАҚЛАДЫ ҚҰЛАҚЛАДЫ: құлақтады; құлағына соқты.

«أَلْ اِغَانِ قَلَقْلَادِي» ОI оғын құлақлады: Ол оғын құлақлады - Ол ұлын құлақтады; Ол ұлын құлағына соқты». (قَلَقْلَادِي - قَلَقْلَادِي) Құлақлағ-құлақламақ: Құлақлар-құлақламақ - құлақтар-құлақтамақ).

قَمُقْلَادِي ҚҰМУҚЛАДЫ ҚҰМУҚЛАДЫ: құмалақтады.

«أَتِ قَمُقْلَادِي» Аt қумуқлады: Ат құмұқлады - Ат құмалақтады; (Ат тезек тастады). «قَمُقْ قَمُقْ» Қумуқ: құмұқ-құмық» жұртының адамына телісе де осылай дейді. Бұл бір кісінің есімі.

(قَمُقْلَادِي - قَمُقْلَادِي) Қумуқлағ-қумуқламақ: Құмұқлар-құмұқламақ - Құмалақтар-құмалақтамақ).

قَنُقْلَادِي ҚОНУҚЛАДЫ ҚОНУҚЛАДЫ: қонақ етті; қонақтатты.

«بَكَ مَنِي قَنُقْلَادِي» Бег мені қонуқлады: Бег мені қонуқлады - Бек мені қонақ етті». Басқаларда да осындай.

* «ش—ш» әрпі асты, үстілік харакатпен қатар таңбаланған. «Қасық» мағынасына қарай транскрипцияланды. А.Е.

قُنُقْلَارْ - قُنُقْلَامَاقْ Қонұқлар-қонұқламақ:
Қонұқлар-қонұқламақ – Қонақтатар-қонақтат-
пақ). Оғыздардан басқалардың тілінде бұл сөз
біреудің үй иесінің ризашылығынсыз, жақтыр-
мағанына қарамастан сол үйде қонақтау мәнін
андатады.

Жырда былай деп келген;

يَغْيِي بَكْدِنْ اَذْقَلَادِي «
كَرْبُ سُونِي اَذْقَلَادِي
الْمِ اَنِي قُنُقْلَادِي
اَغْزِ اَجْرَا اَغْوِ سَغْدِي

*Jaғы begdin izıqladı
Kөgүp sүni aзықladı
Өлүт аны қонұқлады
Ағыз ішpe ағи сағды:*

*Иағы бегдін үдзұқлады
Көрүп сүні адықлады
Өлүм аны қонұқлады
Ағыз ішpe ағұ сағды –*

*Бектен жауды ұйқы басты,
Қосынын көріп қатты састы;
Өлім оны қонақтатты,
Аузына у сауды, шашты».*

(Бектің өзі келгенде, оны көріп жау мәңгі-
ріп, ұйқы басты; Қосын жасақтарын көріп сас-
ты, аласапыранға түсті; Өлім оны қонақ етті;
Ауыз ішіне у сауды, сол удан өлді).

بِجَّكَلَادِي RYSHAKLADY PYSHAKLADY: пышақтады.

«أَلْ أَانِي بِجَّكَلَادِي» Ol any ryshaklady: Ол аны пышақлады - Ол оны пышақтады».

بِجَّكَلَارْ - بِجَّكَلَامَاكْ Рышаклар-рышақтамақ: Пышақлар-пышақтамақ – Пышақтар-пышақтамақ).

بِدُّكَلَادِي BEDÜKLEDI BEDÜKLEDİ: ұлықтады; Биік санады.

«أَلْ مَنِي بِدُّكَلَادِي» Ol meni bedükledi: Ол мені бедүкледі - Ол мені биік санады. (Ол мені үлкен санады)». بِدُّكَلَارْ - بِدُّكَلَامَاكْ Bedükler-bedüklemek: Бедүклер-бедүклемек – Ұлықтар-ұлықтамақ).

بَلَّكَلَادِي BELEKLEDI BELEKLEDİ: сый; сыбаға, тарту.

«أَلْ مَنِيكَ بَلَّكَلَادِي» Ol menе bekleledi: Ол меңе белекледі - Ол маған сыйлады; (Ол маған сыйсыбаға берді)». Бَلَّكَلَارْ - Бَلَّكَلَامَاكْ Belekler-beleklemek: Белеклер-белеклемек – Сый берер-сый бермек).

تَزَّكَلَادِي TEZEKLEDI TEZEKLEDİ: тезектеді.

«أَتْ تَزَّكَلَادِي» At tezekledi: Ат тезекледі - Ат тезектеді». Басқалары да осындай.

تَزَّكَلَارْ - تَزَّكَلَامَاكْ Tezekler-tezeklemek: Тезеклер-тезеклемек – Тезектер-тезектемек).

تَهَّجَّكَلَادِي TƏJİKLEDI TƏJİKLEDİ: тәжіктеді; тәжікке санады.

«أَلْ أُنِي تَرَكْلَادِي» Ol аны тәжікледі: Ол аны тәжікледі - Ол оны тәжікке санады; Ол оны тәжікке есептеді». (تَرَكْلَامَاكْ - تَرَكْلَارْ) Тәжіклер-тәжіклемек: Тәжіклер-тәжіклемек – Тәжіктер-тәжіктемек).

تَشْكُلَادِي TESHÜKLEDİ TESHÜKLEDİ: ашкөз санады; тесіктеді.

«أَلْ أُنِي تَشْكُلَادِي» Ol аны тешүкледі: Ол аны тешүкледі - Ол оны ашкөз санады; (Ол оны сүккөз сұғанак деп есептеді)».

(تَشْكُلَامَاكْ - تَشْكُلَارْ) Тешүклер-тешүклемек: Тешүклер-тешүклемек – Ашкөз санар – ашкөз санамақ).

چَرَكْلَادِي ЧӨРЕКLEDİ ЧӨРЕКLEDİ: тоқаш жасады; күлше жапты.

«أَلْ أُونُغْ چَرَكْلَادِي» Ol унуғ чөрекледі: Ол ұнуғ чөрекледі – Ол ұннан тоқаш жасады».

(چَرَكْلَامَاكْ - چَرَكْلَارْ) Чөреклер-чөреклемек: Чөреклер-чөреклемек – Тоқаш жабар-тоқаш жаппақ).

كِرَكْلَادِي KEREKLEDİ KEREKLEDİ: керексінді; керек етті; іздеді.

«أَلْ أُنِي كِرَكْلَادِي» Ol аны керекледі: Ол аны керекледі - Ол оны керек етті; Оны қажетсініп іздеді». (كِرَكْلَامَاكْ - كِرَكْلَارْ) Kerekler-kereklemek: Кереклер-кереклемек – Керексінер-керексінбек).

كُورَكْلَادِي KӨRYKLEDİ KӨRYKLEDİ: көріктеді.

«اَلْ اُوْتُغْ كُرُّ كَلَادِي» Ol otuғ көгүкledi: Ол отуғ көрүкледі – Ол отты көріктеді; Ол отты көрікпен үрді». «كُرُّ كَلَادِي - كُرُّ كَلَامَاكْ» Көгүклер-көгүклемек: Көрүклер-көрүклемек – Көріктер-көріктемек).

«كُجُكَلَادِي» KӨШҮКLEDI KӨШІКLEDI: шапалақтады; құйрығына соқты.

«اَلْ اُوغْلَانْ كُجُكَلَادِي» Ol oғлын көшүкledi: Ол оғлын көшүкледі - Ол ұлын шапалақтады».

«كُجُكَلَادِي - كُجُكَلَامَاكْ» Көшүклер-көшүклемек: Көшүклер-көшүклемек – Шапалақтар-шапалақтамақ).

«كِيШІКَلَادِي» KIШІKLEDI KIШІKLEDI: кіші санады.

«اَلْ اَنِي كِيШІКَلَادِي» Ol аны кішікledi: Ол аны кішікледі - Ол оны кіші санады».

«КІШІКَلَادِي - КІШІКَلَامَاКْ» Кішіклер-кішіклемек: Кішіклер-кішіклемек – Кіші санар – кіші санамақ).

«TҮRҮMЛАДИ» TURUMLADY TҮRҮMЛАDY: бойлады.

«اَلْ سُوغُغْ تَرُمَلَادِي» Ol suvuғ tuғumlady: Ол сувуғ тұрұмлады - Ол суды бойлады». Яғни, судың терендігін бойымен бойлап өлшеді.

«TҮRҮMЛАДИ - TҮRҮMЛАМАКْ» Turumlar-turumlamaқ: Тұрымлар-тұрұмламақ – Бойлар-бойламақ).

«TAPЫMЛАДИ» TAPЫMЛАDY: (тармағын кешіп өтті.).

«اَلْ اَكْزَنِي تَرُمَلَادِي» Ol өгүзні тағымлады: Ол

өгүзні тарымлады - Ол өзенді тармағынан кешіп өтті». (تَرِمْلَارُ - تَرِمْلَامَاقُ) Tarımlar-tarımlamak: Тарымлар-тарымламак – Тармақтан өтер – Тармақтан өтпек).

Батып кетуден сақтанып осылай істейді.

بُتْیُنْلَادِ БҮТҮНЛЕДІ БҮТҮНЛЕДІ: (бүгіндеді) сөздің шындығын тексерді.

«اُل سُوْزُكُ بُتْیُنْلَادِ» Ol sözüg bytynledi: Ол сөзүг бүтүнледі - Ол сөздің шындығын тексерді». Басқаларда да сол секілді. (بُتْیُنْلَارُ - بُتْیُنْلَامَاقُ) Bütynler-bytynlemek: Бүгінлер-бүгінлемек – Шындығын тексерер – шындығын тексермек).

بُرْیُنْلَادِ BURUNLADЫ БҮРҮНЛАДЫ: мұрындады; түмсығынан ұрды.

«اُل اَنِي بُرْیُنْلَادِ» Ol anyı burunladı: Ол аны бұрынлады - Ол оны мұрындады; Ол оны түмсығынан ұрды». (بُرْیُنْلَارُ - بُرْیُنْلَامَاقُ) Burunlar-burunlamak: Бұрынлар-бұрұнламак – Мұрындар-мұрындамак).

تَبَّانْلَادِ TABANLADЫ ТАБАНЛАДЫ: табандады; табанымен таптады.

«تَوِي تَبَّانْلَادِ» Tevej tabanladı: Тебей табанлады - Түйе табанымен таптады». (تَبَّانْلَارُ - تَبَّانْلَامَاقُ) Tabanlar-tabanlamak: Табанлар-табанламак – Табандар-табандамак).

سَبَّانْلَادِ SABANLADЫ САБАНЛАДЫ: сабан салды.

«اُل يِرِكُ سَبَّانْلَادِ» Ol jerig sabanladı: Ол иеріг

сабанлады - Ол жерді сабандады; Ол жерге сабан салды». (سَبَانْلَامَاق - سَبَانْلَارْ Sabanlar-sabanlamak: Сабанлар-сабанламақ – Сабан салар-сабан салмақ).

БҮЛ БӨЛІМДЕГІ МИСАЛДАР

يَغْرِلا دِي JAҒЫRLADY ИАҒЫРЛАДЫ: жауырлады; жауырын емдеді.

«اَلْ اَتَنْ يَغْرِلا دِي» Ol атын жағырлады: Ол атын иағырлады - Ол атының жауырын емдеді».

Егер атын жауыр қылды демекші болса,

«اَلْ اَتَغْ يَغْرِتِي» Ol атығ жағгытты: Ол атығ иағыртты - Ол атын жауыр қылды» дейді. Бұл

арабшадағы кедейленді дегенді - «تَرَبَّ taraba:

тараба», байыды дегенді - «اَتَرَبَّ atrava: атраба»;

зұлымдық істеді дегенді - «كَسَطَ kasata: қасата»,

әділдік істеді дегенді «اَقْسَطَ aksata: ақсата» де-

ген секілді. (يَغْرِلا مَاق - يَغْرِلا رْ Jaғыrlar-jaғыrlamak: Иағырлар-иағырламақ – Жауырын емдер - жауырын емдемек).

يَفْزُلا دِي JAVUZLADY ИАВҮЗЛАДЫ: жауыз деп санады; жаман деп есептеді.

«اَلْ يَفْزُلا دِي نَانْكَنِي» Ol javuzladı неңні: Ол иавұзлады ненні – Ол нәрсені жаман деп есептеді».

يَفْزُلَارُ - يَفْزُلَامَاقُ Javuzlar-javuzlamak: Иавүзлар-иавүзламақ — Жаман санар - жаман санамақ).

يَزُكْلَادِي JAZUKLADY ИАЗҰҚЛАДЫ: жазалады; айыптады.

«بَكْ اَنِي يَزُكْلَادِي» Beg аны jazukladı: Бег аны иазұқлады - Бек оны жазалады; Бек оны жазықты етті». (يَزُكْلَارُ - يَزُكْلَامَاقُ) Jazuklar-jazuklamak: Иазұқлар-иазұқламақ — Жазалар-жазаламақ).

يِتِكْلَادِي JITIKLEDY ИИТІКЛЕДІ: (жітіледі? — А.Е.) іздеді.

«اَلْ اَت يِتِكْلَادِي» Ol at jitikledi: Ол ат иітікледі - Ол ат іздеді». Басқалары да сондай.

يِتِكْلَارُ - يِتِكْلَامَاكُ Jitikler-jitiklemek: Иітіклер-иітіклемек — Іздер-іздемек).

يِرْمَلَادِي JARYMLADY ИАРЫМЛАДЫ: жарымдады.

«اَلْ يُولُغُ يِرْمَلَادِي» Ol joluғ jayımladı: Ол иолығ иарымдады - Ол жолдың жарымын асты; Ол жолды жарымдады».

Басқалары да сондай. (يِرْمَلَارُ - يِرْمَلَامَاقُ) Jayımlar-jayımlamak: Иарымлар-иарымламақ — Жарымдар-жарымдамақ).

يِلْمَلَادِي JELIMLEDY ИЕЛІМЛЕДІ: желімдеді.

«اَلْ اُقُ يِلْمَلَادِي» Ol oқ jelimledi: Ол оқ иелімледі — Ол оқ желімдеді; Ол жебеге қауырсын желімдеді».

يِلْمَلَادِي JELIMLEDY ИЕЛІМЛЕДІ: шарлады; шолды.

«اَلْ يُولُغُ يِلْمَلَادِي» Ol joluғ jelimledi: Ол

иолығ иелімледі - Ол жолды шолды, (Ол жол бойында жау шолғыншысының бар-жоғын білу үшін қосынынан озып, алдыға жол шарлап жөнелді)». ياملاماك - ياملامار Jelimler-jelimlemek: Иелімлер-иелімлемек – Желімдер-желімдемек).

يَغْرِنْلَادِي JAҒРЫНЛАДЫ ИАҒРЫНЛАДЫ: жауырындады; жауырынына какты.

«يَغْرِنْلَادِي Ol аны жағғынлады: Ол аны йағғынлады — Ол оны жауырынынан какты».
يَغْرِنْلَارُ - يَغْرِنْلَامَاق Jaғғынлар-jaғғынламақ: Иағғынлар-иағғынламақ — Жауырындар-жауырындамақ)*.

ЕРЕЖЕ

Бұл бөлімдегі бұйрық рай бес әріпті болып келеді.

Мысалы: «أَغْرِلَا مِنِّي Meni ағыгла: Мені ағырла — Мені құрметте»,

«مَنْكَآتٌ بَغْشَلَا Maңa at бағышла: Маңа ат бағышла — Маған ат арна;

немесе маған ат байла, сыйла» дегендегі «أَغْرِلَا ағыгла: ағырла - құрметте; сыйла», «بَغْشَلَا бағышла: бағышла - байла, арна» деген сияқты.

Түрлі етістіктердің болымсыз түрлері, етістіктен жасалған есімшелер, мекен-жай, уақыт-мерзім, құрал-жабдық есімдері жоғарыдағы бөлімдерде айтылған ережелерге сәйкес жасалады. Ереже барлық бөлімдерге бірдей ортақ. Бұл бөлімнен межхул етістік** жасау үшін бұйрық райлы түріне бір «ل — л» әрпі қосылады, сөйтіп, бұл ретте екі «ل — л» әрпі пайда болады. Мысалы:

* Баспа нұсқада бұл сөз «ғ» әрпінсіз түссе, жазба нұсқасында «ғ» әрпімен жазылған. Дұрысы жазба нұсқасындағыдай. Солай алынды. А.Е.

** Ырықсыз етіс.

«أَرَّ اغْرَلْتَدِي» Er aғыrlaldы: Ер ағырлалды - Ер құрметтелді»,

«آتَ بَغْشَلْتَدِي» At baғышlaldы: Ат бағышлалды - Ат сыйланды; Ат байланды,» дегендер секілді. Бұл етістіктерде «ل — л» қосымшасының орнына «ن — н» әрпін қолданып, «آتَ بَغْشَلْتَدِي» At baғышlan-

ды: Ат бағышланды - Ат тарту етілді; Ат байланды», «أَرَّ اغْرَلْتَدِي» Er aғыrlaldы: Ер ағырланды - Ер құрметтелді, яғни адам құрметтенді» десе де болады. Әйтсе де алғашқы түрі жиірек қолданылады. Істі екі кісі бірлесіп атқарғандығын білдіру үшін, етістікке «ش — ш» әрпін қосып туындату ережесі жоғарыда түсіндіріп айтылды.

Бұл бөлім алты түрлі сипатта келеді.

Біріншісі, етістік иллет әріптерінсіз, үш әріптік есімдерден жасалады. Мысалы:

«قَبَّ كَرْتَلَادِي» Qaruf kiritledi: Қаруғ кірітледі - Қакпаны кілттеді; қакпаны құлыптады». Негізі «كِرْت» Kirit: кіріт-кіліт» болатын, оған «لَادِي» -ledi/-леді» қосымшасы қосылып етістік жасалған.

«أَلْ أَنِي قَسْغَلَادِي» Ol аны қасығлады: Ол аны қасығлады - Ол оны ұртынан соқты». Бұл жағдайда «قَسْغ» қасығ: қасығ - ұрт» есім сөз еді, «لَادِي» -lady/-лады» қосылып етістік туындады.

Бұл бөлімдегі әрбір мағынаны аңғартқанда осы ереже сақталады.

Екіншісі, айтылған сөз, ол адам аты, не басқа сөз болсын, бір нәрсе қатарында балағандықты аңғартады. Мысалы:

«أَلْ أَنِي اغْزَلَادِي» Ol аны оғызлады: Ол аны оғызлады - Ол оны оғыз деп санады»;

«أَلْ أَنِي جِكَلَادِي» Ol аны шігілледі: Ол аны шігілледі - Ол оны ші-

гілдеді; Ол оны шігіл деп санады» дегендер секілді. Сол сияқты, адам қандай да бір нәрсеге санаса да осылай дейді. Мысалы: «اَلْ اَنِي سَرَنَلَادِي» Ol аны sарanлады: Ол аны саранлады - Ол оны сараңға санады». Арабшада да сондай. «ظَالِمْتَهُ فَسَقْتَهُ» дегеннің мәнісі «Сен оны залымға, пысыққа ұқсаттың» дегендегісі.

Үшіншісі, айтылған ағзаға соғу мағынасын аңғартады. Мысалы: «اَلْ اَنِي قَرَنَلَادِي» Ol аны қарынлады: Ол аны қарынлады - Ол оны қарындады; Ол оны қарынға соқты», «اَلْ اَنِي بَغُرَلَادِي» Ol аны бөгүрледі: Ол аны бөгүрледі - Ол оны бүйрегінен соқты» дегендер сияқты. Бұл сипат түрк тілдерінің ерекше дара қасиеті. Араб тілімен бөйгеге түскен аттай үзенгі қағыстырып тең түсіп отырады. Арабшада да есімнен етістік жасалады.

Мысалы: «Жанбасынан ұрды» дегендегі «жанбас» мағынасындағы «فَحْزٌ фахз: фахдз» есімінен етістік туындайтын «فَحَّزْتُ фаххазахи: фаххадзаху» дейді. «Жанбасына соқты; жанбастады» мәнінде. «Басына соқты» мағынасындағы «رَاسَهُ гаасахи: раасаху», «қуығына соқты» мағынасындағы «مَثْنَهُ төссанахи: төссанаху», «терісіне ұрды» мағынасындағы «جَلَدَهُ жалладахи: жалладаху» дегендер сияқты. Түрк тілдерінде де осы секілді есімдерден етістік жасалады. Мысалы: «تَوَشُّ تөш: төш-төс» деген есімнен туындаған «تَوَشَّلَادِي төшледі: төшледі-төстеді, төске ұрды» етістігі секілді.

Түрк тілдерінің бәрінде, осындай мәнде, есімдерден етістіктер жасалады.

Төртіншісі, атқарушының істі аталған құралмен істегендігін білдіреді. «اَلْ اَنِي قَالَجَلَادِي» Ol аны қылышлады: Ол аны қылышлады - Ол оны қылыштады». (Ол оны қылышпен шапты).

«اَلْ اَتَيْغُ جَبِقْلَادِي» Ol atıyғ шыбықлады: Ол атығ шыбықлады - Ол атын шыбықтады; (Ол атын шыбықпен ұрды)» дегендер секілді.

Бесіншісі, баяндалған нәрсенің өзінен бөлініп шыққандығын білдіреді. Мысалы: «بامق ارغلا دی» Рамуқ уғуғлады: Памұқ ұрұғлады - Мақтаны ұрықтады; Мақтаны ұрығынан ажыратты», «تالولادی نالکنی» Taluladı nenni: Талұлады ненні - Нәрсені тандады; (Нәрсені өзі секілділердің ортасынан саралап тандады) - дегендер секілді.

Алтыншысы, өз сипатын берік сақтап, жоғарыда аталған мағыналардың ешбіріне үйлеспейді. Мысалы: «اَلْ مَنكَا اَتْ بَغشَلادی» Ol maңa at baғышлады: Ол маңа ат бағышлады - Ол маған ат бағыштады; Ол маған ат байлады». «تەنگری مەنی اغرلادی» Tәңгі meni aғығлады: Тәңгі мені ағырлады - Тәңірі мені қадірлі етті» дегендер секілді.

Бұдан соң, мынаны білгін, есімдерден етістік жасалу ережесі жалпыға ортақ болса да, есімдердің барлығынан бірдей етістік жасала бермейді. «Жаңғақ» мағынасындағы «قشق» қосық: қосық» сөзінен «قسقلادی» қосықлады: қосықлады» секілді етістік жасалмайды.

Ал, «قشق» қашуқ: қашуқ - қасық» сөзінен «قسقلادی» қашуқлады: қашуқлады — қасықтады» секілді етістік жасауға болады.

«اَلْ مەنی قسقلادی» Ol meni konıqladı: Ол мені қонуқлады - Ол мені қонақ етті; Ол мені қонақтатты» деуге болғанымен, керісінше «اَت قسقلادی» At konakladı: Ат қонақлады - Ат қонақ жеді; Ат қонақтады» деуге болмайды. «قشق» қонақ: қонақ», «قشق» қонуқ: қонуқ» сөз-

дері үш әріпті болса да, бірінен етістік туындайды, бірінен етістік туындамайды. Егерде, біреу бұл есімдерден басқаларға сәйкес етістік жасап қолданса, тоқтатып болмайды. Қате деуге де болмайды. Жол беріледі.

Бұл бөлім мен «ن — н» -лық етістіктер бөлімі арасындағы айырмашылықтарды жоғарыда айттық. «ن — н» лық етістіктер әрекеттің істеушімен шектелмейтіндігін, істі істеушінің өзі атқарғандығын білдіреді. Бұл жөнінде жоғарыда айтылды. Бұл бөлімдегі етістіктерге келсек, мұнда әрекет істеушіден басқаға ауысады.

Мысалы, алдыңғы етістік түрі мынадай болады: «أَرَاتُكَ لَدِي»
Ер етүкләнди: Ер етүкленді — Ер етіктенді; Адам етікті болды»,

«أَرَاتُكَ لَدِي»
Яғаш етүкләнди: Ийғаш ерүкленді - Ағаш өрікленді;

ағаш өрікті болды» дегендер сияқты. Бұл бөлім арабшадағы: «أَنْفَعَالٌ»
бөлімімен бара-бар бірдей. «ل — л»-лық етістіктер бөліміне келсек,

бұл орайда «لَدِي» -ladı// -ledı: -лады// -леді» қосымшасымен жасал-

ған етістіктерді назарда ұстаймын, бұл бөлім арабшадағы «تَفَعُّيلٌ»
бөліміне сәйкес келеді де, үнемі өтімді болады.

Мысалы: «أَتَتْكَ لَدِي»
Ol ot көгүкләди: Ол от көрікледі -

Ол от көріктеді; Ол отты көрікпен үрді», «أَتَتْكَ لَدِي»
Ol қаруғ кіртіледі: Ол қаруғ кіртіледі - Ол қақпаны кіліттеді» дегендер секілді.

Егер атқарушы баяндалған есіммен тұтастықты білдірмекші болса, «ن — н» әрпімен келетін етістік бөлімдерінің барлығынан сол мағынадағы етістік жасауы мүмкін. Мұның ережесі жоғарыда айтылды. Бұл етістіктер жіктік жалғауларымен келгенде, ол етістіктерден

«лин» әріптері түсіп қалады. Мәселен: «مَنْ أَدَقَلَدِمَ» Мен ызықла-

дым: Мен ұдықладым — Мен ұйықтадым»; «أَدَقَلَدِنَكَ» Sen ызық-

лады: Сен ұдықладың - Сен ұйықтадың»; «أَذَقْتَدِي» Узықлады: ұдықлады - ұйықтады» — дегендер секілді.

Басқа етістіктер де соған сәйкес жасалады. Ұлы Тәңір қаласа!

Төрт әріпті етістіктер ішінде бір жерде іркес-тіркес екі сүкүн келген етістіктер табылмайды. Өйткені, ондай етістіктердің соңғы әрпі тіл ұшы әріптерімен (ذلاقة) бірге келеді. Бұл жерде мәні болмайды.

Мысалы: «أَرْمَكُورْدِي» Ермегүрді: Ермегүрді — Жалқауланды»,*

«أَرْمَكُورَار» Ермегүгер: Ермегүгер — Жалқауланар», «أَرْمَكُورْمَال» Ермегүгтек: Ермегүгтек — Жалқауланбак» деген секілді етістіктер

«و — у» түсіріліп, «أَرْمَكُورْدِي» Ермегүрді: Ермегүрді» түрінде де қолданылады. Сөйтіп, екі сүкүн бір жерде келмейді. Мұны жақсылап біліп алғын.

* «Жалқауланды» деген мәнде талдап көрсеткен. Түпнұсқа сөз тұлғасына карағанда «ерікті, ермек етті» дегенге де іш тартатындай. А.Е.

БЕС ӨРІПТІЛЕР

* فَعَلَعَلَادِي * ФӨ, ЛӨ, ЛДИ СЕКІЛДІ ӨРТҮРЛІ

ХАРАКАТТЫ СӨЗДЕР

تَفَعَّلَا دِي

TAVFAŞLADY T AVFAŞLADY: табғаш санады;
табғаш деп есептеді. Машындық санады.

«أَلْ أُنِي تَفَعَّلَا دِي» Ol аны tavfaşladı: Ол аны
тавғашлады - Ол оны машындық деп есептеді».

تَفَعَّلَا دِي - تَفَعَّلَا مَاقُ Tavfaşlar-tavfaşla-
mak: Тавғашлар-тавғашламақ – Машынлык
санар – машынлык санамақ).

سُرَّقُوا دِي

SURQUSHLADY CYPKYŞLADY: сұрғыштады.

«أَلْ بِجَاكْ سُرَّقُوا دِي» Ol бышак surqushladı: Ол
бышак сұрқұшлады - Ол пышақтың сабына кір-
гізілетін ұшын лак ағашының желімімен бекіт-
ті».

سُرَّقُوا دِي - سُرَّقُوا مَاقُ Surqushlar-surqush-
lamak: Сұрқұшлар-сұрқышламақ – Желімдер-
желімдемек).

قَلْبُزُوا دِي

QALBUZLADY QALBUZLADY: бөлшектеді.

«أَلْ قَلْبُزُوا دِي نَانِكْنِي» Ol kalvuzladı neñni: Ол
қалбұзлады неңні - Ол нәрсені бөлшектеді; Ол
нәрсені бөліп-бөліп жұтты».

قَلْبُزُوا دِي - قَلْبُزُوا مَاقُ Kalbuzlar-kalbuzla-
mak: Қалбұзлар – қалбұзламақ – Бөлшектер-бөл-
шектемек).

* Жазба нұсқасында осылай келтірілген. Мысалға алынған сөздерге орай
«فَعَلَعَلَادِي» деп транскрипцияланды.

قَرْتِشْلَادِي ҚЫРТЫШЛАДЫ ҚЫРТЫШЛАДЫ: қыртыстады;
Қырды, сылды.

«ال سَغْرِيْنِي قَرْتِشْلَادِي» ОI сағғыны қыгтышла-
ды: Ол сағрыны қыртышлады - Ол теріні
қырды»; Басқалары да осындай.

(قَرْتِشْلَامَاق - قَرْتِشْلَار Қыртышлар-қыгтышламақ:
Қыртышлар-қыртышламақ - Қырар-қырмақ).

بَغْمَقْلَادِي БОҒМАҚЛАДЫ БОҒМАҚЛАДЫ: түймеледі; бауын
байлады.

«كۆنلَكْ بَغْمَقْلَادِي» Көңлек боғмақлады: Көңлек
боғмақлады - Көйлекті түймеледі». Басқалары

да сондай. (بَغْمَقْلَانُور - بَغْمَقْلَانْمَاق) Боғмақлар-боғ-
мақламақ: Боғмақлар-боғмақламақ - Түйме-
лер-түймелемек).

تَمَغَقْلَادِي ТАМҒАҚЛАДЫ ТАМҒАҚЛАДЫ: тамақтады; тамағы-
на соқты.

«ال اَنِي تَمَغَقْلَادِي» ОI аны тамғақлады: Ол аны
тамғақлады - Ол оны тамағына соқты».

(تَمَغَقْلَار - تَمَغَقْلَامَاق) Тамғақлар-тамғақламақ:
Тамғақлар-тамғақламақ - Тамақтар-тамақта-
мақ).

قَرْلُقْلَادِي ҚАРЛУҚЛАДЫ ҚАРЛУҚЛАДЫ: қарлұқтады; қарлұқ
деп санады.

«ال اَنِي قَرْلُقْلَادِي» ОI аны қарлұқлады: Ол аны
қарлұқлады - Ол оны қарлұқ деп санады; Ол оны
қарлұқ деді».

Олар түркмендердің бір жұрты.

قَرْلُقْلَار - قَرْلُقْلَامَاقْ Қарлуқлар-қарлуқламақ:
Қарлұқлар-қарлұқламақ — Қарлұқ санар - қар-
лұқ санамақ).

قَفْجَاقْلَادِي ҚЫҒШАҚЛАДЫ ҚЫҒШАҚЛАДЫ: қыпшак деп са-
нады; қыпшак деді.

«الْأَنِي قَفْجَاقْلَادِي» Ol аны қығшақлады: Ол аны
қығшақлады - Ол оны қыпшак деп санады; Ол
оны қыпшак деді». (قَفْجَاقْلَار - قَفْجَاقْلَامَاقْ) Қығ-
шақлар-қығшақламақ: Қығшақлар-қығшақла-
мақ — Қыпшак санар-қыпшак санамақ).

قَوْلْتُقْلَادِي ҚОЛТУҚЛАДЫ ҚОЛТУҚЛАДЫ: қолтықтады.

«الْأَتْنِكْ قَوْلْتُقْلَادِي» Ol отуң koltukladı: Ол отуң
қолтұқлады - Ол отын қолтықтады». Қолтығы-
на ұрса да осылай дейді. (قَوْلْتُقْلَار - قَوْلْتُقْلَامَاقْ)
Қолтұқлар-koltukламақ: Қолтұқлар-қолтұқламақ
— Қолтықтар-қолтықтамақ).

БҮЛ БӨЛІМНІҢ БАСҚА БІР ТҮРІ

كُرْبَالَادِي КӨРПЕЛЕДІ КӨРПЕЛЕДІ: көрпеледі.

«آتْ كُرْبَالَادِي» At көрпеледі: Ат көрпеледі - Ат
көрпе шөп жеді; Ат жас шөп жеді».

كُرْبَالَار - كُرْبَالَامَاكْ Көрпелер-көрпелемек:
Көрпелер-көрпелемек — Жас шөп жер-жас шөп
жемек).

تُرْتَالَدِي TYRTELEDI* ТҮРТЕЛЕДІ: (зерледі, үкіледі мәнінде.

— А.Е.).

«تُرْتَالَدِي Ol bөрk түртеledi: Ол бөрк түртеледі - Ол бөрікке алтын ділдө, өшекейлер (қадайтын алпыншак-салпыншак зергерлік өшекейлер) қадады». Басқаларға да осындай.

تُرتالار - تُرتالاماق Türteler-türtelemek: Түртелер-түртелемек — Әшекей қадар-өшекей қадамақ).

قَفْتُوَلَدِي ҚЫFTULADЫ ҚЫФТУЛАДЫ: қайшылады.

«قَفْتُوَلَدِي Ol қыftulady бөзүг: Ол қыфтулады бөзүг - Ол бөзді қайшылады». Басқа нәрселерді қайшымен қырыкса да осылай дейді. قَفْتُوَلار - قَفْتُوَلاماق Қыftular-қыftуламақ: Қыфтулар-қыфтуламақ — Қайшылар-қайшыламақ).

كِرْتُولَدِي KIRTYLEDI КІРТҮЛЕДІ: қуәлендірді; растады.

«كِرْتُولَدِي Ol аны kirtyledi: Ол аны кіртүледі - Ол оны растады; Ол оның сөзін растады». كِرْتُولار - كِرْتُولامак Kirtylel-kirtylemek: Кіртүлер-кіртүлемек — Растар-растамак).

تَنْجُولَدِي TANÇULADЫ ТАНЧУЛАДЫ: шайнады.

«تَنْجُولَدِي Er etmek tançulady: Ер етмек танчулады -Ер нан шайнады». Басқалар да

* Бұл жерде «ت — т» әрпімен басталып тұр. Тұра осы мағынадағы сөз жазба нұсқасында «بُرْتا» burta: бұрта» (210-б.) «ب — б» әрпімен жазылған.

